



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2016



МАЗМҰНЫ

КОМПАНИЯ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ	2
КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ	4
Есепті құрастыруда ұстанатын қағидалар	6
Есеп шекаралары	7
ҚЫЗМЕТ АЯСЫНА ШОЛУ	9
Компания жайлы	12
Компания ұйымдарының географиясы	14
«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ активтерінің құрылымы	15
Сандармен берілген компанияның еншілес ұйымдарының қызметі	19
Есеп беру кезеңінің басты оқиғалары	26
Қаржылық көрсеткіштер	28
Жекешелендіру бағдарламасы	32
Компанияның инвестициялық қызметі	33
Халықаралық ынтымақтастықты дамыту	35
Компанияның болашақ кезеңдерге жоспарлары мен міндеттері	37
КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУ	38
Корпоративтік басқарудың негізгі принциптері мен құрылымы	40
Директорлар кеңесі (құрамы, қысқаша өмірбаяны)	43
Директорлар кеңесінің қызметі	46
Стратегиялық сұрақтар	50
Корпоративтік басқару сұрақтары	50
Кадр саясатының сұрақтары	51
Келісімдер бойынша мәселелерді қарастыру	51
Директорлар кеңес мүшелерінің сыйақысы	54
Ішкі аудит қызметі	55
Корпоративтік хатшы	55
Компания басқармасы	57
Басқарма (құрамы, қысқаша өмірбаяны)	60
Басқарма қызметі. Басқарма сыйақысы.	60
Басқарма хатшысы.	61
Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі	61
Сапа менеджменті жүйесі	65
ТҰРАҚТЫ ДАМУ	66
Мүдделі тараптармен өзара қатынас	67
Әлеуметтік жауапкершілік	69
Қызметкерлерді дамыту және оқыту	75
Әлеуметтік тұрақтылық	76
Демеушілік және қайырымдылық	77
Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік	78
Қоршаған ортаны қорғау	79
Сатып алудың жергілікті қамтуы	80
2016 жылғы Компанияның Корпоративтік Басқару Кодексі принциптерін ұстану / ұстанбауы туралы ақпарат	81
Аудиторлық қорытынды	105
2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған, шоғырландырылған қаржының аудиттелген жылдық есебі.	109



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



Құрметті жылдық есеп оқырмандары, әріптестер, ұжымдастар!

Мен үшін Сіздердің алдарыңызда Қазақстандағы ең ірі машина жасау холдингі - «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ директорлар кеңесі Төрағасы ретінде сөз сөйлеу үлкен мәртебе.

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ дамуы Қазақстанның және Елбасымыз «Қазақстан-2050» Стратегия» халыққа жолдауында жариялаған басымдылықтардың дамуымен тығыз байланысты.

Өткен жылы «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ жұмысының негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштері 2015 жылдың деңгейіне өсті.

2016 жылдың қорытындылары бойынша «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ 71 млрд. теңгеден астам сатылым көлеміне қол жеткізді, бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен 12% артық және жоспарға шаққандағы еңбек өнімділігінің өсімі 13 %-ға қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысы табысты орындалды.

Қаржылық тұрақтылықты арттыру мен сыртқы қарыздық міндеттемелерді төмендету бойынша қаржылық-шаруашылық қызметінің аясында «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ еурооблигацияларды уақытылы өтеді.

Ағымдағы жылы «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ таратушылық, табыстылық және капиталды басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибелерін енгізу арқылы қаржылық тұрақтылықты нығайту бойынша жұмысты жалғастырады.

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ - Moody's және Fitch Халықаралық рейтинг агенттіктерінің жоғары рейтингтерін алған Қазақстандағы жалғыз машина жасау компаниясы екенін атап өту керек. Осылайша, 2016 жылдың қазан айында Fitch Халықаралық рейтинг агенттігі арқылы жоғары рейтинг ВВ+ «Тұрақты» деңгейінде расталды.

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ алдында қойылған міндеттерді жүзеге асыру аясында отандық машина жасау секторын дамыту бойынша «Электрондық-оптикалық аспаптар өндірісі жөніндегі орталық құру», «Су сыйымдылығы 600 тоннаға дейін болатын және басқа да ірі өлшемді өнім болатын жаңа класты кемелерді игеруге арналған Оралы «Зенит» зауыты» АҚ теңіз кеме құрылысын дамыту және

«Ағынды суларды тазарту жүйесі және құрылымын механикалық бақылауы бар нақтылық класы 5 баспа платаларын өндіру» бірқатар инвестициялық жобалар аяқталды.

Есеп беру жылының маңызды оқиғасы қызметі авиациялық техникаға қызмет көрсету бойынша жоғары технологиялық өндірістік база жасауға бағытталған Астанадағы Авиациялық-техникалық орталығын қолданысқа енгізу болды.

Осымен бірге, 2016 жылы «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ кәсіпорны қару –жарақтар мен әскери техниканы дамыту бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізді.

Әскери-теңіз қаруландыру, әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдары, ракеталық-артеллериялық қаруландыруға арналған оптикалық аспаптар саласында өнімнің қажетті жаңа түрлері игерілді. Жауынгерлік дөңгелекті машиналар өндірісі жолға қойылған, және Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарулы күштерінің қажетіне арналған «Арлан» машинасын жеткізу жүзеге асырылды.

Азаматтық бағыттағы өнімдерді өндіру аясында ресей концерндерінің ірі кәсіпорындарына арналған энергетикалық машина жасау өнімін жеткізу жолға қойылған.

Соңғы үш жыл ішінде «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ әлеуметтік тұрақтылық рейтингі бойынша «Самрұқ-Қазына» АҚ компаниялар тобында жоғары көрсеткіштерімен көзге түсуде. 2016 жылдың диагностикасының қорытындылары бойынша «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 75% құрады, мұны «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ әлеуметтік тұрақтылық рейтингі тобының еңбек ұжымдарының әлеуметтік көңіл-күйлерінің тұрақтылығын сақтау мен адами ресурстарын дамыту саласында өткізілетін саясаттың тиімділігі растап отыр.

2017 жылы «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ активтердің ұзақ мерзімді құнын арттыру және стратегиялық мақсаттарға жету, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты сапалы орындау, әскери техниканың экспорттық әлеуетін өсіру, жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыру және корпоративті басқарудың жоғары стандарттарына беру бойынша жұмыстарын жалғастырады.

Құрметпен, А. Мамин
«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ
директорлар кеңесінің Төрағасы



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



Мен сіздердің алдарыңызда 2016 жылғы «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ («Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ) жылдық есебін ұсынуға қуаныштымын.

Бүгінгі таңда «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ азаматтық және арнайы өнім шығаруға, сонымен қатар екі бағыттағы өнім шығаруға маманданған машина жасау кәсіпорындарын біріктіретін холдингтік құрылым болып табылады.

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары қаруландыру мен әскери техниканың жекелеген номенклатураларын ағымдағы және күрделі жөндеуге маманданады. Осымен бір мезгілде экспортқа шығарылатын, соның ішінде алыс шетелдерге шығарылатын өндірістің толық циклімен теңіз қаруландыруының өндірісімен айналысатын кәсіпорындар да бар.

Есеп беру жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылдың 30 желтоқсанындағы №1141 «2016-2020 жылдарға жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қаулысын орындау мақсатында, сонымен қатар «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің 2016 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген 2016 жылға арналған қайта құрылымдау Жоспарына сәйкес бәсекелік ортаға профильді емес және тиімділігі төмен активтерді беру бойынша жұмыс басталды.

Осылайша, 2016 жылдың ішінде жалпы сомасы 250,6 млн. теңге болатын активтер сатылды.

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ экспорттық әлеуетті дамытуға көп көңіл бөлді. Осылайша, «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының өнімдерін сыртқа нарықтарда алға жылжыту мақсатында, есеп беру жылында «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ өзінің маркетингтік қызметін белсенді жүргізе бастады. Осылайша, «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары «KADEX-2016» Халықаралық қаруландыру және әскери-техникалық мүлік көрмесіне және ІІ-ші Халықаралық «АРМИЯ-2016» әскери –техникалық форумына (Ресей Федерациясы) қатысты.

2016 жыл «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ үшін мерейтойлы күндерге толы болды. Атап өтсек, мерейтойларын - «811 КИ авто жөндеу зауыты» АҚ 40 жылдық мерейтойын, «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» - 55 жылдық мерейтойын, «Орал «Зенит» зауыты – 75 жылдық мерейтойын, «Семей инжиниринг» АҚ - 40 жылдық мерейтойын атап өтті.

Тәуелсіздіктің 25- жылдығын тойлау алдында «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ негізгі мақсаты робототехника мен БПЛА кеңінен таныстыру, балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-зерттеу қызметіне қолдай көрсету болған «Drone Racing Kazakhstan» бірінші республикалық чемпионатын ұйымдастырды.

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары өзінің өндірісін дамытумен қатар жұмыс орындарын аша және жергілікті бюджеттерге салық аудара отырып, елдің аймақтарын дамытуға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге өз үлесін қосады.

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ қызметінде түйінді рөлді, тиімді жұмыс істейтін мүдделес ұжым ретінде топ жұмыскерлері алатыны сөзсіз.

Мен «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ Жалғыз акционеріне, Сенімді басқарушыға, әріптестерге, инвесторларға және «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ ұжымының мыңдаған жұмыскерлеріне адалдықтары мен қолдаулары, жоғары кәсібиліктері мен өзекті шешімдерді дер кезінде таба білгендері үшін алғыс білдіремін.

Құрметпен, Е.Ыдырысов
«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасы



ЕСЕП ТУРАЛЫ

ЕСЕПТІ ҚҰРАСТЫРУДА ҰСТАНАТЫН ҚАҒИДАЛАР

ЕСЕП ШЕКАРАЛАРЫ

ЕСЕПТІ ҚҰРАСТЫРУДА ҰСТАНАТЫН ҚАҒИДАЛАР

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ тұрақты даму саласындағы қызметі туралы ақпаратты 2016 жылға арналған жылдық есепті ескере отырып әзірледі.

Есептің негізгі міндеті мүдделі тараптарға Компания жұмысы нәтижелері туралы ақпарат беру, сонымен қатар оның қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Есепте Компанияның 2016 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі мерзім ішіндегі қызметінің қорытындылары Компанияның және оның еншілес ұйымдарының шоғырландырма деректерін есепке алумен бейнеленген.

Есепті дайындау кезінде Компания келесі қағидаларды ұстанды:

Бағынышты есептілік - Компания ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақты даму мен ұзақ мерзімді құнының өсімі үшін Жалғыз акционер мен Сенімді басқарушы алдындағы өзінің бағынышты есептілігін мойындайды.

Ашықтық - Компания кездесулерге, талқылауларға және диалогқа ашық, сонымен қатар өзара мүдделерді есепке алуға негізделген мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді ынтымақтастық құруға және есеп мүдделі тараптардың барлығына дерлік түсінікті әрі қол жетімді болуына ұмтылады.

Теңгерімге келгендік – есеп Компания қызметінің нәтижелілігінің оң және теріс жақтарын бейнелейді.

Нақтылық пен сенімділік – есепте берілген ақпарат құжат түрінде расталған деректер негізінде жинақталды, қаржылық –экономикалық қызметке қатысты есептің бөлімдерін дайындау кезінде ХҚЕС сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептілік пайдаланылды.

Адам құқықтарын сақтау – Компания жұмыскерлері компанияның басты құндылығы мен негізгі ресурсы болып табылады.

Уақытылылық – Есепті әзірлеу жоспарлы сипатқа ие. Осы есеп сыртқы тәуелсіз растаудан өтпейді, дегенмен Компания сыртқы тәуелсіз растауды өткізу болашақта Компания тобының қызметінің берген нәтижелерінің толықтығын, теңгерімділігін, дұрыстығын арттыруға, сонымен қатар мүдделі тараптардың талаптарына жауап беруге мүмкіндік беретінен ұғынады.

Осыған байланысты, Компания болашақта сыртқы растауды өткізу практикасын енгізуді жоспарлап отыр.

Беріліп отырған есеп мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде әзірленді және Компанияның корпоративті web-сайтында орналастырылатын болады.

Мүдделі тараптар есептің қағаз көшірмелерін де ала алады.

Есепті жариялай отырып, Компания конструктивті қоғамдық диалогты кеңейту мен жалғастыруды күтеді және біз барлық мүдделі тараптардың ұсыныстарын қабылдауға дайынбыз.

ЕСЕП ШЕКАРАЛАРЫ

Есеп құрылымы келесі салалар бойынша Компания қызметінің сипаттамасынан тұрады: корпоративті басқару, қаржы, тәуекелдерді басқару, тұрақты даму саласындағы басқару, мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік, инвестициялық даму, еңбекті қорғау және персоналды басқару.

Ақпараттың ашықтық деңгейі Есепке кіргізілген GRI көрсеткіштерінің кестесінде берілген. Осы орайда қаржылық көрсеткіштер еншілес ұйымдар (бұдан әрі – еншілес ұйымдар) бойынша Компанияға тиесілі акциялардың (қатысу үлесі) елу және одан көп пайыздары көлемінде ашылған.



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY



ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ ЖАСАУ

Машина жасау саласына шолу жасау

Компания туралы

Компания тобының географиясы

Компания еншілес ұйымдары қызметінің сандық көрсеткіші

Түйінді оқиғалар

Қаржылық көрсеткіштер

Жекешелендіру бағдарламасы

Компанияның инвестициялық қызметі

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту

Болашақ кезеңдерге Компания жоспарлары мен мақсаттары


САЛАҒА ШОЛУ ЖАСАУ

Машина жасаудағы өндіріс көлемдерінің қарқыны

Қазақстан Республикасындағы машина жасау өнімін өндіру көлемі 2016 жылы 720,6 млрд. теңгені құрады.




Машина жасау өнімінің басты түрлерінің өндіру көлемі (дана)



Машина жасау өнімінің экспорты мен импорты


2016 жылы машина жасау өнімінің экспорты 721,5 млн. АҚШ дол. жетіп, 2015 жылдың экспорты көлемінен 23,3% артты. Өсімнің басты себебі жекелеген тауарлық бірліктердің өсімімен байланысты.

2012-2016 жж. Машина жасау өнімі экспортының қарқыны (млн. АҚШ долл.)



2016 жылы машина жасау өнімінің импорты 9,4 млрд. АҚШ долл. құрап, 20,4%, төмендеді. Қысқарудың негізгі себебі түйінді сауда әріптестерімен тауар айналымының бәсеңдеуімен, ішкі нарықтағы төлем қабілетінің төмендеуімен байланысты.

2012-2016 жж. Машина жасау өнімі импортының қарқыны (млн. АҚШ долл.)





KAZAKHSTAN ENGINEERING

NATIONAL COMPANY

КОМПАНИЯ ЖАЙЛЫ

«Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ (Kazakhstan Engineering) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылдың 13 наурызындағы №244 «Қазақстан Республикасының қорғаныстық- өнеркәсіптік кешенінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес Компания құрамына Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің қорғаныстық өнеркәсібі мен әскери зауыттарының кәсіпорындарын қосу арқылы Қазақстан Республикасы қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында құрылды.

2006 жылдың қазан айында Компания акцияларының мемлекеттік пакеті (100%) «Самрұқ» Холдингі» АҚ жарғылық капиталының төлеміне берілді.

2009 жылдың қыркүйегінде Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы индустрия және сауда Министрлігінің сенімді басқаруына берілді.

2010 жылдың маусымында Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің сенімді басқаруына Қазақстан Республикасы қорғаныстық өнеркәсібін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында берілді.

2016 жылдың желтоқсан айында Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы аэроғарыштық және қорғаныстық өнеркәсібі Министрлігінің сенімді басқаруына берілді.

Компания арнайы және азаматтық өнім, сонымен қатар екі бағыттағы өнім шығаруға маманданған ірі машина жасау кәсіпорындарында бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз етуге бағытталған холдингтік құрылым болып табылады.

2016 жылы Халықаралық Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Компанияның несиелік рейтингін BB+ («тұрақты» болжамы) деңгейінде растады.

Компанияның жарияланған және орналастырылған акцияларының жалпы саны, соның ішінде:

Қарапайым акциялар 21 476 802 дана;
Басымдылықты акциялар- жоқ.
1 акцияның номиналды құны– 1 000 теңге.

Компанияның 2013-2022 жылдарға арналған даму Стратегиясы Компанияның директорлар кеңесінің 2013 жылдың 4 қарашасындағы № 11 хаттама шешімімен бекітілді (бұдан әрі– Компанияның даму Стратегиясы).

Компанияның даму Стратегиясын жүзеге асыру мониторингі аясында директорлар кеңесі 2014 және 2015 жылдары оны орындау бойынша есептерді тыңдады. Осылай, Компания директорлар Кеңесінің 2015 жылдың 30 маусымындағы шешімімен (№6 хаттама) және 2016 жылдың 14 шілдесіндегі (№7 хаттама) шешімімен Компанияның сәйкесінше 2014 және 2015 жылдардағы даму Стратегиясын жүзеге асыру бойынша есептер қарастырылды.

Компанияның 2016 жылдың 24 мамырындағы директорлар кеңесінің шешімімен (№1 хаттама) Компанияның 2016-2020 жылғы даму Стратегиясын жаңарту мен оны Компания директорлар кеңесінің бекітуі бойынша іс –шараны қарастырған Компанияның жалғыз акционерінің күткендерін жүзеге асыру бойынша іс-шараларының Жоспары бекітілді.

Осыған байланысты, Компания алдында 2013-2022 жылдардағы даму Стратегиясын өзектендіру бойынша міндет қойылғанын ескере отырып, сонымен қатар сандық мәндер мен жекелеген іс –шаралардың өзекті еместігін есепке ала отырып, Компанияның даму Стратегиясының орындалу мониторингі 2016 жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылмады.

Осымен бірге, Компания 2016 жылдың ішінде компанияның даму Стратегиясын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізді. Осылайша, Компанияның 2016 жылғы 3 қарашадағы директорлар кеңесінің шешімімен (№9 хаттама), Компанияның даму Стратегиясы ескерілді, ал 2016 жылдың 14 желтоқсанындағы шешімімен (№10 хаттама) алдын ала мақұлданды.

МИССИЯСЫ МЕН КӨРІНІСІ

Компания миссиясы Компанияның тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын арттыру мен активтерді тиімді басқару жолымен машина жасауды дамытуда мемлекеттің стратегиялық мүдделерін жүзеге асыруда болып отыр.

КОМПАНИЯ 2022 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ МЫНАДАЙ ТҮРДЕ БОЛАДЫ:


Экономиканың барлық салалары үшін бәсекеге қабілетті машина жасау өнімін шығаратын, қорғаныстық – өнеркәсіптік кешенді қоса алғанда, бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарды біріктіретін тиімді машина жасау холдингі, Қазақстан инжинирингтік нарығының көшбасшысы, сонымен қатар жоғары технологиялар саласындағы құзіреттіліктер орталығы және өз мамандануы секторларында жалпылық таныған сарапшы.

Компания көрінісіне бәсекеге қабілетті, ғылымды қажетсінетін өнім өндіруге арналған заманауи технологияларды модернизациялау мен енгізу арқылы, сонымен қатар алдыңғы қатарды шетелдік әріптестермен бірлесіп инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге болады.




КОМПАНИЯ ТОБЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ активтері портфелінің құрылымы Қазақстан Республикасының бүкіл территориясында географиялық орны бар және профильді қызмет түрлерін жүзеге асыратын еншілес, тәуелді және бірлесе бақыланатын ұйымдармен функционалдық қағида бойынша ұйымдастырылған тікелей-кіріктірілген компания құрылымы болып табылады.



«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерінің құрылымы 31.12.2016 жылғы ахуал бойынша





№

Ұйым атауы

Қызмет түрлері

Еншілес ұйымдар
(акциялардың / қатысу үлестерінің 50% астамына иелік ету)

1	«811 КИ Автожөндеу зауыты» АҚ	Жүк көтергіш автокөлік және шынжырлы техниканы, қозғалтқыштар мен агрегаттарды жөндеу, автокөлік техникасын жаңарту мен қайта жабдықтау
2	«Семей инжиниринг» АҚ	Қаруландыру мен әскери техниканы жөндеу, әр түрлі жожификациядағы қозғалтқыштарды күрделі жөндеу
3	«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	Ұңғымалардың күрделі жөндеуі мен бұрғылауға арналған құрылғылар, мұнай өңдеу зауыттары және мұнай химия өндірістеріне арналған құрылғылар, темір жолдарға қызмет көрсету мен жөндеуге арналған жол құралдары мен аспаптар шығару
4	«С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ	Темір жол саласына арналған басқару пульттері, навигациялық жүйелерді шығару және қызмет көрсету; мұнай газ кешеніне арналған автоматтандырылған құрылғылары мен басқару блоктары және т.б.
5	«Семей машина жасау зауыты» АҚ	Изготовление гусеничного транспортера-тягача на базалық шасси ГТ-Т шынжырлы көлік- тасығышты әзірлеу, оның модификациялары мен оған қосалқы бөлшектерді, темір жол саласына арналған өнім өндірісі
6	«Тыныс» АҚ	Авиациялық бұйымдар, өрт сөндіру құралдары, медициналық құрылғыларды дайындау, күшті құрылымдарға арналған қорғау құралдары, полиэтилен құбырларын өндіру
7	«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ	Су тазарту қондырғыларының өндірісі, темір жол саласына арналған өнімдер; сандық АТС және құрамдас бөліктер, телефон аппараттары; халық тұтынатын тауарлар және т.б.
8	«С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	Теңіз су асты қаруы мен теңіз кемелеріне арналған жану автоматикасы мен гидравлика бұйымдарын өндіру және қызмет көрсету; өндірістік өнеркәсіпке арналған пневмоперфораторлар; темір жол саласының қосалқы бөлшектері
9	Орал «Зенит» зауыты» АҚ	Катерлер мен кемелерді әзірлеу мен жөндеу; болат конструкцияларын, мұнай газ кешеніне арналған қосалқы бөлшектер мен т.б. жобалау мен әзірлеу

10	«Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ	Конструкторлық және зерттеу жұмыстары, сонымен бірге теңіз және өзен катерлерінің өндірісі, ерігіш құралдар мен су асты аппараттарын, жер үсті және ауа роботтарын, су асты зерттеулеріне арналған құрылғылар және су асты объектілері мен құбыр жолдарын жөндеу
11	«Мұнаймаш» АҚ	Мұнай газ секторына арналған штангалық тереңдік сорғылар; халық тұтынатын тауарлар.
12	«832 КИ Автожөндеу зауыты» АҚ	Автокөлік техникасын жөндеу
13	«R&D «Қазақстан инжиниринг» орталығы» АҚ	Қорғаныстық- өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарына арналған арнайы өнімдердің жаңа түрлерін әзірлеу
14	«Қазақстан авиациялық индустриясы» ЖШС	Авиациялық техника өндіру мен қызмет көрсету
15	«ҚазИнж Электроникс» ЖШС	Қаруландыруды, екі мақсатта қолданылатын өнімді жаңарту мен күрделі жөндеу, қазіргі заманғы байланыс құралдарын және радиоэлектроника бұйымдарын өндіру, компьютерлік құрылғыны жинақтап өндіру

Бірлесе қадағаланатын ұйымдар (қатысу үлесінің 50% иелік ету)

1	«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Тікұшақтарлы тарату мен сату, тікұшақтарға қызмет көрсету мен әзірлеу, жинау, тасымалдаудан кейін қайталап жинау
2	«Талес Қазақстан Инжиниринг» ЖШС	Электронды құрылғы, бағдарламалық қамтамасыз ету мен жүйелерді әзірлеу мен қызмет көрсету; қорғаныстық нарыққа арналған радио коммуникациялық құрылғыны әзірлеу мен қызмет көрсету
3	«Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС	Электронды –оптикалық аспаптар өндірісі



Тәуелді ұйымдар (акциялар/қатысу үлесінің 50% азына иелік ету)

1	«ЗИКСТО» АҚ	Жүк таситын және темір жол вагондарын жөндеу, элементтерін айырбастаумен дөңгелек жұптарын жөндеу
2	«КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ	Автобустар, автокөліктер, арнайы техника мен оларға қосалқы бөлшектерді өндіру мен қызмет көрсету
3	«Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС	Компания тобы кәсіпорындарының шығаратын өнімін сату, инвестициялар тарту, мемлекеттік бағдарламалар мен құрылғы жеткізуге тендерге қатысу
4	«Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Радиолокациялық станциялар, радиоэлектронды күрес пен радиоэлектронды барлау жүйелерін өндіру мен қызмет көрсету
5	«Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС	Инжинирингтік қызметтер көрсету («Singapore Technologies Engineering» бірлескен кәсіпорын)
6	«Спецмаш Астана» ЖШС	Темір жол, мұнай газ және энергетикалық салаларға арналған қосалқы бөлшектерді өндіру мен жөндеу

САНДАРМЕН БЕРІЛГЕН КОМПАНИЯНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

2016
1 2 3 4,5





«Семей инжиниринг» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	6 017 757	6 093 337	6 031 823	489 424	11 506
2013	6 422 978	7 096 793	6 535 300	1 307 857	15 666
2014	10 327 545	8 822 389	8 559 325	2 873 388	13 586
2015	2 272 431	787 695	513 234	-976 184	905
2016	549 988	344 136	208 400	(1 678 330)	395

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	5 108 200	5 739 349	5 670 365	229 425	4 493
2013	5 570 012	5 674 385	5 597 850	197 500	4 843
2014	4 400 002	4 093 530	4 015 158	136 408	3 721
2015	4 081 934	4 050 511	3 863 415	10 846	3 791
2016	3 033 330	3 184 477	3 017 567	(315 495)	3 357

«КазИнжЭлектроникс» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	2 447 489	2 415 556	2 326 242	5 172	24 974
2013	1 789 390	1 842 440	1 789 391	5 451	12 601
2014	643 116	689 187	643 117	9 830	8 462
2015	780 170	803 183	760 014	61 973	15 834
2016	274 246	404 542	274 246	- 60 419	6 378

«С.М. Киров атындағы зауыты» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	6 504 981	6 164 528	6 114 875	329 317	10 164
2013	8 520 237	8 295 669	8 249 825	473 577	12 456
2014	6 709 207	6 987 225	6 944 772	405 708	11 711
2015	6 734 048	6 698 534	5 980 459	715 600	10 223
2016	6 338 478	7 015 144	6 903 112	196 676	13 751

«Семей машина жасау зауыты» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	1 466 020	1 824 296	1 807 056	182 961	10 445
2013	1 898 148	856 322	843 963	6 870	8 628
2014	1 910 772	1 247 838	1 206 519	69 644	4 826
2015	1 306 002	1 055 186	1 000 274	- 61 216	5 782
2016	1 314 422	1 269 866	1 246 365	1 799	8 041

«Тыныс» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	4 652 426	4 798 457	4 660 940	658 668	7 202
2013	5 583 012	5 839 329	5 771 931	528 255	8 198
2014	6 673 160	6 785 308	6 671 712	688 691	8 278
2015	4 937 954	5 114 522	5 039 140	479 272	6 470
2016	3 694 735	3 742 574	3 694 735	226 223	5 181



«С.М.Киров атындағы машина жасау заводы» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	740 750	762 913	564 964	(311 192)	2 218
2013	527 526	881 798	806 097	(333 204)	1 570
2014	505 331	651 474	482 234	(433 981)	1 899
2015	528 079	646 989	476 151	(213 545)	1 928
2016	2 115 243	2 290 098	1 813 325	118 323	6 210

«Орал заводы «Зенит» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	4 682 732	6 758 734	6 741 681	549 164	5 135
2013	5 223 529	5 243 294	5 224 778	332 406	5 528
2014	5 292 991	5 336 215	5 281 358	317 725	5 823
2015	3 237 530	3 358 689	3 247 745	140 891	3 653
2016	4 938 024	5 060 563	4 948 000	220 253	5 510

«Гидроприбор» ҒЗИ АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	377 756	380 451	377 756	4 503	2 974
2013	472 646	476 398	472 646	18 385	3 376
2014	638 546	636 307	612 547	33 055	4 641
2015	1 240 121	1 287 929	1 240 121	75 228	8 159
2016	2 061 401	2 142 214	2 061 401	110 179	12 125

«Мунаймаш» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	1 685 834	2 392 671	1 669 931	80 877	12 925
2013	2 357 027	3 213 835	3 174 628	183 740	15 109
2014	2 790 259	3 472 059	3 193 291	210 307	20 211
2015	2 250 912	2 406 320	2 351 261	148 184	15 469
2016	2 093 008	2 364 168	2 330 120	128 068	14 431

«811 КИ Автожөндеу зауыты» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	399 874	402 402	399 604	2 148	3 278
2013	394 544	399 169	394 387	11 209	2 989
2014	469 003	478 540	468 783	41 748	4 223
2015	512 863	605 404	512 469	73 155	4 271
2016	210 552	502 566	210 459	(74 055)	1 739

«Аспап жасау зауыты «Омега» АҚ

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	628 326	993 242	624 921	237 924	3 510
2013	615 118	656 371	617 760	1 795	2 674
2014	278 407	253 100	230 614	(88 526)	1 349
2015	170 996	228 761	189 065	(86 197)	1 119
2016	125 628	145 571	125 628	(87 973)	1 610



«Қазақстанның авиация индустриясы» ЖШС

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2013	-	517	-	(49 609)	-
2014	-	140 814	139 175	(2 312)	6 433
2015	-	2 064 370	2 050 334	85 005	85 993
2016	-	1 833 928	1 750 606	(94 139)	51 488
2016	178 817	216 639	178 817	(131 106)	4 361

«R&D орталығы «Казakhstan инжиниринг» ЖШС

Жыл (факт)	Өнімнің көлемі (мың. теңге.)	Табыс- БАРЛЫҚ (мың. теңге.)	Соның ішінде: сатудан түскен табыс (мың. теңге.)	Жалпы табыс (мың. теңге)	Еңбек өнімділігі, мың. Теңге / адам..
2012	153 036	153 335	149 501	(1 335)	4 372
2013	234 692	237 271	234 857	(36 340)	3 353
2014	148 404	150 520	148 404	(70 520)	3 905
2015	273 789	400 313	273 789	102 948	7 205
2016	178 817	216 639	178 817	(131 106)	4 361





ЕСЕП БЕРУ КЕЗЕҢІНІҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ АҚ-ы үшін 2016 жылғы түрлі саладағы қызметтің іс-шаралары жүзеге асырылды.

2016 жылғы ірі корпоративтік іс шаралар келесі күнтізбеде көрсетіледі:

ҚАҢТАР

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ және «AllDirectionGulf» (Кувейт мемлекеті) өзара түсіністік туралы Меморандум жасасты

СӘУІР

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ еншілес ұйымы - «Орал «Зенит» зауыты» АҚ су сыйымдылығы 240 тонна болатын зауыттық №5 0300 жобасының «Сарбаз» кемесін суға түсіруді жүзеге асырды

МАУСЫМ

«KADEX-2016» IV - Халықаралық қаруландыру мен әскери-техникалық мүлік көрмесіне қатысу

ТАМЫЗ

«Қазақстан Парамант инжиниринг» ЖШС Қазақстан Республикасы қарулы күштеріне арналған «Арлан» броньдалған машиналарының бірінші партиясын жеткізуді жүзеге асырды

АҚПАН

«ҚазИнж Электроникс» АҚ «ҚазИнж Электроникс» ЖШС түрлену арқылы ерікті қайта құрылуы

МАМЫР

Компанияның 2015 жылға арналған жылдық есебі бекітілді

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ директорлар Кеңесі жаңа құрамда сайланды

ШІЛДЕ

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ еншілес ұйымы - «811 КИ автожөндеу зауыты» АҚ 40-жылдық мерейтойын атап өтті

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ еншілес ұйымы - «Орал «Зенит» зауыты» АҚ Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің арнайы бағыттағы бөлімшелері үшін бірінші жаңартылған катерді суға түсіру жүзеге асырылды

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ еншілес ұйымы - «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ кәдеге жарататын қазандыққа арналған 15 панельді «Kazakhmys Smelting» ЖШС жеткізді

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ еншілес ұйымы - «Семей машина жасау зауыты» АҚ алғаш рет дизель қозғалтқыштарын жөндеу бойынша жобаны бастады

ҚЫРКҮЙЕК

«Армия-2016» II Халықаралық әскери-техникалық форумға қатысу (Ресей Федерациясы)

«МБМ-Кировец» ЖШС жарғылық капиталындағы үлестің 49% сатуды жүзеге асырды («С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ тәуелді ұйымы)

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ тәуелді ұйымы – «Авиажөндеу зауыты №405» АҚ «Ресей тікұшақтары» АҚ авторизацияланған авиа жөндеу кәсіпорнының куәлігін алды

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ тобының кәсіпорындарының Қазақстан машина жасаушыларының IV Форумына қатысуы

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы - «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ 55-жылдық мерейтойын атап өтті

Астана қаласында Авиациялық –техникалық орталық қолданысқа енгізілді

ҚАРАША

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2017-2021 жылдарға арналған даму Жоспары (Бизнес-жоспар) бекітілді

Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі Компанияның несиелік рейтингін ВВ+ деңгейінде растады («тұрақты» болжамы)

ЕСЕП БЕРУ КЕЗЕҢІНЕН KEЙІНГІ БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

ҚАНТАР

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ директорлар кеңесі жаңа құрамда сайланды

ҚАЗАН

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ акциялар пакетінің 3,99% «Авиажөндеу зауыты №406 ГА» АҚ сату жүзеге асырылды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ акциялар пакетінің 2,67% «Авиажөндеу зауыты №405» сату жүзеге асырылды.

«SMPGROUP» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 26% сату жүзеге асырылды («Семей машина жасау зауыты» АҚ тәуелді ұйымы)

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және «Росатом» Мемкорпорациясының машина жасау дивизионы - «Атомэнергомаш» АҚ ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және «Подольск машина жасау зауыты» АҚ энергетикалық машина жасау саласында әріптестік туралы келісімге қол қойды

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы - «Орал «Зенит» зауыты» АҚ 75-жылдық мерейтойын тойлады

ЖЕЛТОҚСАН

«DroneRacingKazakhstan» дрондарында жарыс бойынша бірінші республикалық чемпионат ұйымдастырылды және өткізілді

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы - «Семей инжиниринг» АҚ 40-жылдық мерейтойын атап өтті

2013 жылы тартылған 200 млн. АҚШ доллары сомасындағы еурооблигацияларды өтеу жүзеге асырылды

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ акциялар пакетінің 100% Қазақстан Республикасы қорғаныстық және әуе ғарыштық өнеркәсібі Министрлігінің сенімді басқаруына беру

АҚПАН

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жаңа ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді және іске қосылды

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы құрамына өзгертулер енгізілді

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ акциялар пакетін 100% сату жүзеге асырылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Қазақстан Республикасы машина жасауындағы Компания үлесі 2016 жылы 9,9% деңгейінде болды. Компания тобын сатудан түскен табыс 2016 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 137% өсті, еңбек өнімділігі 1 адамға 14 275 мың теңге деңгейінде болды.


Компания тобы бойынша қызметінің операциялық және қаржылық көрсеткіштері						
Көрсеткіштер	2012	2013	2014	2015	2016	2016 жылдың 2012 жылға шаққандағы өсім қарқыны
Сатудан түскен табыс (млрд. теңге)	52,2	44,8	38,5	63,5	71,3	137%
Активтер (млрд. теңге)	45,9	74,1	89,1	114,1	83,9	183%
Қаржы нәтижесі (млн. теңге) *	4 558	3 083	917	-8 266	-2 752	-
Дамуға кеткен шығындар (инвестициялар) (млн. теңге)	9 651	3 552	6 720	4 822	2 746	28%
Еңбек өнімділігі (мың теңге /адам)	10 763	12 868	11 794	11 557	14 478	133%
Орташа айлық жалақы (мың теңге)	135,5	114,2	124,2	103,9	134,1	99%

*қаржы нәтижесі = аз сандылар үлесін алып тастағанға дейінгі таза табыс

Компания өнімін сатудың шоғырландырма көлемі 2016 жылы жоспар 75,1 млрд. теңге болған кезде 71,3 млрд. теңгегі құрады немесе жоспарға шаққанда 95% болды (2015 жылға шаққанда 12% артқан),соның ішінде:

- Мамандандырылған өнім және екі мақсаттағы өнімді сату көлемі бойынша орындалу 61,8 млрд. теңгені құрады немесе ГОЗ орындау нәтижесінде жоспарға шаққанда 103% болды;
- Азаматтық өнімді сату көлемі бойынша орындалу 6,9 млрд. теңгені немесе жоспардың 57% құрады;
- Сервистік қызметтер көлемі бойынша орындалу 2,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2016 жылғы жоспарлық көрсеткіштен 15% төмен және 2015 жылғыға қарағанда 22% жоғары.


Табыстар құрылымы



- Мамандандырылған өнім және екі мақсатта пайдаланылатын өнім
- Сервистік қызметтер (инжиниринг)
- Мұнай газ өнімі
- Темір жол өнімі
- Өзгелері

Қызметтің рентабельділігі жоспар (5,0)% болған кезде (3,7)% құрады. 2015 жылы бұл көрсеткіш (11,8)% құрады. 2016 жылғы сату көлеміндегі экспорттық өнім үлесі сатудың жалпы көлемінен 5,5% құрады.

Активтер
(млрд. теңге)




2016 жылдың соңында шоғырландырма активтер 83,9 млрд. теңгені құрады. 2012 жылмен салыстырғанда активтер өсімі 183% құрады. 2016 жылдың нәтижелері бойынша теңгерімдегі өзгерістерге әсер еткен негізгі факторлары:

Активтердің 2015 жылға қарай 30 180 млн. теңгеге төмендеуі және міндеттемелердің 27 378 млн. теңгеге төмендеуі сыртқы облигацияларды өтеумен шартталған;

«Қазақстан авиациялық индустриясы» ЖШС базасында «Астана қаласының авиациялық-техникалық орталығы» жобасын жүзеге асыру аясында әкімшілік-өндірістің ғимаратын қолданысқа енгізу нәтижесінде негізгі қаражаттың 3 499 млн. теңгеге өсімі.


Қаржылық нәтиже (млн. теңге)



Таза шоғырландырма шығыны жоспар (4 032) млн. теңге болған кезде (2 752) млн. теңгені құрады. Шығынның жоспарлы көрсеткішке шаққандағы төмендеуіне әсер еткен негізгі факторлар мыналар:

- 2016 жылдың нәтижелері бойынша курстық табыс 1 068 млн. теңге көлемінде;
- Қаржыландырудан түскен табыс 2 909 млн. теңге көлемінде;
- Компания Корпоративті орталығы бойынша қорытынды табыс 402 млн. теңге;
- Операциялық қызметтен таза ақшалай қаражаттардың оң қарқыны: 2016 жыл 3 471 млн. теңге; 2015 жыл 790 млн. теңге; 2014 жыл (623) млн. теңге.

Еңбек өнімділігі (мың теңге/ 1 адамға)



өнімділігі жұмыскерге шаққанда 14 275 мың теңгені құрады. 2015 жылға қарай өсім 13%, 2012 жылға қарай 33%.



ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылдың 30 желтоқсанындағы №1141 «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» қаулысын орындау мақсатында Компанияның директорлар кеңесінің 2015 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен (№1 хаттама) 2016 жылға арналған Компания активтерін қайта құрылымдау Жоспары бекітілді. 2016 жыл ішінде Компания активтерін сату бойынша келесі жұмыс жүргізілді.

2016 жылы Компанияның 4 (төрт) активінің саудасы жүргізілді және сатылды : «МБМ Кировец» ЖШС (қатысу үлесінің 49%) 161 млн. тг.; «SMPGroup» ЖШС (қатысу үлесінің 26%) 115 мың тг.; «Авиажөндеу зауыты № 405» АҚ (акциялардың 2,67%) 61 млн. тг.; «Авиажөндеу зауыты № 406 ГА» (акциялардың 3,99%) 26 млн. тг.

1 (бір) актив таратылды: «КАМАЗ-Семей» ЖШС (қатысу үлесінің 49%).

Сонымен қоса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 11 сәуіріндегі №194 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылдың 30 желтоқсанындағы №1141 «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» қаулысына өзгертулер енгізу туралы» қаулысымен бәсекелік ортаға берілуге тиесілі ұйымдардың тізіміне қосымша Компанияның 4 активі қосылды: «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «Тыныс» АҚ, «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АВИАЦИЈАЛЫҚ ИНДУСТРИЈАСЫ» ЖШС.

2017 жылы Компания 7 (жеті) активтерін сату сатысында:

- электронды аукцион өткізу арқылы: «ЗИКСТО» АҚ (акциялардың 42,13%), «Омега» аспап жасау зауыты» АҚ (акциялардың 98,5%), «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС (қатысу үлесінің 49%);

- тәуелсіз консультант ұсынысы бойынша анықталатын тәсілмен: «С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «Тыныс» АҚ, «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АВИАЦИЈАЛЫҚ ИНДУСТРИЈАСЫ» ЖШС.

Компанияның 3 (үш) активін тарату сатысында: «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС (қатысу үлесінің 50%); «Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС (қатысу үлесінің 49%) және «Спецмаш Астана» ЖШС (қатысу үлесінің 35%).

Компанияның 1 (бір) активі қайта құру сатысында: «ҚазИнж Электроникс» ЖШС (оны қайта құру «Гранит» арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы» ЖШС қосу арқылы жүзеге асырылды).

КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Компанияның инвестициялық саясатына сәйкес, Компанияның инвестициялық қызметінің мақсаты Компания құнын ұзақ мерзімді келешекте максимизациялау болып табылады.

Инвестициялық саясаттың негізгі қағидалары мыналар:

- Инвестициялық шешімдерді қабылдау процесіне стратегиялық мақсаттарды кіріктіру;
- Инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде инвестициялық бағалау құралдарын пайдалану;
- Инвестициялық қызметті басқару кезіндегі жобалық басқару процедуралары мен құралдарын пайдалану;
- Компания инвестициялық қызметінің нәтижесі үшін жауапты басшылардың басқарушылық еркіндігінің деңгейі мен бюджеттік бақылау теңгерімі;
- Инвестициялық қызметтің нәтижелерінің мониторингі, бағалауы және талдау міндеттілігі.

2016 жылы Компания келесі инвестициялық жобаларды жүзеге асырды:

«Электронды-оптикалық аспаптар өндірісі бойынша орталық жасау»

Жоба Қазақстан Республикасы ішкі нарығындағы қызметтер мен тауарлардың қазақстандық қамтылуын арттыру стратегиясын жүзеге асыру аясында жергілікті технологиялық өндірісті жасау арқылы электронды –оптикалық аспаптарға Қазақстан Республикасы қорғаныстық өнеркәсібінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Жоба аясында:

- Ауданы 10 мың м² болатын ғимарат салынды;
- Электронды –оптикалық аспаптар өндірісі бойынша жоғары технологиялық құрылғылар сатылып алынды;
- 115 тұрақты жұмыс орындары жасалды;
- 2014-2016 жылдардағы кезең ішінде Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қажеттіліктеріне арналған 9 812 дана электронды –оптикалық аспаптар сатылды.

«Орал «Зенит» зауыты» АҚ теңіз кемесін жасауды құрғақ салмағы 600 тонна болатын жаңа класты кемелер және басқа ірі өлшемді өнім шығаруды игеру үшін дамыту»

Жоба Қазақстан Республикасы қорғаныстық өнеркәсібінің құрғақ салмағы 600 тонна болатын жаңа класты кемелер және басқа ірі өлшемді өнімге қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған.

Жоба аясында:

- Зауыттың өндірістің корпусының қайта құрылуы жүргізілді;
- Екі көпірлік кран және көп функционалды майыстырғыш-дұрыстағыш станок сатылып алынды;
- 30 тұрақты жұмыс орындары жасалды.



«Ағынды суларды тазарту және құрылғыны механикалық бақылау жүйесі бар нақтылықтың 5 класының баспа платаларының өндірісі»

Жоба ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының негізгі компоненттерінің бірі болып табылатын 5-ші ұрпақтың платасының өзіндік өндірісіне бағытталған. Жоба аясында:

- 5-ші ұрпақтың баспа платаларының өндірісі бойынша жоғары технологиялық құрылғылар сатылып алынды;

- 13 тұрақты жұмыс орындары ашылды.

Жоғарыда аталған инвестициялық жобалар ішкі қажеттілікті қамтамасыз ету, импорттың орнын алмастыру және экспортқа шығу аясында қорғаныстық, азаматтық мақсаттағы өнім өндірісі мен сатылуы бойынша Компания мақсаттарына жетуге бағытталған.

2017 жылы Компания инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жалғастырды:

«Астана қаласында Авиациялық –техникалық орталық құру»

Жоба Қазақстанның авиациялық техникасының сервистік қызмет көрсетуі, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін Қазақстандағы маманданған авиациялық кәсіпорынын ашуға бағытталған. Қазіргі таңда осы іс –шаралардың барлығы жақын шетелдегі кәсіпорындарда жүргізіліп жатыр (Ресей Федерациясы, Беларусь, Украина).

Одан бөлек, 2017 жылы Компания келесі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырып отыр:

- 1) Балқытылатын үлгілер бойынша құю өндірісін ұйымдастыру.
- 2) «Тыныс» АҚ композитті бронеплиталарының өндірісі.
- 3) «Орал «Зенит» зауыты» АҚ дайындауыш өндірісін жаңарту.
- 4) «Тыныс» АҚ пластик, силикон және рәзеңке техникалық бұйымдарының өндірісі.
- 5) Компанияның еншілес ұйымдарының өндірісін кешенді жаңарту.

Жекелеген инвестициялық жобалар стратегиялық болып табылады және Қарулы күштерді технологиялық жаңарту бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғаныстық- өнеркәсіптік кешенін дамытуға бағытталған.

Инвестициялық жобаларға инвестицияларды қазақстандық тараптан Компания республикалық бюджет қаражаты есебінен, жеке қаражаты , басқа да тартылған көздер есебінен жүзеге асырады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ

Есеп беру кезеңінде, халықаралық және әскери-техникалық үнтымақтастықты даму аясында, 35 шетелдік мемлекеттерінің қорғаныстық – өнеркәсіптік кешендерінің кәсіпорындары мен ұйымдары, қарулы күштердің делегацияларымен Компания басшылығы мен өкілдерінің 220 астам кездесулері өткізілді (өткен жылмен салыстырғанда: 120 және 17 сәйкесінше).

Жалпы, Компанияның халықаралық қызметінің барысында қол жеткен ВТС саласындағы келісімдерді жүзеге асыру нәтижелері бойынша Қазақстанның ОПК кәсіпорындарын инновациялық-технологиялық дамудың және олардың өнімдерін халықаралық нарыққа шығарудың айтарлықтай әлеуеті бар.

Осы орайда, экспортқа бағытталған өнімді халықаралық нарықтарға жылжыту секілді осындай күрделі тапсырманы шешудегі басты құралдардың бірі Қазақстан ОПК кәсіпорындарының қаруландыру және әскери техника көрмелеріне, сонымен қатар мамандандырылған форумдарға тұрақты және белсенді қатысуы болып табылатындығын атап өткен жөн.

Осылайша, 2016 жылы Компания Қазақстан машина жасау өнімінің белсенді экспозиционері ретінде 2 ірі іс-шараға тікелей қатысты:

- IV-ші Халықаралық «KADEX-2016» қаруландыру және әскери-техникалық мүлік көрмесі (Астана қаласы).

Осы көрме аясында Компанияның 20 еншілес ұйымдары ашық алаңқайда – 44 натуралық үлгілерді, ал жабық павильонда – 139 натуралық үлгілер мен 24 макетті көрермендер назарына ұсынды.

Алға қойылған міндеттерге сәйкес біздің шетелдік әріптестермен бірлесіп өндірген қаруландыру үлгілері мен әзірлемелері, сонымен қатар ішкі зауыттық кооперация аясында еншілес кәсіпорындардың өздерінің өндірісі табысты көрсетілді, атап айтсақ:

– «Қазақстан Aselsan Инжиниринг» ЖШС мамандандырылған құрылғысын пайдаланумен жасалған «Авиажөндеуі зауыты №405» АҚ өндірген Ми-17 жаңартылған тікұшағы;

– «КАЕ» ЖШС-мен және Т-72А «ElbitSystems» компаниясымен (Израиль) бірлесіп «Семей инжиниринг» АҚ өндірген жаңартылған танкілер;

– «Семей инжиниринг» АҚ әзірлеген 8x8 конверсиялық дөңгелекті машина, Т-72 танкі базасындағы броньдалған жөндеу эвакуациялық тартқышы (БЖЭТ), БМП-1 базасындағы броньдалған жөндеу эвакуациялық тасымалдағыш машинасы (БЖЭТМ);

– «Уралвагонзавод» ғылыми-өндірістік корпорациясы» (Ресей) АҚ, «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ, «Aselsan» (Түркия), «КАМАЗ» ААҚ (Ресей), «Paramount group» (OAP) компанияларымен бірлесіп «Қазақстан Парамаунт инжиниринг» ЖШС өндірген 8x8 «Арлан», «Барыс» броньдалған дөңгелекті машиналары;

– «Paramount group», «Aselsan» және «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ бірлесіп «Қазақстан Aselsan Инжиниринг» ЖШС өндірген «Игла» зенитті зымыранды кешенімен «Арлан» броньдалған дөңгелекті машинасы;

– «Қазақстан Aselsan Инжиниринг» ЖШС өндірген «САРП» тұрақтандырылған қашықтықтан басқарылатын жауынгерлік модулі, оптикалық аспаптар мен коллиматорлық әр түрлі мақсатқа арналған көздеу құрылғылары;

– «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС өндірген ЕС-145 тікұшақтары мен тікұшақтарға техни-



калық қызмет көрсету бойынша қызметтер;

– «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ өндірген Р-140, Р-409, Р-147, «Қарагай», «Ақтерек», «Ақ қайың» радиостанциялары ;

– «Thales» бірлесіп (Франция) «СКТБ «Гранит» ЖШС өндірген «Нұр» радиолокациялық станциясы;

– «Камаз инжиниринг» АҚ өндірген әр түрлі мақсатқа арналған және маманданған «КАМАЗ» автотөлемі.

Бұл ретте, көрме өткізу бағдарламасына сәйкес көрмеге қойылған өнімдердің жекелеген үлгілері («Арлан» БКМ, тікұшақтар ЕС-145) көрсетуге күн сайын қатысты. Осылайша, тәжірибеде келушілер мен шақырылған қонақтар ұсынылып отырған өнімнің жауынгерлік және техникалық мүмкіндіктерімен тікелей танысты.

Көрме аясында сонымен бірге шетелдерден және Қазақстаннан келген стратегиялық және әлеуетті әріптестермен кездесулер мен келіссөздер өткізілді, сонымен қатар Компания кәсіпорындарымен қызмет көрсету мен өнім өндіруге 18 келісімдер, меморандумдар мен келісімшарттарға қол қойылды.

- II-ші Халықаралық «АРМИЯ-2016» әскери –техникалық форумы (Мәскеу облысының Кубинка қаласы).

Аталған іс-шараға Компания делегациясының құрамында келесі ұйымдар мен кәсіпорындар қатысты: «Қазақстан Aselsan Инжиниринг» ЖШС, «Қазақстан Парамант инжиниринг» ЖШС, «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ, «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ, «Тыныс» АҚ, «Авиажөндеу зауыты №405» АҚ.

Компанияның көрме павильонында 184 шаршы м ауданда көрермендердің тамашалауына қаруландырудың натуралық үлгілері мен әскери-техникалық мүлкі, соның ішінде электронды-оптикалық және жылу аспаптары, ұялы байланыс құралдары, полигон құрылғылары, радиостанциялар және т.б. (натуралық үлгілер-46 бірлік, макеттер-13 бірлік) қойылды.

Ашық ауданда статикалық экспозицияларда была продемонстрирована бронетехника производства ТОО «Қазақстан Парамант инжиниринг» ЖШС өндірген бронетехникасы көрсетілді, соның ішінде 8x8 дөңгелекті формуласымен «Барыс» және 4x4 дөңгелекті формуласымен «Арлан» бродьдалған дөңгелекті машиналары көрсетілді. «Алабино» полигонында көрсететін қарқынды көрсетілімде «Арлан» БКМ жүрістік мен отты мүмкіндіктері көрсетілді.

Компанияның шетелдегі халықаралық көрмелерге қатысқан бүкіл тарихында бірінші рет Компанияның еншілес кәсіпорынында өндірілген өнім мамандар мен келушілер алдында полигондық жағдайлардағы қарқынды көрсетілімге тікелей қатысты. Бұл ретте, үздік жүрістік және отты мүмкіндіктерді көрсетті, сол арқылы өзі айтқан жоғары қарқынды және тактикалық сипаттамаларды растады.

Осы Форумдағы жұмыс нәтижесінде бірқатар келісімдер мен меморандумдарға, соның ішінде «Рособоронэкспорт» АҚ (Ресей Федерациясы) ынтымақтастық туралы Бас келісімге қол қойылған, шетелдік компаниялар мен ұйымдармен 25 астам кездесулер мен келіссөздерді өткізуі болып табылады.

Осыған қоса Компанияның халықаралық қызметіндегі 2016 жылдағы маңызды сәт Компания делегацияларының және оның ЕТҰ әр түрлі халықаралық көрмелер мен бизнес форумдарға, сонымен қатар мемлекеттік арасында экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша үкіметаралық комиссиялар жұмысына қатысулары болып табылады. Компания осындай 15 іс-шараға тікелей қатысты.

Компания топтары кәсіпорындарының ерекшеліктерін ескере отырып бұдан арғы ынтымақтастық пен келісімдер туралы ақпарат құпия ақпарат санатына жатады.

БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ АРНАЛҒАН КОМПАНИЯ ЖОСПАРЛАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

- 2017 жыл ішінде Компания 2015 жылдың 30 желтоқсанындағы №1141 «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын ары қарай жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Осы аясында 2017 жылы жоспарланып отыр:

- Компанияның 7 (жеті) активтерін жүзеге асыру: «ЗИКСТО» АҚ, «Омега» аспап жасау зауыты» АҚ, «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС; «С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «Тыныс» АҚ, «КАЗАХСТАНДЫҚ АВИАЦИЯЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ» ЖШС;

- Компанияның 3 (үш) активтерін тарату: «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС; «Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС және «Спецмаш Астана» ЖШС;

- «Гранит» арнайы конструкторлық –технологиялық бюросы» ЖШС қосылу қосылу арқылы «ҚазИнж Электроникс» ЖШС қайта құру

- Компанияның 2013-2022 жылдарға арналған өзектендірілген даму Стратегиясын бекіту.

- Компанияның еншілес ұйымдарының өндірісін жаңарту мен модернизациялау және келесі негізгі бағыттар бойынша жаңа жұмыс орындарын жасау:

- физикалық және моральдық тұрғыда ескірген құрылғыны жоғары технологиялық құрылғы, мамандандырылған көлік және механизмдерді сатып алу арқылы алмастыру;

- технологиялар трансферті;

-өндірістік ғимараттар мен құрылғыны қайта құру, күрделі жөндеу, ішкі зауыттық көлік ағындарын оңтайландыру.

- Арнайы мақсатқа арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу мен енгізу.

- Сервистік қызмет көрсету мен аутсорсинг ұйымдарына арналған Компанияның еншілес ұйымдары базасында сервистік орталықтар жасау.



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративті басқарудың негізгі қағидалары мен құрылымы

Директорлар кеңесі (құрамы, қысқаша өмірбаяндары).

Директорлар кеңесінің қызметі.

Директорлар кеңесі мүшелерін марапаттау

Ішкі аудит қызметі.

Корпоративтік хатшы.

Басқрама (құрамы, қысқаша өмірбаяндар)

Басқарма қызметі.

Басқарма марапаттары.

Басқарма хатшысы.

Ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесі.

Сапа менеджменті жүйесі.







КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның корпоративті басқару жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылтайшылық және ішкі құжаттарына негізделеді.

Бұл ретте, Компанияның негізгі ішкі құжаттарының бірі 2015 жылдың 27 мамырында «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқарамасының шешімімен (№22/15 хаттама) бекітілген «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ корпоративті басқару кодексі болып табылады.

Корпоративті басқаруды Компания мүдделі тараптарға маңызды және әсер ететін жауапты даму мен шешімдер қабылдаудың маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырады. Компания корпоративті басқарудың ең үздік тәжірибелеріне тек компанияның ғана емес, сонымен бірге оның еншілес ұйымдарының да сәйкес келуін қамтамасыз етеді және өз қызметінің ашықтығын тұрақты түрде арттыра отырып, осы саладағы халықаралық қағидалар мен стандарттардан бағдар алады.

Қазіргі таңда Компания жүйелі корпоративті басқаруды дамытуда айтарлықтай табыстарға жетті. Осылайша, осы салада бірқатар маңызды бастамалар жүзеге асырылды, сонымен қатар Компания және оның еншілес ұйымдарының қолданыстағы ішкі құжаттары жаңартылып, жаңалары әзірленді.

Компания және еншілес және тәуелді ұйымдар арасындағы өзара қатынастар Компания және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тиесілі органдары арқылы бекітілген корпоративті процедуралар аясында жүзеге асырылады.

Ең үздік қағидалар мен әлемдік тәжірибелерге сәйкес корпоративті басқару жүйесін жетілдіру Компанияның басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Жалпы Компанияның корпоративті басқару жүйесі қызметінің ашықтығын арттыруға, Жылғыз акционермен, Сенімді басқарушымен және инвесторлармен сенімді әрі тиімді қатынастарды жасау мен сақтауға бағытталған және келесі қағидаларға негізделеді:




- Жылғыз акционер, Сенімді басқарушының құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Компанияны директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді басқаруы;
- Компания қызметінің ашықтығы мен объективтілігі;
- Заңдылық және этика;
- Тиімді дивидендтік саясат;
- Тиімді кадрлық саясат;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Еңбек шартының қауіпсіздігі;
- Корпоративті шиелістер мен мүдделер шиеленісін реттеу;
- Жауапкершілік.

Компанияның корпоративті басқару жүйесінің қағидаларын анықтайтын және оның дамуын бейнелейтін басты құжаттардың бірі корпоративті басқару әлемдік қоғамдастық таныған қағидаларға негізделген Компанияны корпоративті басқару Кодексі болып табылады.

2016 жылдың 1 сәуіріндегі директорлар Кеңесінің шешімімен корпоративті басқару жаңа кодексінің ережелерін енгізу мақсатында (№3 хаттама) 2016-2017 жылдарға Кодексті корпоративті басқару мен енгізуді жетілдіру бойынша іс-шаралар Жоспары бекітілді.



Жарғыға сәйкес Компания органы мыналар болып табылады:



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Компания қызметінің жалпы басшылығы Жалғыз акционердің сөзсіз құзіреттілігіне жататын мәселелерді шешуді алып тастағанда директорлар Кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар», «Ұлттық әл-ауқат Қоры туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына, Жарғы және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес құзіреттіліктерін жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің қызметі ақылдылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, қайырымдылық, нақтылық, кәсібилік, объективтілік пен реттілік қағидаларына негізделеді.

Компания директорлар кеңесінің мүшелері 2016 жылы мыналар:



2016 жылы Компанияның Директорлар Кеңес мүшелері болған:

Члены Совета директоров	Статус и срок полномочий	Посещаемость
САУРАНБАЕВ Нурлан Ермекұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы Өкілеттік мерзімі : 27.01.2015- 04.05.2016	3/3 (100%)
РАЙМБЕКОВ Сайлаухан Ғазизұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі 29.01.2016 Директорлар кеңесінің төрағасы 04.05.2016	10/10 (100%)
БАЙСЕЙІТОВ Бақытбек Рымбекұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі Өкілеттік мерзімі : 13.03.2014- 04.05.2016	0/3 (0%)
ЖАҚЕНОВ Серікжан Әміржанұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі , Тәуелсіз директор 04.05.2016	6/7 (86%)
ЫДЫРЫСОВ Ерлан Сапарғалиұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі 03.04.2015 Компания Басқарма Төрағасы	9/10 (90%)
ЕСЕНЖҰЛОВ Ержан Бахытұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі , Тәуелсіз директор 18.09.2015	10/10 (100%)
ЛАРИОНОВ Дмитрий Владимирович	Директорлар кеңесінің мүшесі , Тәуелсіз директор 18.09.2015	8/10 (80%)
МАСЕЛОВ Медер Хамидуллаұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі 04.05.2016	3/7 (43%)
РАУ Альберт Павлович	Директорлар кеңесінің мүшесі Өкілеттік мерзімі : 10.06.2010- 04.05.2016	0/3 (0%)
САЛІМҒЕРЕЕВ Мәлік Жанабайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі Өкілеттік мерзімі : 03.03.2012- 16.03.2016	2/2 (100%)
ТҰТҚЫШЕВ Ержан Бексултанұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі 04.05.2016	6/7 (86%)

Компания Директорлар кеңесінің бір бөлігі ретінде, 2016 жылы мынадай өзгерістер енгізілді:

Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрінің бұйрығымен 2016 жылдың 29 қаңтарында (№50 хаттама), мерзімінен бұрын Аубакирова С.Г. құзіреттіліктері тоқтатылды (2015 жылдың 22 қазан), және Директорлар кеңесінің құрамына жалпы Компания директорлар кеңесінің құзіреттіліктерінің мерзімі өткенге дейін Раимбеков С.Г. сайланды.

2016 жылдың қаңтарынан бастап мамырға дейін директорлар кеңесінің құрамына 3 (үш) жыл құзіреттіліктер мерзімімен Сауранбаев Н.Е., Раимбеков С.Г., Рау А.П., Байсеитов Б.Р., Ларионов Д.В., Исенжулов Е.Б., Идрисов Е.С. кірді.

Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрінің 2016 жылдың 4 мамырындағы №216 бұйрығымен, Компания директорлар кеңесі жаңа құрамда құрылды: 3 (үш) жыл құзіреттіліктер мерзімімен Раимбеков С.Г., Туткушев Е.Б., Маселов М.Х., Ларионов Д.В., Исенжулов Е.Б., Жакенов С.А., Идрисов Е.С..



КОМПАНИЯ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

31.12.2016 жылдың ахуалы бойынша

Компания директорлар кеңесі 7 (жеті) мүшеден тұрады, олардың 3 (үш) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Тәуелсіз директор бұл ретте – директорлар кеңесінің мүшесі:

- Компанияның аффилирленген тұлғасы емес және директорлар кеңесінің сайлауының алдында болатын үш жыл ішінде ондай болмайды (Компанияның тәуелсіз директоры лауазымында болу жағдайын алып тастағанда);

- Компанияның аффилирленген тұлғаларына қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайды;

- Компанияның немесе ұйымдардың лауазымды тұлғаларымен – осы компанияның аффилирленген тұлғаларымен бағыныштылықпен байланысты емес және директорлар кеңесіне оны сайлаудың алдындағы осы тұлғалармен бағыныштылықпен үш жыл ішінде байланысты емес;

- Мемлекеттік қызметкер емес;

- Компания органдарының отырыстарындағы акционерлердің өкілдері болып табылмайды және директорлар кеңесінің сайлануының алдындағы үш жыл ішінде мұндай болмады;

- Аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде компания аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспайды.

2016 жылы директорлар кеңесі қызметін бағалау жүргізілмеді. Осымен бірге, корпоративті басқаруды жетілдіру мен Компанияның директорлар кеңесінің 2016 жылдың 1 сәуіріндегі шешімімен бекітілген (№3 хаттама) 2016-2017 жылдарға арналған Компанияның корпоративті басқарудың жаңа Кодексінің енгізу бойынша іс-шаралар Жоспарына сәйкес Директорлар кеңесі қызметін бағалау 2017 жылы жоспарланған.



РАЙМБЕКОВ
Сайлаухан Ғазизұлы

Туған күні: 01.01.1951 ж.
Азаматтық: Қазақстан Республикасы
Мансабы: 04.05.2016 жылдан бастап директорлар Кеңесінің төрағасы
 29.01.2016 жылдан бастап директорлары кеңесінің мүшесі
Акцияларға иелік етуі:
 Компания және аффилирленген ұйымдар акцияларына иелік етпейді
Білімі:
 2006 жыл М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, экономика және басқару
 1992 жыл Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, ЖОО-да әлеуметтік – саяси пәндердің оқытушысы
 1977жыл И.К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институты, орта мектептің орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі
Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:
 02.2012 - 01.2016 жж. Қазақстан Республикасы Парламентінде Үкімет өкілі – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңсесі жетекшісінің орынбасары
 01.2009 – 02.2012 жж. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңсесінің ұйымдастырушылық жұмыс және территориялық даму бөлімінің меңгерушісі



ТҰТҚЫШЕВ
ЕРЖАН БЕКСҰЛТАНҰЛЫ

Туған күні: 10.12.1981
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Мансабы: Директорлар кеңесінің мүшесі
Акцияларға иелік етуі:
 Компания мен аввирленген ұйымдар акцияларына иелік етпейді
Білімі:
 08.2006 – 08.2007 жж. University of Illinois at Urbana-Champaign Мамандығы «Қаржы магистрі»
 09.1999 – 06.2004 жж. Санкт-Петербург Мемлекеттік экономика және қаржы Университеті Мамандығы: «Қаржылық талдау мен бухгалтерлік есеп»
Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:
 08. 2014 жылдан бастап осы күнге дейін Бизнесі дамыту бойынша бас директордың орынбасары, «Самрұқ –Қазына» АҚ жаса салаларын дамыту бойынша бірлесе басқарушы директор
 11.2012 – 08.2014 жж. Pricewaterhouse CoopersTaxandAdvisory бағалау және бизнес үлгілеу менеджері
 04.2011 – 07.2012 жж. «Самрұқ-Қазына Инвест» АҚ, «Самрұқ-Қазына» АҚ Инвестициялық жобалар департаментінің директоры



МАСЕЛОВ Медер Хамидуллаұлы

Туған күні: 07.06.1980

Азаматтығы: Қазақстан

Республикасы

Мансабы: Директорлар кеңесінің мүшесі

Акцияларға иелік ету: Компания және үлестес ұйымдар акцияларына иелік етпейді

Білімі:

2002 жыл Әлемдік әдебиет және журналистика Университеті, мамандығы «Журналист»

2007 жыл «Тұран» университеті, мамандығы «Экономист»


Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:

04. 2015 жылдан бастап осы күнге дейін «Қазтехнологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы

02. 2015 - 04. 2015 жж. «Still manufacturing» ЖШС директоры

04. 2013 - 12. 2014 жж. «Астана жаңа қала» арнайы экономикалық аймағын әкімшілік басқару» ММ басшысы

09. 2010 - 04. 2013 «Астана жаңа қала» арнайы экономикалық аймағын әкімшілік басқару» ММ жетекшісі



ЛАРИОНОВ Дмитрий Владимирович

Туған күні: 22.11.1973 ж.

Азаматтығы: Республика Казахстан

Мансабы: Директорлар Кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Акцияларға иелік ету: Компания және афелиирленген ұйымдар акцияларына иелік етпейді

Білімі:

2007 жыл осы күнге дейін Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (КИМЭП), докторантура.

1999 жыл Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (КИМЭП), іскерлік әкімшілеу, бухгалтерлік есеп және қаржы магистрі. 1995 жыл Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университеті, аудармашы -референт (ағылшын тілі)

Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:

2015 жыл Дүниежүзілік банк Консультанты

2005 – 2015 жж. Әріптес, «BDO Қазақстан аудит» ЖШС 2005 - 2012 жж. Дүниежүзілік банк Консультанты



ИСЕНЖУЛОВ
Ержан Бақытұлы

Туған күні: 14.08.1968 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Мансабы: Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
Акцияларға иелік ету: Компания және аффелирленген ұйымдар акцияларына иелік етпейді
Білімі: 1992 жыл Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті
Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:
2010 жылдан осы күнге дейін «Мұнай оңтүстік» ЖШС коммерция бойынша бас директор орынбасары
2006-2009 гг. «ORIENT Energy» коммерция бойынша вице-президенті – Мұнай мен мұнай өнімдерін Еуропаға жеткізу бойынша «British Petroleum» әріптесі



ЖАКЕНОВ
Серікжан Әміржанұлы

Туған күні: 08.10.1949 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Мансабы: Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
Акцияларға иелік ету: Компания және аффелирленген ұйымдар акцияларына иелік етпейді
Білімі: 1971 жыл
Қарағанды политехникалық институты, мамандығы «Инженер-механик»
Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:
2009 жылдан бастап осы күнге дейін «ҚарГорМаш-М» ЖШС директоры
2007-2009 жж. «ҚарДОК» АҚ Басқарма Төрағасы
2004-2007 жж. «ҚарГорМаш-М» ЖШС директоры



ЫДЫРЫСОВ
Ерлан Сапарғалиұлы

Туған күні: 07.02.1977 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Мансабы: Директорлар кеңесінің мүшесі
Акцияларға иелік ету: Компанияның және үлестес компанияның акцияларына ие емес
Білімі:
2007-2009 жж. К.И.Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ. Мамандық – машиностроение
Специальность: «Машиностроение»
1993-1997 жж. Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы қ.
Мамандық – қаржы және несие
Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:
02.2015 жылдан қазіргі таңға дейін «ҰК «Қазақстан инжиниринг» АҚ Басқарма Төрағасы
2014-2015 жж. «ҰК «Қазақстан инжиниринг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары
2010-2014 жж. «ҰК «Қазақстан инжиниринг» АҚ Басқарушы директоры



Стратегиялық сұрақтар:

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2016 жылға арналған активтерін қайта құру Жоспары бекітілді;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2016 -2020 жылдарға арналған Жалғыз акционер күткендерін жүзеге асыру бойынша іс-шаралар Жоспары бекітілді;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2016 -2020 жылдарға арналған түзетілген даму Жоспары бекітілді;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ қарыз портфелін басқару бойынша іс-шаралар жоспары мақұлданды;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2017 -2021 жылдарға арналған Жалғыз акционер күткендерін жүзеге асыру бойынша іс-шаралар Жоспары бекітілді;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2013 -2021 жылдарға арналған түзетілген даму Жоспары алдын ала мақұлданды;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (Бизнес-жоспар) даму жоспары бекітілді.

Корпоративтік басқару сұрақтары:

- Дауыс беретін акциялардың елу пайыздан астамы «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ меншікті және/немесе сенімді басқару құқығында тиесілі ұйымдардың тәуелсіз директорларына шығындар компенсациясы мен сыйақылар төлемінің Ережелері бекітілді;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ мемлекеттік қорғаныстық тапсырысын орындау аясында тауарлар, қызметтер мен жұмыстар жеткізушілерді анықтау Ережелері бекітілді;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ корпоративті есеп беру саясаты бекітілді;
- Еншілес ұйымдарға қатысты «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Дивидендті саясаты бекітілді.

Кадр саясатының сұрақтары:

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мен олардың құзіреттіліктерінің мерзімдерін, сандық құрамын анықтау бойынша шешімдер қабылданды;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді;
- Басқарманың жаңа мүшелерін сайлау туралы және Басқарма кейбір мүшелерінің құзіреттіліктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы шешімдер қабылданды;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ ішкі аудит Қызметіне сыйақы дайындау мен еңбек төлемінің шарттары, сандық құрамы, құзіреттіліктер мерзімін бекіту туралы шешім қабылданды;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ ішкі аудит Қызметінің қызметкерлері, басшы қызметкерлері, Корпоративті хатшысына сыйақы дайындау мен еңбек төлемінің ережелеріне өзгертулер енгізілді.

Келісімдер бойынша мәселелерді қарастыру:

- МҚТ туралы Қаулымен бекітілген шарттарда және мерзімдерде 61 853 637 300 (алпыс бір миллиард сегіз жүз елу үш миллион алты жүз отыз жеті мың үш жүз) теңгеден аспайтын сомаға 2016 – 2018 жылдарға арналған қорғаныстық тапсырысты орындау аясында (өзара байланысты келісімдер жиынтығы) ірі келісімін жасауды мақұлдау туралы шешім қабылданды;
- 6 000 000 000 (алты миллиард) теңгеге дейінгі көлемде қарызды қарастыру туралы шешім қабылданды;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ несиелік желінің ашылуы арқылы ірі келісімді жасау туралы– 21 600 000 000 (жиырма бір миллиард алты жүз миллион) теңге сомасына шешім қабылданды.

Директорлар Кеңесінің құзіреттілігіне жатқызылған немесе Компанияның атқарушы органының қызметін бақылау және Компания директорлар кеңесінің қажетті ұсыныстарын әзірлеу тәртібінде директорлар Кеңесі зерттейтін мәселелерді тереңінен пысықтау үшін:

Аудит комитеті
Мақсаттары мен сыйақылар комитеті
Стратегия және инвестиция комитеті

Комитеттер директорлар кеңесінің 3 мүшесінен тұрады, олардың бірі Комитет төрағасы болып табылады. Одан бөлек, Директорлар кеңесінің Комитеттері құрамына қажетті кәсіби білімдеріне ие сыртқы сарапшылар кірді. Комитет мүшелерінің құзіреттіліктер мерзімдері олардың директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі құзіреттіліктерінің мерзімдерімен сәйкес келеді.

Аудит жөніндегі Комитет Компанияның директорлар кеңесінің 2012 жылдың 4 шілдесіндегі №86 шешімімен құрылды.

2016 жылы Компания директорлар кеңесінің аудит жөніндегі Комитеті 9 күндізгі отырыстар өткізілді, онда 37 сұрақ қарастырылды.

Аудит жөніндегі Комитет мүшелері	Кезең	Отырыстарға қатысқандар саны	%
Ларионов Д.В.	01 - 12.2016	9/9	100%
Есенжолов Е.Б.	01 - 12.2016	7/9	78%
Жакенов С.А.	05 - 12.2016	5/5	100%

Компания директорлар кеңесінің тағайындаулар мен сыйақылары жөніндегі Комитет тағайындаулар, тәуелсіз директорлар, Басқарма мүшелері, ішкі аудит қызметі мен корпоративті хатшы аппаратының сыйақы төлемдері мәселелері жөнінде ұсыныстарды пысықтап шығарады; сонымен бірге Компанияның ішкі құжаттарының ережелері және/немесе директорлар кеңесінің тапсырмасына сәйкес өз құзіреттілігі аясында өзге де сұрақтар бойынша ұсыныстар жасайды.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі Комитет Компания директорлар кеңесінің 2012 жылдың 4 шілдесіндегі №86 шешімімен құрылды.

2016 жылы Компания директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі Комитеті 7 күндігі отырыстар өткізді, онда 21 сұрақ қарастырылды:

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі Комитет мүшелері	Кезең	Отырыстарға қатысқандар саны	%
Исенжулов Е.Б.	01 - 12.2016	7/7	100%
Ларионов Д.В.	01 - 12.2016	6/7	85%
Жакенов С.А.	05 - 12.2016	4/4	100%
Байсеитов Б.Р.	01 - 05.2016	0/3	0%

Компания директорлар кеңесінің стратегия және инвестициялар жөніндегі Комитет даму стратегиясы, Компанияның даму Жоспары, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, активтерді басқару және т.б. мәселелері бойынша ұсыныстарды пысықтап әзірлейді.

Стратегиялар мен инвестициялар жөніндегі Комитет Компания директорлар кеңесінің 2013 жылдың 31 мамырындағы № 5 шешімімен құрылды.

2016 жылы Компания директорлар кеңесінің Стратегиялар мен инвестициялар жөніндегі Комитет 7 күндігі отырыстар өткізілді, онда 26 сұрақ қарастырылды.

Стратегиялар мен инвестициялар жөніндегі Комитет мүшелері	Кезең	Отырысқа қатысқандар саны	%
Ларионов Д.В.	01 - 12.2016	5/7	71%
Исенжулов Е.Б.	01 - 12.2016	5/7	71%
Жакенов С.А.	05 - 12.2016	4/4	100%
Байсеитов Б.Р.	01 - 05.2016	1/3	33%



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес, Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен, Жалғыз акционер құқығындағы Компанияның сенімді басқарушысының шешімімен, тәуелсіз директорларға – Компания директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленеді және олардың өз функцияларын атқарумен байланысты шығындарының орны толтырылады. Мұндай сыйақылар мен компенсациялар өлшемдері Компанияның сенімді басқарушысының шешімімен бекітіледі.

Компанияда орнатылған тәртіпке сәйкес, директорлар кеңесінің мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы тек тәуелсіз директорларға – директорлар кеңесінің мүшелеріне бекітілген және тек қана мыналарды қамтиды:

- Белгіленген жылдық сыйақылар;
- Компания директорлар кеңесінің Комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысу үшін қосымша жылдық сыйақы.

Осымен бірге сыйақы директорлар кеңесі отырыстарына қатысу жағдайында төленеді, наұқастануы себепті отырысқа қатыспаған жағдайды алып тастағанда, белгіленген жылдық сыйақы төленбейді.

2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде тәуелсіз директорларға есептелген сыйақылардың жалпы сомалары төмендегі кестелерде берілген.

Тәуелсіз директор	Кезең	Сыйақы (теңге)
Ларионов Д.В.	01 - 12.2016	7 150 000
Исенжулов Е.Б.	01 - 12.2016	7 150 000
Жакенов С.А.	05 - 12.2016	4 454 167

Директорлар кеңесінің мүшелері қандай да бір басқа жеңілдіктер мен сыйақылар алмайды.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Компания ішкі аудитінің қызметі Компания директорлар кеңесінің шешімімен 2007 жылы құрылды.

Компания ішкі аудитінің қызметінің штаттық саны 4 адамнан тұрады.

Ішкі аудит Қызметі қызметінің негізгі мақсаты– директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративті басқару жүйелерін жетілдіріге жүйелі тәсілді енгізу арқылы Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру.

Ішкі аудит қызметінің жұмысы Компанияның ішкі аудит қызметі туралы ережемен. Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі саясатпен және басқа да ішкі нормативті құжаттармен реттеледі.

Ішкі аудит Қызметінің 2016 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары Компанияның директорлар кеңесінің 2016 жылдың 01 сәуіріндегі шешімімен бекітілді (№3 хаттама). 2016 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 2016 жылы Компанияның инвестициялық қызметімен, персоналды басқарумен (HR), Компания еншілес ұйымдарының операциялық аудиттерімен және т.б. тексерістерімен байланысты аудиторлық тапсырмалар орындалды.

КОРПОРАТИВТІ ХАТШЫ

Корпоративті хатшыға директорлар кеңесінің қызметін және директорлар кеңесінің өзара әрекеттестігін, атқарушы орган мен Жалғыз акционермен өзара әрекеттестігін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету жүктеледі. Корпоративті хатшыс Компанияның органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған процедураларды сақтауын, сонымен қатар Компанияның корпоративті басқару саласындағы заңнаманың ережелері мен нормаларын ұстануын, Жарғы ережелерін, және корпоративті басқару аясындағы Компанияның өзге де ішкі құжаттарын ұстануын қамтамасыз етеді.

Корпоративті хатшы өз қызметінің аясында директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайды, директорлар кеңесінің отырысына күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды әзірлеуді қамтамасыз етеді, оларға қол жетімділікті бақылайды.

Корпоративті хатшы директорлар кеңесінің мүшелерінің нақты әрі дұрыс ақпаратты уақытылы алуларын қамтамасыз етеді.

Компанияның корпоративті хатшысы 2016 жылы Ахижанов Ержан Маратович болды.

2016 жылы Компанияның Басқарма мүшелері болған:

ЫДЫРЫСОВ Ерлан Сапарғалиұлы	Басқарма Төрағасы 25.02.2015 жылдан бастап
СҰЛТАНБЕКОВ Қанат Таңатарұлы	Басқарма Төрағасының орынбасары, 25.02.2015 жылдан бастап Басқарма мүшесі
МЫНШАРИПОВА Сая Найманбайқызы	Басқарма Төрағасының орынбасары, 29.01.2015 жылдан бастап Басқарма мүшесі
БИЖАНОВ Димаш Нұрахметұлы	Басқарма Төрағасының орынбасары, 29.01.2015 жылдан бастап 12.05.2016 жылға дейін Басқарма мүшесі
САТЖАНОВ Кенжебай Сатжанұлы	Басқарма Төрағасының орынбасары, 12.05.2016 жылдан бастап Басқарма мүшесі
ПИГОРЕВ Анатолий Юрьевич	Басқарма Төрағасының орынбасары, 12.05.2016 жылдан бастап 14.06.2016 жылға дейін Басқарма мүшесі
БЕРГЕНОВ Әділғазы Садуақасұлы	Аппарат жетекшісі, 10.10.2015 жылдан бастап Басқарма мүшесі

Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етуді алқалық атқарушы орган– басқа органдар құзіреттілігіне жатпайтын Компания қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын Басқарма болып табылады.

Басқарма Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», заңдарына, жарғы, корпоративті басқару кодексіне, Компания басқармасы туралы Ережелерге және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етеді.

Басқарма қызметі жалғыз акционер мүдделерін максималды сақтау қағидасының негізінде құрылады және толығымен Жалғыз акционер, Сенімді басқарушы және Компанияның директорлар кеңесіне есеп береді.

Реттелетін сұрақтар бойынша Компания басқармасына ұсыныстар дайындау мен алқалы шешімдер қабылдау, алдын ала қарастыру мақсатында, Компанияда Басқарма жанында консультативті –кеңесі органдары құрылған - 3 (үш) комитет және 2 (екі) комиссиялар:

КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫ

31.12.2016 жыл жағдайына қарай





ЫДЫРЫСОВ
Ерлан Сапарғалиұлы

Туған күні: 07.02.1977 ж.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: 2007-2009 жж. К.И.Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Мамандық – машиностроение
Специальность: «Машиностроение»
1993-1997 жж. Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы қ.

Мамандық – қаржы және несие

Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:

02.2015 жылдан қазіргі таңға дейін
«ҰК «Қазақстан инжиниринг» АҚ Басқарма Төрағасы
2014-2015 жж. «ҰК «Қазақстан инжиниринг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары
2010-2014 жж. «ҰК «Қазақстан инжиниринг» АҚ Басқарушы директоры



СУЛТАНБЕКОВ
Қанат Танатарұлы

Туған күні: 01.09.1976 ж.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: 2000 жыл Фэрли Дикенсон Университеті
1999 жыл Стивенсон Технология институты

1998 жыл Қазақ мемлекеттік сәулет және құрылыс ака-демиясы Мамандық – инженер-строитель

Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:

02.2015 – 02.2017 гг.
Заместитель Председателя Правления АО «НК «Қазақстан инжиниринг»
2009-2014 гг. Заместитель Акіма города Астаны
Владение акциями компании, акциями поставщиков и конкурентов
компания: нет



МЫНШАРИПОВА
Сая Найманбайқызы

Туған күні: 19.10.1970 ж.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: 2008 – 2010 гг.

М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің бизнестің жоғары мектебі, Мәскеу қаласы Executive MBA деңгейі
1987 - 1992 жж. Қазақ Мемлекеттік экономика университеті, Алматы қ.
Мамандық, квалификация – бухгалтерлік учет және шаруашылық қызметінің анализі.

Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:

02.2015 жылдан -
Қазіргі кезге дейін АҚ «ҰК «Қазақстан инжиниринг» Басқарма төрағасының орынбасары
2008-2015 жж. «Самруқ –Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ аудит және бақылау департаментінің директоры
Компания акцияларына, жеткізіп берушілер және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ



САТЖАНОВ

Кенжебай Сәтжанұлы

Туған күні: 19.08.1955 ж.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

2003-2005 жж. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, Алматы қаласы
Мамандығы – Юриспруденция
2002-2005 жж. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің дипломатиялық академиясы, Астана қаласы.
Мамандығы – Халықаралық қатынастар
1972-1977 жж. Қарағанды Еңбек қызыл ту ордені политехникалық институты, Қарағанды қаласы
Мамандығы - Экономика және өнеркәсіптік ұйымдастыру

Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:

02.2017 жылдан бастап осы уақытқа дейін «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
06.2016 -02.2017 жж. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы Төрағасының орынбасары
03.2015-06.2016 жж. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы Төрағасының кеңесшісі, Корпоративті даму Департаментінің Директоры
08.2010-03.2015 жж. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарушы директоры
Компания акцияларына, жеткізіп берушілер және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік ету:жоқ



БЕРГЕНЕВ

Әділғазы Садуақасұлы

Туған күні: 15.05.1958 ж.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: 1980-1987 жж. Семей зоотехникалық – ветеринарлық институты
Мамандығы – зооинженер
1973-1976 жж. Семей қаржылық – экономикалық техникумы
Мамандығы – Қаржыгер

Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары:

04.2015 жжж. Осы күнге дейін «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аппаратының жетекшісі
03.2014 - 04.2015 жж. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ басқарушы директоры
10.2010 - 03.2014 жж. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аппарат жетекшісі
05.2008-04.2009 жж. Шығыс –Қазақстан облысының әкімі Компания акцияларына, жеткізіп берушілер және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік ету:жоқ



БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ

2016 жылы Компания Басқармасы өз құзіреттілігі аясында өткізілген 45 отырыстар барысында 205 сұрақтар қарастырылды.

Жекелей алсақ, Компания Басқармасы 2016 жылдың ішінде мынадай шешімдер қабылданды:

- Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының акционерлері/қатысушыларының құзіреттілігіне қатысты мәселелер бойынша;
- Компания қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту бойынша;
- Компанияның Жалғыз акционері мен директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды мақұлдау мен алдын ала қарастыру бойынша;

Жалпы Компания алдына қойылған міндеттерді есеп беру кезеңінде тиімді шешу үшін Компания Басқармасы Жалғыз акционермен, Сенімді басқарушымен, директорлар кеңесі мен корпоративті қатынастардың өзге да мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесті.

БАСҚАРМА СЫАҚЫЛАРЫ

Ішкі аудит қызметі жетекшілері мен жұмыскерлері, Корпоративті хатшы және оның аппаратының жұмыскерлерінің, жетекші жұмыскерлердің сыйақыларын төлеу мен қызметін бағалау шарттары, тәртібі, сонымен қатар Компанияның жетекші жұмыскерлеріне сыйақы төлемдері Компания директорлар кеңесінің 2014 жылдың 19 қарашасындағы шешімімен бекітілген аталған жұмыскерлерді бағалау Ережелерімен реттелген.

Қызмет нәтижелері бойынша сыйақылар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сыйақылар) жұмыс тиімділігін арттыру және қол жеткен табыстар үшін материалдық ынталандыру мақсатында жұмыс нәтижелеріне байланысты төленеді және олар тұрақты сипатқа ие емес.

Жетекші жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау процесі келесі сатылардан тұрады:

- ынталандыратын қызметтің басты көрсеткіштерін (ҚБК) таңдау, мақсаттық мәндерді қою;
- ынталандыратын ҚБК бекіту;
- нәтижеліліктің мониторингі;
- іс жүзіндегі нәтижелілікті есептеу мен бекіту.

Жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйақылар төлемінің негізгі шарты сыйақы төлеуі үшін жоспарланған соманы есепке алумен есептелген есеп беру мерзімі үшін шоғырландырма қорытынды табыстың болуы болып табылады.

Компания директорлар кеңесінің 2016 жылдың 14 шілдесіндегі шешімімен (№7 хаттама) 2016 жылға мақсатты міндерімен Компания Басқармасының мүшелері мен Төрағасының қысқа мерзімді басты көрсеткіштері бекітілген.

КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ХАТШЫСЫ

Басқарма хатшысы Компания жұмыскері болып табылады және 2012 жылдың 23 қарашасында директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Басқарма туралы Ереже және Компания Жарғысы негізінде әрекет етеді (№ 94 хаттама).

Басқарма хатшысының функцияларына мыналар жатады:

- 1) Басқарма жұмысының жоспарын әзірлеу, бекіту және мониторинг жасау, Басқарса жұмыс жоспарының орындалу барысы туралы есеп дайындау;
- 2) Басқарма отырысының күн тәртібіне сәйкес материалдар мен Басқарма отырысының күн тәртібін жасау;
- 3) Компания Басқармасы шешімдерін рәсімдеу;
- 4) Материалдардың уақытылы берілуі мен олардың Басқарма отырысына толық жеткізілуін бақылау;
- 5) Басқарма шешімдерінің орындалуын бақылау мен мониторинг жасау.

2016 жылдың 18 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейін Компания Басқармасының хатшысы Кусаинова Армангуль Каирбековна болды.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Компанияның ішкі бақылау жүйесі корпоративті басқару жүйесінің ажырағысыз бөлігі болып табылады және басқарудың барлық деңгейлерін қамтиды.

Ішкі бақылау жүйесі аясындағы Компания қызметі директорлар кеңесінің 2014 жылдың 27 маусымындағы шешімімен бекітілген Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады (№7 хаттама).

Ішкі бақылау жүйесі туралы ережеде тәуекелге бағытталған тәсілді қолданумен Компаниядағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне мониторинг жасау мен бағалау, ұйымдастыру үшін директорлар кеңесінің жауапкершілігі жүктелген. Компания Басқармасы ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін жауапты.

Осы орайда, Компанияның ішкі аудит қызметі Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингі ретінде болады және ішкі бақылау жүйесін тікелей оның қойылған мақсаттарға, міндеттерге және тапсырылған талаптарға сайлығына бағалайды және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар береді.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компанияда Компания қызметіне ішкі және сыртқы теріс факторлардың әсер ету деңгейін шектеу арқылы қызметінің тұрақтылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару жүйесі табысты жұмыс істейді.

Компанияның тәуекел –менеджменті директорлар кеңесінің, ішкі аудит қызметі, басқарма, құрылымдық бөлімшелер-тәуекелдер меншік иелері, сонымен қатар тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру үшін жауапты тәуекелдерді басқару секторының қатысуымен жүзеге асырылады.

Компания төрт санат бойынша таратылған тәуекелдердің кең спекторын есепке алумен өз қызметін жүзеге асырады: стратегиялық, қаржы, құқықтық және операциялық тәуекелдер.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару процесі тәуекелдерді басқару Саясатымен, бірегейлендіру мен тәуекелдерді бағалау Ережелерімен, Компания директорлар кеңесі, тәуекелдерді хеджирлеу бойынша «Самрұқ-Қазына» АҚ Ережелерімен, инвестициялық жобалар тәуекелдерін бағалау ережелерімен және Компания Басқармасымен бекітілген жүзеге асырылған тәуекелдерді есепке алу Әдістемесімен бекітілген қаржылық тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару Ережелерімен (валюталық, несиелік, пайыздық және ел тәуекелдері) реттелген.

Компанияда жыл сайын тәуекелдерді бірегейлендіру, оларды бағалау мен тәуекелдерді басқару бойынша шараларды әзірлеу жүзеге асырылады.

Тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер иелерінің қатысуымен тәуекелдер мониторингі жүргізіледі, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шараларды жүзеге асырудың мониторингі жүргізіледі, сонымен қатар жүзеге асырылған тәуекелдер базасы жүргізіледі. Сыртқы және/немесе ішкі тәуекелдерді өзгерту кезінде тәуекелдерді қайта бағалау, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шараларды қайта қарастыру жүзеге асырылады.

2016 жылдың ішінде міндеті тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Компания Басқармасының ұсыныстарын әзірлеу болған тәуекелдер жөніндегі Комитет өз қызметін белсенді жүзеге асырып келді. 2016 жылы 24 мәселе қарастырылған 11 отырыс өткізілді. Өз қызметінің қорытындылары туралы тәуекелдер жөніндегі Комитет тоқсан сайын Басқарма алдында есеп береді.

Компанияның әрбір құрылымдық бөлімшесінде тәуекел-менеджменті мәселелеріне жетекшілік ететін және құрылымдық жетекші бағытқа, тәуекелдер бойынша есептілікті дайындауға, тәуекелдерді басқару секторымен өзара әрекеттестікке тән тәуекелдерді анықтау мен бағалауға көмек көрсететін қызметкер анықталған. Компания жұмыскерлері үшін жүйелі түрде оқыту іс-шаралары жүргізіліп тұрады. Жекелей алсақ, 2016 жылы Компанияның жаңадан қабылданған жұмыскерлері үшін тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша кіріспе семинар өткізілді.

Компания берген қарыз қаражатын еншілес ұйымдардың қайтармау тәуекелдері және тараушылықты жоғалты, қаржылық тұрақсыздық туындауы, облигациялар мен қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету тәуекелдерін басқару

Компания берген қарыз қаражатын еншілес ұйымдардың қайтаруы және ақша ағындарын тиімді басқармеу, қарыздар мен облигацияларды өтеу мен қызмет көрсетуге арналған қаражаттың жеткіліксіздігі фактілеріне жол бермеу мақсатында табысты бөлігінде жүйелі түрде мониторинг жүзеге асырылып тұрды, мониторинг нәтижелері тоқсан сайын Басқармада, директорлар кеңесінде тәуекелдер бойынша есептер аясында қарастырылып тұрды.

Компанияның қарыз портфелін басқару бойынша іс-шаралар Жоспары бекітілді. Шығарылған облигациялар бойынша Компания 2016 жылы жүйелі түрде KASE-де корпоративті және өзге де оқиғалар бойынша ақпаратты орналастырып отырды. Компанияның операциялық табыстары Компанияның шығарылған облигациялары купондарының төлем бойынша шығындарға қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 2016 жылдың желтоқсан айында Компания 2013 жылы тартылған 200 000 мың АҚШ долл. Сомасындағы еурооблигациялар бойынша міндеттемелерін өтеді, және жоспарлық сыйақыны – 4 500 мың АҚШ долл. Төленді.

Валюталық тәуекелдерді басқару

Валюталық тәуекел қаржылық тәуекел болып табылады және Компания шетелдік валютада ашық валюталық (теңгерімді немесе теңгерімнен тыс) позицияға ие болған кездегі кезең ішінде валюталық курстардың Компания үшін жағымсыз өзгертулері кезінде жоғалтуларға әкелуі мүмкін тұрақсыздықпен шартталған. Валюталық тәуекел несиелік, пайыздық тәуекелмен, таратушылықты жоғалту тәуекелдерімен, сонымен қатар ел тәуекелдерімен өзара байланысты.

Компания 2013 жылы еурооблигацияларды тартқан кезде валюталық тәуекелдерді мигитациялау үшін табиғи хеджирлеу жүргізді – валюталық курстың өзгеруінен болатын шығындарды тоқтату мақсатында активтер мен пассивтердің құрылымдық теңгерімшілдігін теңгерімнің басқа позициялары бойынша дәл осы өзгертуден алынатын табыспен жасау.

Одан бөлек, ірі тапсырыс берушілермен («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ, «Самрұқ Энерго» АҚ) және Қазақстан Республикасы күштік мекемелерімен келіссөздер нәтижелері бойынша 2016 жылы тапсырыстар көлемдерін ұлттық валютаның еркін курсын енгізумен байланысты сату құнын арттыру бойынша келісімдерге қол жеткізілді.

Валютаның айырбас курсы өткізілген түзетуді есепке алумен өнімді сату келісімшарттары бойынша баға жасау қайта қарастырылды; конвертацияларды нарықтық баға бойынша жасауға мүмкіндік беретін қазынашылық операциялар енгізілді (конверсиондық операциялар мен корпоративті дилинг). Валюталық позицияның мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады және Компанияның тәуекелдер жөніндегі есебінде бейнеленеді.

Несие тәуекелін басқару

Несие тәуекелі Компания тобына кірмейтін банк-контрагенттермен немесе үшінші тараптармен міндеттемелерімен (теңгерімнің активті және пассивті баптары) байланысты қаржылық тәуекел болып табылады. Несие тәуекелін жүзеге асыру екінші деңгейлі банктердегі қаражатты орналастыру лимиттерін сақтамау, кепілдердің төменгі сапасы және т.б. секілді факторлардың туындауымен шартталған. Несие



тәуекелін басқару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдер иелері 2016 мына шараларды қолданды:

- 1) Компанияның операциялық табыстары Компанияның шығарылған облигацияларының купондарының төлемі бойынша шығындарға қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді;
- 2) Компания рейтингін растау бойынша рейтингтік агенттіктермен жұмыс жүргізілді;
- 3) Компанияны банк-контрагенттерімен операцияларға лимиттер «Самрұқ-Қазына» АҚ әзірленді және келісілді;
- 4) Банк-контрагенттермен операциялар мониторингі және уақытша еркін ақшалай қаражаттың мониторингі жүргізілді (ай сайын «Самрұқ –Қазына» АҚ беріледі).

Компанияда 2016 жылы 24 сұрақ бойынша 12 отырыс өткізген Несие комитеті құрылған. Несие комитеті өз қызметін «Самрұқ-Қазына» АҚ ішкі несие саясатымен, несиелерді беру мен мониторингтеу регламентімен, қаржылық көмек пен Компания кепілдіктері және Компанияның несие комитеті туралы Ережелерімен сәйкестікте жүзеге асырады.

Еңбектің белгіленген шарттарын сақтамау тәуекелін басқару

Бұл тәуекел операциялық тәуекел болып табылады және өндірісте, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғаудың бұзылуымен, сонымен қатар жұмыс берушінің еңбек заңын бұзуымен сипатталады. Осы тәуекелдің ықтимал туындауы қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау бойынша персонал қателіктері, тұрақты негізде қолданылатын құқық бойынша жұмыскерлер білімдерін жаңарту механизмдерінің болмауы, қызметін атқару процесінде Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтамау секілді факторлармен шартталады.

Өндірісте бақытсыз жағдайларды болдырмау мақсатында Компания тобының ұйымдарында еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша бөлімшелер жұмыс істейді, оқыту және персоналға нұсқаулық жүргізу кестелері бекітілді.

Компанияда қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеру мен нұсқаулық беру, оқыту тәртібі және емтихан комиссиясын құру тәртібі туралы ереже бар. Компания жұмыскерлері түгіндеуден жеке қорғау құралдарымен жабдықталған. Тұрақты негізде Компания және Компания тобының еншілес ұйымдарының қызметкерлерін оқыту жүргізіледі. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар жұмыс орнында жүргізіледі.

Инвестициялық жобалар тәуекелдерін басқару (инвестициялық жобаларға салынған қаражаттарды жоғалту, жобаның қымбаттауы және уақытылы қолданысқа енгізілмеу, технологиялық артта қалу мен өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілетінің төмендігі)

Бұл тәуекелдер операциялық тәуекелдер болып табылады. Олардың туындауы экономикалық және нарықтық стратегиялардың негізсіз анықталуы, сонымен қатар Компания мақсаттарына жетуге үлесу қосуға қабілетті инновациялардың алуан түрлерінің тиесілі басымдылықтарын, жобаның қаржылық-экономикалық және техникалық –экономикалық негіздемесінің сапасыз және уақытылы дайындалмауы секілді факторлармен шартталған.

Инвестициялық жобалар тәуекелдерін мигитациялау мақсатында Компанияда 2016 жылы келесі жұмыс жүргізілді:

- Компанияның директорлар кеңесі Кормпанияның инвестициялық жобаларын жүзеге асыру мен қаржыландыруын оларды Компанияның директорлар кеңесі мақұлдағаннан кейін жүзеге асыру туралы шешім қабылданды;

- Компанияның директорлар кеңесі 2015 жылдың 2 жартыжылдығына Компанияның инвестициялық жобаларының мониторингі бойынша есеп қарастырылды (2016 жылдың 14 шілдесіндегі №7 хаттамасы);

- Компанияның директорлар кеңесі 2016 жылдың 1 жартыжылдығына (2016 жылдың 16 қыркүйегіндегі №8 хаттамасы) және 2016 жылдың 2 жартыжылдығына (2017 жылдың 30 наурызындағы №2 хаттама) арналған инвестициялық жобалар бойынша мониторингтік есептер қарастырылды;

- Компанияның директорлар кеңесі « С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ өз қаражаты есебінен ағын суларды тазарту және құрылғыларды механикалық бақылау жүйесімен нақтылықтың 5 класының баспа платаларының өндірісі» (2016 жылдың 14 желтоқсанындағы №10 хаттама) инвестициялық жобасы бойынша ақпарат назарға алынды;

- «Семей инжиниринг» АҚ базасы негізінде әскери және азаматтық бағыттағы ауыр техникасын модернизациялау, инженерлік-техникалық қызмет көрсету, жөндеу орталығын жасау (2016 жылдың 08 қазанындағы №23 РБК шешімі)» жобасының ФЭО түзетуінің мақсатқа сайлығы туралы Республикалық бюджеттік комиссияның оң шешімі алынды;

- «ҚР территориясында электронды-оптикалық аспаптар өндірісі бойынша орталық жасау» (2016 жылдың 08 қазанындағы №23 РБК шешімі) жобасын ФЭО түзетуі туралы РБК оң шешімі алынды, сонымен қатар Қазақстан Республикасы қорғаныс министрінің ФЭО түзетуін бекіту туралы бұйрығына қол қойылды (2016 жылдың 27 қазанындағы №500 бұйрық);

- Компанияда Инвестициялық– инновациялық комитет (бұдан әрі– ИИК) құрылды, Компаниядағы инвестициялық жобаларды қарастыру, келістіру Регламенті бекітілді;

-2016 жылдың қаңтар– желтоқсан айларында 13 сұрақ қарастырылған ИИК 10 отырысы өткізілді.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Сапа саласындағы Компанияның стратегиялық міндеттері ISO 9001:2008 халықаралық стандарты негізінде сапа менеджментіне жүйелік тәсіл қолдану арқылы басқару нәтижелілігі мен тиімділікке қол жеткізуге бағытталған. Жүйелік тәсіл сапаның тұрақты жоғары деңгейімен нәтижелі бизнес-процесстерді құруға мүмкіндік береді және сапаға әсер ететін білікті және негізделген барлық факторларды басқаруға кепілдік береді.

Компаниядағы сапа менеджменті жүйесі 2006 жылдан бастап енгізілген және ИСО 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес жұмыс қалпында ұсталып тұрады.

Сертификат халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестікке сертификаттау бойынша жұмыстарды жүргізу құқығына аккредиттелген сертификаттау бойынша жетекші органдардың бірі TUV SUD Management Service GmbH берілген.

9001:2015 стандартының жаңа нұсқасының шығуына байланысты, 2017-2018 жылдары Компанияның жаңа стандартқа көшуі бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізу жоспарланған.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

Кадрлық саясат

Персоналды дамыту мен оқыту

Әлеуметтік тұрақтылық

Демеушілік пен қайырымдылық

Жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздік

Қоршаған ортаны қорғау

Сатып алулардағы жергілікті қамту



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті Компания ұзақ мерзімді құнын жасау, стратегиялық мақсаттарға жету және Компанияның оң репутациясын қалыптастыру үшін қажетті шарттардың кепілі ретінде қарастырады.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік жүйесі барлық мүдделі тараптардың үйлесімділігіне бағытталған. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік міндеттемелерді сақтау, өзара әрекеттестіктің жүйелілігі, Компания қызметінің ақпараттық мөлдірлігі, мүдделерді және ынтымақтастықты құрметтеу қағидаларына негізделген.

Мүдделі тараптардың басты топтары:

- Жалғыз акционер мен сенімді басқарушы;
- Мемлекеттік органдар;
- Еншілес және тәуелді ұйымдар;
- Жеткізіп берушілер, мердігерлер, клиенттер;
- Компания персоналы.

Жалғыз акционер және Сенімді басқарушымен өзара әрекеттестік

Компания акцияларының 100% жалғыз акционерге тиесілі. Компанияның директорлар кеңесі Жалғыз акционермен және Сенімді басқарушымен тұрақты және тиімді өзара әрекеттестіктің маңыздылығын түсінеді. Компания Жалғыз акционер және Сенімді басқарушыға Компанияның ішкі құжаттарымен және Жарғымен қарастрылған тәртіпте өз қызметі туралы уақытылы әрі толық көлемде ақпарат береді.

Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік

Компания мемлекеттік органдар мен Компанияның барлық бастамалары ел экономикасының дамуына бағытталуына керек деген әріптестік және құрмет, түсіністік қағидалары негізінде мемлекеттік органдармен қатынастар құрады. Компания және оның еншілес және тәуелді ұйымдар жауапты және адал салық төлеушілер болып табылады.

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттестік

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттестік осындай ұйымдардың тиесілі органдары арқылы бекітілген корпоративті процедуралар аясында жүзеге асырылады. Еншілес және тәуелді ұйымдар деп Компания тікелей немесе жанама түрде акцияларына (қатысу үлестері) иелік ететін ұйымдар аталады. Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттестігінің негізгі мақсаттары Компания және еншілес және тәуелді ұйымдардың тұрақты қаржылық дамуы, табыстылығы, инвестициялық тартымдылығын артыруды қамтамасыз ету болып табылады, сонымен қатар Компанияның үйлестірілген және тиімді даму стратегиясын әзірлеу мен жүзеге асыру.



Жеткізіп берушілермен, мердігерлермен және клиенттермен өзара әрекеттестік

Жеткізіп берушілермен, мердігерлермен және клиенттермен қатынастар орната отырып, Компания өзара пайда мүдделерін сақтау, ашықтық, адалдық, мойынға алынған міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті түсіну қағидаларын басшылыққа алады, келісімшарттық қатынастардың барлық шарттарын сақтайды, өзара әрекеттестіктерде құрмет пен адалдық көрсетеді, келісімшарт міндеттемелерін орындау бойынша тапсырыс берушілермен жұмыс кездесулерін өткізеді.

Персонал

Компания және персонал өзара әрекеттестігі ынтымақтастық негізінде қатынастарды қалыптастыруға бағытталған.

Компания әрбір жұмыскердің қосқан үлесін бағалайды және бастама, жауапкершілік және өте жоғары мақсаттарға жетуді ынталандыра отырып, құрмет пен ынтымақтастық негізінде кадрлармен қатынастар құрады.

Жұмыскердің жұмысшылармен өзара әрекеттестігі Қазақстан Республикасы заңының нормаларына сәйкес келеді, Ұжымдық келісімшарт, еңбек келісімшарттары, іскерлік этика Кодексі мен кадрлық саясатпен реттеледі.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компанияның кадрлық саясаты оның табысын анықтайтын маңызды стратегиялық фактор болып табылады. Компанияда негізгі мақсаты HR-менеджмент енгізу арқылы персоналды басқару тиімділігін арттыру және максималды пайда табуға бағытталған. Компанияның адами ресурстарын басқару жүйесін жасау және Компания және еншілес және тәуелді ұйымдардың пайдасына жұмыскер ғана емес, жұмыс берушінің де қатынастарының дамуын, мүдделердің үйлесімді болуына септігін тигізетін экономикалық ынталандырулар мен әлеуметтік кепілдемелерге негізделетін бәсекелі ортадағы көшбасшылықты қамтамасыз ету арқылы персоналды тиімді басқаруды арттыру болып табылатын Кадрлық саясат әрекет етеді.


Кадрлық саясаттың басты басымдылықтары:

- Біліктіліктері жоғары жұмыскерлерді тарту, дамыту және ұстап қал;
- Персоналды басқарудың алдыңғы қатарлы әдістерін енгізу;
- Сыртқы ресурстар мен ішкі кадрлық резервтің ақылға қонымды қосындысы арқылы кадрлық резервті басқару; басшы жұмыскерлердің кадрлық резервін қалыптастыру;
- жұмыскерлердің кадрлық резервін қалыптастыру;
- бірлескен құндылықтар, әлеуметтік нормалар мен жұмыскер жүріс-тұрысын реттейтін нормаларын әзірлеу;
- әлеуметтік –еңбек қатынастарын реттеу, еңбек шиеленістерінің алдын алу мен жол бермеу. Компания персоналының құрылымы.

Компания тобы жұмыскерлерінің орташа тізім бойынша саны 2016 жылы 4 997 адамды (497 (10%) – әкімшілік персонал және 4 500 (90%) – өндірістік персонал) құрады.




Компания тобының жұмыскерлерінің орташа тізім бойынша саны, адам.



■ Әкімшілік - басқарушы қызметкерлер ■ Өндірістік қызметкерлер

4 997 адамның ішінде Компания тобындағы әйелдер саны - 1 054 адам немесе 21%.


Гендерлік белгілері бойынша Компания тобының жұмыскерлерінің орташа тізім бойынша саны, адам.



■ Әйелдер ■ Еркектер


Жұмыскерлердің жас ерекшелігі бойынша саны: 29-49 жасқа дейінгі топ басым: Осы топ бойынша әкімшілік- басқарушылық персонал–48,48%, осы топ бойынша өндірістік персонал–37,73%.

Жұмыскерлердің жас ерекшелігі бойынша саны, %






ТОП – менеджерлер саны 66 адамды құрайды, олардың ішінде CEO позициясы – 13 адам, CEO-1 – 53 адам, олардың 9 әйелдер.




CEO-2,3,4 деңгейіндегі басшылар саны 348 құрайды, олардың ішінде басшылар (департамент директоры, басқарма басшысы, Қызмет жетекшісі, бөлім басшысы) – 247 адам, олардың ішінде әйелдер 68 адам, жетекші орынбасарлары – 101 адам, олардың ішінде 18 әйелдер.



Компания Персоналы жұмыскерлер білімінің жоғарылығымен сипаттамалады. 2016 жылдың 31 желтоқсаны ахуалы бойынша ӘБП жұмыскерлерінің 84,17 % жоғары білімді және 14,44 % – орташа арнайы.

Білімі бойынша жұмыскерлер саны, %



Компания трансформациясы (HR-бағыт) Жол картасы мен меритократия қағидаларын жүзеге асыру аясында, адам ресурстарын басқару бойынша референстік үлгіге сәйкес жұмыс 4 бағыт бойынша жүргізілді және келесі міндеттер жүзеге асырылды:

1. Компания сайтында бос орындарды міндетті жариялау арқылы әкімшілік лауазымдарға жұмысқа алу кезінде Компаниядағы қатаң конкурстық іріктеуді енгізу және үздік үміткерлерді іріктеу.

Компаниядағы жұмысқа қабылдау процедурасы Компанияның әкімшілік лауазымдарына конкурстық іріктеу ережелеріне сәйкес, соның ішінде «Самрұқ -Қазына» Корпоративті университеті ЖМ базасында кәсіптік және жеке-іскерлік құзіреттіліктер бойынша тестілеу элементтерін қолданумен және конкурстық комиссия отырысы мен үміткерлер білім деңгейін тексеру үшін (тестілеу өту жағдайында) Компания топ-менеджментімен әңгімелесу жүргізілді.

2016 жылы барлығы конкурсқа 12 бос орынға 219 адам қатысты (18 адам бір орынға), олардың 166 (76%) біліктілік талаптарына жауап бермейді. Бос орындарға үміткерлердің 3,2 есе артуы (2015 жылмен салыстырғанда).

«Самрұқ-Қазына» АҚ кадрлық аудитінің нәтижелері бойынша Компания осы HR-процесін енгізу бойынша кқшбасшылар тобына кірді.



2. Басқару жүйесін таланттармен енгізу, персонал біліктілігін функционалдық академиялар бағдарламадарына қатысу арқылы арттыру.

2015 жылы Компанияның «ТОП-25» Кадрлық резерві құрылды.

«ТОП-25» Кадрлық резервінен 2016 жылы Компания Басқармасы Төрағасының орынбасары ретінде - Пигорев А.Ю. және Сатжанов К. тағайындалды, Корпоративті даму Департаменті директоры болып - Уржан М.А.тағайындалды.

2016 жылы Компания таланттары пулы құрылды, оған Компания мен еншілес ұйымдардың 91 жұмыскері кірді. Еншілес ұйымдардың ішкі Кадрлық резерві құрамында 182 адам бар.

HR және IT бағыттар бойынша Қордың функционалдық академияларында Компанияның 6 жұмыскері оқудан өтті (4 - HR, 2 - IT).

3. Лауазымдарды жіктеу құрылымын енгізу (грейдирлеу).

2016 жылы HayGroup лауазымдарды сипаттау бойынша Компания мен еншілес ұйымдардың жұмыскерлері оқудан өтті.

37 лауазымды сипаттау мен бағалау бойынша жұмыс жүргізілді: жетекші және басқарушылық лауазымдар (CEO (1 бірлік), CEO-1 (4 бірлік)), аралық лауазымдар (21 бірлік): Ішкі аудит қызметі, корпоративті хатшы, қаржылық –экономикалық блок және адами ресурстарды басқару, 11 әкімшілік лауазымдарды бағалау (CEO-2).

2016 жылдың екінші жартыжылдығында Компания мен еншілес ұйымдардың Бағалау комитеттерінің жұмыстарының регламенттері мен құрамдары бекітілді.

2016 жылдың мамыр-маусым айларында Компанияның 50 әкімшілік лауазымдарын сипаттау бойынша жұмыс жүргізілді.

4. Қызмет тиімділігін бағалауды енгізу (әкімшілік және басқарушылық жұмыскерлерді бағалау жүйесі; жұмысқа алу, дамыту, бағалау мен жұмыскерлерді алға жылжыту кезіндегі Көшбасшылық құзіреттіліктерінің үлгісі; материалдық емес ынталандыру жүйесі, бірінші басшыларды (CEO), 1, 2 деңгейдегі басшыларды (CEO-1, CEO-2) кешенді бағалау (360 градус).

Компания мен еншілес ұйымдардағы жұмыскерлерді дамыту, бағадау және алға жылжыту кезіндегі Көшбасшылық құзіреттіліктерінің үлгісімен басқарушылық және әкімшілік жұмыскерлерінің қызметін бағалаудың жаңа Ережелері бекітілді (Басқарманың 2016 жылдың 31 наурызындағы шешімі, № 11/16 хаттама).

2016 жылдың желтоқсан айында басшылардың кешенді бағалауы «360 градус» жүргізілді (CEO-1,2), бағалау нәтижелері Компания жұмыскерлерін дамыту мен оқыту Жоспарында қарастырылған.

Материалдық емес ынталандыру Ережелері бекітілген.

Материалдық емес сыйақы дайындау бойынша дерекқор құрылған.

2016 жылдың қыркүйек айында Компанияның тұрғынүй комиссиясы туралы Ереже бекітілді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Персоналды дамыту мен оқыту Компания тобының қызметінің басты факторларының бірі болып табылады. Персоналды дамыту деп біліктілікті арттыру мен кәсіби өсімді арттыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы түсініледі.

2016 жылы барлығы біліктіліктерін 1 065 адам арттырды, бұл 2015 жылмен салыстырғанда (960 адам) 5,6% жоғары.

Оқыту мен біліктіліктерін арттыруды Компания тобының жұмыскерлері Қазақстан Республикасының, сонымен қатар шетелдердегі әр түрлі оқу орталықтарынан алды.

«Қазақстан Парамаунт инжиниринг» ЖШС өкілдері қайта даярлаудан ОАР өтті, сонымен қатар Компанияның бірлескен кәсіпорны – «КАМАЗ инжиниринг» АҚ өтті.

«Қазақстан Аселсан Инжиниринг» ЖШС қорғаныстық электронды-оптикалық өнім шығару бойынша зауытта да жастарды жұмысқа орналастыруға ерекше назар аударылады, оның мамандағы Сингапур, Голландия және Түркияда оқу орталықтарында біліктіліктерін арттырды.

Жұмыскерлер үшін барлық арнайы жағдайлар жасалған: екі мезгіл тамақтандыру, кәсіпорынға дейін жеткізу және кері алып келу, тіл курстарын ұйымдастыру. Жыл сайын 10 студент, Назарбаев университетінің 2 және 3-ші курстарының студенттері «Қазақстан Аселсан Инжиниринг» ЖШС өндірістік тәжірибеден өтеді.

2016 жылы Астана қаласындағы Авиациялық –техникалық орталық (АТО) қолданысқа енгізілді. АТО мамандары 2016 жылы испандық Севильеде Airbus Defence and Space компаниясында С-295 ұшақтарына техникалық қызмет көрсету бойынша теориялық оқудан өтті және Алматының 53975 әскери бөлімшесінде тәжірибелік оқудан өтті.

Осымен қатар, механика, авионика саласында технологиялар трансферті мақсатында «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС жұмыскерлері Германия мен Франциядағы зауыт –өндірушісінде оқудан өтті.

2015 жылы елдің жетекші политехникалық жоғарғы оқу орны – Қ. Сәтпаев таныдағы ҚҰТУ ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Компания осы оқу орнында оқыту үшін зауыттардың жас мамандарын іріктеп алады, кейіннен олар алынған білімдерін Компания тобының ұйымдарында қолданатын болады. Осылайша, меморандумдарды жүзеге асыру аясында 14 жас маман басым мамандық «машина жасау» бойынша мемлекеттік білім беру гранттарын алды.



ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Компания қызметі жұмыскерлерді әлеуметтік қолдауы бойынша келесі ішкі нормативті құжаттармен реттеледі:

- Ұжымдық келісімшарт;
- Компанияның кадрлық саясаты;
- Жұмыскерлерге әлеуметтік қолдауды көрсету ережелері.


Қазақстан Республикасы машина жасау саласындағы салалық келісім аясында Компанияда және барлық еншілес ұйымдарда 2014 – 2016 жылдарға жұмыскер мен жұмыс беруші арасында Ұжымдық келісімшарттар жасалды.

2016 жылы Компания Қазақстан Республикасы еңбек заңының талаптарына сәйкес 2014-2016 жылдарға арналған Компания мен оның еңбек ұжымы арасында жасалған Ұжымдық келісімшартты жаңартып жасады.

Ұжымдық келісімшарт әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамыту бойынша, қызметкерлер кепілдемелері мен құқықтарын қорғау бойынша шараларды жетілдіруге бағытталған.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді, өндірістік персоналдың әлеуметтік көңіл-күйін бағалау мақсатында «Әлеуметтік әріптестік орталығы» корпоративті қоры 2016 жылы әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау бойынша әлеуметтанулық зерттеу жүргізді.

Осылайша зерттеу нәтижелері бойынша 2016 жылы Компания тобының әлеуметтік тұрақтылығының рейтингі 75% жетті. Зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік тұрақтылықтың барлық басты индикаторлары бойынша оң қарқын бақыланып келеді, бұл алдыңғы жылдардың нәтижелерімен салыстырғанда қолданылған шаралардың табыстылығы мен Компаниядағы жағдайдың шынайы жақсаруы дегенді білдіреді.



ДЕМЕУШІЛІК ПЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Осы бағытты жүзеге асыру аясында 9 мамыр, 1 қыркүйек, 1 қазан, Ұлы Отан соғысы ардагерлерін және соларға теңестірілген тұлғаларды қолдау, бұрын Компания тобында жұмыс істеген зейнеткерлерге арналған тұрақты іс-шаралар өткізіліп тұрады. Сонымен бірге «Мектепке жол» науқаны өткізіліп тұрады, соның аясында көп балалы Компания тобының жұмыскерлеріне тамақ өнімдері, мектеп киімі және заттарымен материалдық көмек көрсетіледі.



Жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздік

Компанияда қауіпсіз еңбеу жағдайларын жасау, жарақаттануды төмендету, жұмыскерлердің және санитарлық-тұрмыстық еңбек шарттарын жақсарту, зиянды және жағымсыз факторлардың әсерін төмендету бойынша тұрақты жұмыс жүргізіліп отырады.

Жұмыс өндірісімен байланысты бақытсыз жағдайлардың алдын алу мақсатында Компания тобында кіріспе, жоспарлық, кезектен тыс және жоспардан тыс нұсқаулықтар жүргізілді.

Компания өндірістегі еңбек қауіпсіздігін арттыру бойынша жүйелі шаралар өткізіп тұрады. Компанияның еншілес ұйымдары өздеріне алған міндеттемелерін орындайды, соның ішінде мыналар бойынша:

- Күз-қыс мезгілінде жұмыс орындарында тиесілі температураны қамтамасыз ету;
- Жұмыс орындарының жеткілікті жарықтануын қамтамасыз ету;
- Өндірістік жарақат себептеріне талдау жасау мен оның алдын алу бойынша шаралар қолдану;
- Алдын алу медициналық қарауды өткізу;
- Арнайы киім, аяқ киім, жеке қорғаныс құралдарын жұмыскерлерге беру;
- Жұмыскерлердің денсаулығына және өміріне олардың еңбек міндеттемелерін орындау кезінде келтірілген зиян үшін жауапкершілікті сақтандыру;
- Еңбек қорғау талаптарын сақтауды тұрақты бақылау;
- Зауыт жұмыскерлеріне шұғыл көмек көрсету үшін қажетті медикаменттермен цехтар, медпункттерді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы «Жұмыскерді оның еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде бақытсыз жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы» Заңының талаптарына сәйкес жұмыскер өмірі мен денсаулығына оның еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде келтірілген шығын үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүзеге асырылады.

Есеп беру мерзімінде Компания тобында өндірісте шығынсыз бір бақытсыз жағдай белгіленді.

Өндірістік жарақаттану қарқынын зерттеу Компания тобында 2012-2013 жылдармен салыстырғанда бұл көрсеткішті азайтуға мүмкіндік болғанын көрсетеді.



Қоршаған ортаны қорғау

Компания тобының кәсіпорындары қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметтерді өзінің күнделікті жұмысының ажырағысыз бөлігі ретінде қарастырады және өз қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту бойынша шараларға бірінші кезекте назар аударады.

Компания тобының кәсіпорнының аймақтың тұрақты дамуына қосқан үлесін табиғатты қорғау заңнамасының таоаптарын сақтаумен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнамасына сәйкес Компания тобының кәсіпорындары қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар алды.

Компания тобының кәсіпорындары шекті жол берілетін қалдықтардың нормативтерінің қоршаған ортаны қорғаудың территориялық органдарымен әзірленді және келісілді. Бұлардың мерзімдері өткен соң жаңа нормативтер әзірленеді.

Компания қоршаған ортаға максималды аялап қарым-қатынас жасау қағидаларын сақтауға және қоршаған ортаға теріс әсертердің алдын алуға әсер ететін табиғи ресурстарды ақылға сыйымды пайдалануға ұмтылады, қоршаған ортаның жағдайы үшін жоғары жауапкершілікке бағытталған бастамаларды қолданады, экологиялық таза және энергия үнемдейтін технологиялардың дамыту мен таратуға көмек береді, экологиялық ақпаратты ашық айту мен экологиялық мониторинг жүргізуге көмектеседі.

Экологиялық тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттер мыналар:

- Қоршаған ортаға аялап қарым-қатынас жасау;
- Өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы нормалар мен стандарттарды сақтау;
- Қызметтің энергиялық тиімділігін арттыру;
- Есептілік жүйесін енгізу.

Компанияның энергия тұтынуы екі құрамдас бөліктерден тұрады: электр энергиясы мен шаруашылық қажеттіліктеріне арналған жылу энергиясы.

Энергия үнемдеу нүктелерінен ең үлкен әсерді инновациялық энергия үнемдейтін технологияларды қолдану есебінен энергия сыйымдылығын төмендету бойынша іс-шаралар береді. Шығындарды айтарлықтай төмендету жаңа материалдарды қолдану, ғимараттың жылуын жоғалтуды қысқартатын фасадтар мен терезе конструкцияларын жылыту есебінен кәсіпорынды модернизациялау жобасын жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын тұтыну көлемдерін айтарлықтай тарылта алады.




Сатып алулардағы жергілікті қамту

Компания тобы бойынша сатып алулардың жалпы көлемі 2016 жыл қорытындылары бойынша 11 199 млн. теңгені құрады, бұл ретте сатып алулардағы жергілікті қамту 16,75% немесе 1 876 млн. теңгені құрады. Осымен қоса, көрсетілген сомаға мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс бойынша келісімшарттар олар құпия болғандықтан кірмейтінін атап өту керек.

8 595 млн. теңге сомасына сатылып алынған тауарлардың жалпы көлемінен қазақстандық жеткізіп берушілер үлесі 97 млн. теңгені құрады немесе жергілікті қамтудың 1,13%. Жұмыстар/қызметтерді орындауға жасалған келісімшарттардың жалпы көлемі 1 957 млн. теңге сомасын құрады, осы ретте жергілікті қамту 90,90% немесе 1 779 млн. теңге болды.

Жеткізіп берушілерді іріктеу сатып алулар процесінің мөлдірлігі мен ашықтығы, сапалы тауарлар сатып алу, жұмыстар, қызметтер сатып алу, әлеуетті жеткізіп берушілер арасында әділ бәсекелестік қағидаларына қолданыстағы процедуралар аясында жүргізіледі. Бұл ретте жеткізіп берушілердің сенімділігі Холдингтің сенімсіз әлеуетті жеткізіп берушілерінің тізімі мен (немесе) мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушыларының тізілімімен тексеру арқылы тексеріледі.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ тобының сатып алуларының жалпы көлемі
(млн. тенге)





«САМРҰҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2016 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Қазақстан ижиниринг ҰҚ АҚ Директорлар Кеңесінң 16 мамыр 2017 жылғы №3 хаттамасы шешімімен бекітілген)



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
1.ҮКІМЕТ АКЦИОНЕРЛІК ҚОР РЕТІНДЕ		
1.1	Ұйымның директорлар кеңесінің құрамына мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының, үкімет мүшелерінің қатысуына жол берілмейді	Ұйымның директорлар кеңесінің құрамына мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының, үкімет мүшелерінің қатысуына жол берілмейді
2. КОМПАНИЯ МЕН ҚОРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ. ҚОРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГ РЕТІНДЕГІ РӨЛІ		
2.1	Қор жыл сайын Директорлар кеңесінің Төрағасына және Компанияның директорлар кеңесінің төрағаларына алдағы қаржы жылындағы күтілетін болжамдарды жібереді. Компания Жалғыз акционердің күткендерін орындау бойынша шаралар қолданады	Жалғыз акционердің күткендерін орындау бойынша шаралар қолдану.
2.2	Қор осы Кодексте және компания жарғысында анықталған тәртіпте директорлар кеңесі арқылы, сонымен қатар акционер функциясын жүзеге асыру арқылы компанияны басқаруға қатысады. Холдингтік компаниядағы шешімдер қабылдау процесі мен корпоративті басқару жүйесі тек холдингтік компанияда ғана емес, сонымен қатар оның құрамына кіретін ұйымдардың құжаттарында және Жарғысында нақты бекітілген және реттелген болуы керек.	Кодексте бекітілген корпоративті процедураларды рәсімдеуге арналған Компания тобы ұйымдары мен компания жарғыларын талдау мен қайта қарау.
3.ТҰРАҚТЫ ДАМУ		
3.1	Компания СД, Басқарма және жұмыскерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаларын ұстанушылықты қосатын тұрақты даму саласында басқару жүйесіне ие болуы керек.	Тұрақты даму саласындағы барлық іс-шараларды үйлестіруді қолданыстағы бөлімшелерінің біріне бекіту. Осы бөлімше жұмыскерлерінің құзіреттіліктері мен жауапкершіліктері нақты анықталулары және бекітілуі керек. Компания Басқармасының мүшелері тұрақты даму саласында барлық іс-шаралардың үйлестіруі үшін белгілі бір жауапкершілік алулары керек Компания және ЕТҰ жауапты жұмыскерлері үшін оқыту, тренингтер ұйымдастыру және тұрақты дамудың барлық мәселелері бойынша Компания ЕТҰ әдістемелік қолдау көрсету СД жанындағы әрекет етіп тұрған Комитеттердің бірінің құзіреттіліктері шеңберіне тұрақты даму мәселелерін қарастыру бойынша қолданыстағы функцияларды беру

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
1.ҮКІМЕТ АКЦИОНЕРЛІК ҚОР РЕТІНДЕ	
Сақталады	ҚР қорғаныс министрінің 2016 жылдың 4 мамырындағы №216 бұйрығымен компанияның директорлар кеңесі жаңа құрамда сайланды. Компанияның директорлар кеңесінің құрамынан Сауранбаев Н.Е., (ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары) Рау А.П. (ҚР инвестициялар мен даму жөніндегі бірінші вице-министр) алынып тасталды.
2.КОМПАНИЯ МЕН ҚОРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ. ҰЛТТЫҚ ХОЛДИНГТІҢ БАСҚАРУШЫСЫ РЕТІНДЕГІ ҚОРДЫҢ РӨЛІ	
Сақталады	«Самрұқ -Қазына» АҚ 26.04.2016 жылғы № 09-1-20-02/1383 хатына сәйкес Компания директорлар кеңесінің Төрағасы Сауранбаева Н.Е. атына Компанияның Жалғыз акционерінің күткендері ұсынылды. Компания директорлар кеңесінің 2016 жылдың 24 мамырындағы шешімімен № 5 хаттама 2016-2020 жж.арналған Жалғыз акционердің күтетін болжамдарын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.
Сақталады	«Самрұқ -Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен Компанияның 2016 жылдың 08 тамызындағы Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. (№ 29/16 хаттама).
3.ТҰРАҚТЫ ДАМУ	
Жартылай сақталады	Басқарма Төарағысының 2016 жылдың 16 тамызындағы №48 бұйрығымен Компанияның тұрақты дамуы саласындағы барлық іс-шараларды үйлестіру бойынша Компания Басқармасы мүшелері арасында жауапкершілік жүктеліп таратылды және бекітілді. Сонымен қатар, 2016 жылдың 9 желтоқсанында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау Департаменті директорының орынбасары- тренер Қуанбаев Е.В. қатысуымен Тұрақты даму мәселелері бойынша жиналыс –семинар өткізілді.
	2016 жылдың 27 желтоқсанындағы тұрақты даму бойынша Жұмыс тобының отырысы хаттамасының тапсырмасын орындау мақсатында жұмыс тобының мүшелеріне зерттеу үшін тұрақты даму бойынша халықаралық стандарттар бағытталды. Одан бөлек Компания директорлар кеңесінің шешімімен (16.09.16 ж. № 8 хаттама) Компанияның тұрақты дамуы саласындағы мәселелерді қарастыру бойынша құзіреттіліктерді бөліп беру бөлігінде стратегия және инвестициялар комитеті туралы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
3. ТҰРАҚТЫ ДАМУ		
3.2	<p>Компанияда келесі элементтерден тұратын, бірақ тек солармен шектелмейтін, тұрақты даму саласындағы жүйе қалыптасуы керек:</p> <ul style="list-style-type: none">- үш құрамдастары бойынша ішкі және сыртқы жағдайға талдау жасау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер);- әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді анықтау;- мүдделі тараптардың картасын және солармен өзара әрекеттесу әдістерін құру;мақсаттарды анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және солар үшін жауапты тұлғаларды анықтау;- басты процесстерге тұрақты дамуды кіріктіру, тәуекелдерді басқару, жоспарлау, адами ресурстарды басқару, инвестициялар, есептілік, операциялық қызмет және т.б. қоса алғанда, сонымен қатар шешімдер қабылдау процесіне және даму стратегиясына кіріктіру;- тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүйелі мониторинг жасау мен бағалау, мақсаттарға жету мен КПП бағалау, түзететін шараларды қабылдау, тұрақты жақсартулар мәдениетін енгізу.	<p>Корпоративті деңгейде тұрақты даму бойынша жұмыс тобын оның құрамына басты еншілес ұйымдардың өкілдерін қосумен жасау. («УЗ «Зенит» АҚ, «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ, «ПАМЖЗ» АҚ, «Тыныс» АҚ, «Семей инжиниринг» АҚ, «Мұнаймаш» АҚ)</p> <p>Үш компонент бойынша (экономика, экология және әлеуметтік мәселелер) тұрақты даму саласындағы тәуекелдер тізілімінің толықтығы тәуекелдерін басқару бойынша құрылымдық бөлімшелермен келістіру</p>
5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН АТҚАРУШЫ ОРГАН ТИІМДІЛІГІ		
ДК және ДК Комитеттерінің құрамы		
5.1	<p>Дауыс беретін акцияларының барлығы Қорға тиесілі болатын компанияларда ДК төрағасы Жалғыз акционер шешімімен сайланады; ДК төрағасы Қор өкілдерінің ішінен сайланатын жағдайда ДК ретінде тәуелсіз директорлардың ішінен тәуелсіз директор сайланады.</p>	<p>Кодекс талаптарына сәйкес тәуелсіз директорлар ішінен аға тәуелсіз директорды тағайындау қажеттілігін қарастыру.</p>
5.2	<p>Тәуелсіз директор тәуелсіздік мансабын жоғалту мүмкіндігін бақылауы керек және Директорлар кеңесінің төрағасын мұндай жағдайлардың болуы жағдайында алдын ала хабардар етіп отыруы керек. Директорлар кеңесінің мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін жағдайлар орын алған кезде, директорлар кеңесінің төрағасы осы ақпаратты тиесілі шешім қабылдау үшін акционерлерге тез арада хабарлайды.</p>	<p>Тәуелсіз директорлармен келісімшартқа тәуелсіз директор тәуелсіздік мансабын жоғалту мүмкіндігін бақылауы керектігі туралы тармақ қосу қажет.</p>

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
3. ТҰРАҚТЫ ДАМУ	
Жартылай сақталады	Компания Басқармасы Төрағасының 2016 жылдың 3 қарашасындағы бұйрығымен (№63 бұйрық) жұмыс тобы құрылды, сонымен қатар Компанияның барлық мүдделі тараптарының қатысуымен дөңгелек үстел отырысы өткізілді (2016 жылдың 27 желтоқсанындағы №1 хаттама). 2017 жылға арналған тәуекелдердің тізілімі, тұрақты даму компоненттері бойынша тәуекелдерді қоса алғанда, Компанияның директорлар кеңесінің 14.12.2016 ж. шешімімен бекітілді. (№ 10 хаттама).
5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН АТҚАРУШЫ ОРГАН ТИІМДІЛІГІ	
ДК және ДК Комитеттерінің құрамы	
Сақталады	Корпоративті басқару кодексіне сәйкес аға тәуелсіз директор егер директорлар кеңесінің төрағасы қор өкілі болған жағдайда тағайындалады. Компанияда Директорлар кеңесіндегі Қор өкілі ДК Төрағасы болып табылмайды, осыған байланысты аға тәуелсіз директорды тағайындау қажеттілігі туындаған жоқ
Сақталады	Бұл тармақ Компанияның Тәуелсіз директорларымен келісімшартқа енгізілді



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
5.ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОРЫНДАУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ДК құрамы мен ДК Комитеттері		
5.3	Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы дайындау деңгейі ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін деңгейдегі директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, ұстап тұру мен ынталандыру үшін жеткілікті болуы керек. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы тағайындау қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, осы орайда осы тұлғаның директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан ұйым үшін болатын күтілетін оң әсер назарға алынуы керек.	Тәуелсіз директорлардың сыйақы мөлшерлері бойынша Қор мен СБ ұсыныстар дайындау
5.4	Операциялары технологиялық апаттар тәуекелімен байланысты ұйымдарда (мысалға, Өнеркәсіптік компаниялар, әуе және темір жол тасымалдары) қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Комитеттер құрылуы керек.	Операциялары технологиялық апаттар тәуекелімен байланысты ұйымдар үшін Кодекс талаптарына сәйкес ДК қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Комитеттерін құру қажеттілігін қарастыру немесе осы мәселелерді қарастыруды ДК жанындағы қолданыстағы комитеттердің бірінің құзіреттілігіне қосу керек. Бұл Комитет сонымен бірге Компаниядағы тұрақты дамудың барлық мәселелерін қарастыра және бекіте алады
Директорлар кеңесінің тиімділігі		
5.5	Компания ДК мүшелері өздерінің міндеттерін тиесілі түрде атқарулары керек және Компанияның тұрақты дамуы мен ұзақ мерзімді құнының өсімін қамтамасыз етуі керек. ДК Басқарма қызметін бақылау мен Компанияны басқару үшін жеткілікті құзіреттіліктерге ие болуы керек. Басқарма Компанияға толық операциялық дербестік береді, және ДК және Компания Басқармасы Компания Кодексі мен жарғыда қарастырылған олардың құзіреттіліктеріне сәйкес шешімдер қабылдауы керек.	Қор және СБ Қор және СБ қабылдайтын маңызды мәселелер ерте сатысында Компанияның директорлар кеңесінде алдын ала қарастырылуы туралы ұсыныстар енгізу. Бұл ретте, барлық басты корпоративті шешімдерді қабылдаудың бірізділігі аса маңызды, соларға сәйкес Компания ДК деңгейінде мәселелерді қарастыру мен алдын ала талдау қажет

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
5.ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОРЫНДАУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ДК құрамы мен ДК Комитеттері	
Сақталады	СБ 04.05.2016 ж. № 216 бұйрығымен Компания тәуелсіз директорларының сыйақы мөлшері анықталды
Сақталады	<p>Директорлар кеңесінің шешімімен (16.09.16 ж. № 8 хаттама) ДК стратегиялар мен инвестициялар Комитетінің құзіреттілігіне қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша.</p> <p>3.5.тармақпен келесі өзгертулер енгізілді:3.5.1. Компания қызметіндегі қауіпсіздікті арттыру бойынша ұсыныстар дайындау, тәуекелдер мен істердің жағдайын талдау;</p> <p>3.5.2. Тұрақты дамудың құрамдас бөлігін ретіндегі қоршаған ортаны қорғау бойынша Компания саясатын әзірлеу - табиғи жүйелерге әсерді азайту, ресурстарды оңтайлы пайдалану, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологиялар қолдану, экологиялық тұрғыда пайдалы өнім өндіру, қалдықтарды қайта өңдеу мен жоюға бағытталған;</p> <p>3.5.3. Компанияның инвестициялық жобаларын қоршаған ортаны қорғау аспектісінде алдын ала қарастыру;</p> <p>3.5.4. қоршаған ортаны қорғау бойынша саясатты жүзеге асырудағы Компания қызметіне өзара тиімді әрекеттесу мен қызметін үйлестіру бойынша экология саласындағы корпоративті басқару жүйелерін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу және тәуекелдерге талдау жасау.</p>
Директорлар Кеңесінің тиімділігі	
Ішінара сақталады	Компания жарғысында Жалғыз акционер, директорлар кеңесі мен атқарушы органның құзіреттіліктері анық шектелген және оған қоса, 2017 жылдың 12 қаңтарындағы № 54-и хатымен Жалғыз акционерге СБ және Қор қабылдайтын анағұрлым маңызды мәселелер ерте сатысында Компанияның директорлар кеңесінде алдын ала қарастырылғаны туралы ұсыныстар жіберілді.



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
Директорлар кеңесінің тиімділігі		
5.6	<p>ДК төрағасының басты функциялары:</p> <p>1) ДК отырыстарын және күн тәртібін жоспарлау;</p> <p>2) ДК қарастыруы тиіс ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді азайту мен стратегиялық мәселелерді қарастыруға ДК назарын аудару;</p> <p>3) ДК отырыстарын өткізу максималды нәтижелілігін талқылаулар, күн тәртібіндегі сұрақтарды жан-жақты және терең қарастыруға, ашық талқылауларды ын-таландыруға, келісілген шешімдерге қол жеткізуге жеткілікті уақыт бөлу арқылы қамтамасыз ету</p>	<p>ДК Төрағасының ДК отырыстарын жоспарлау процедурасын әзірлеу және бекітуі, мыналарды қамтиды:</p> <p>- ДК қарастыруына Кодексқа сәйкес ерекше назар аударуы тиіс мәселелерді есепке алумен ДК отырыстарының тәртібін жасау, және күн тәртібіндегі барлық сұрақтарды егжей-тегжейлі және терең талқылау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз ету үшін оларды алдын ала жоспарлау.</p> <p>- стратегиялық мәселелерді қарастыруда ДК назарын шоғырландыруды қамтамасыз ететін отырыстардың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ДК өткізуге бөлінген жалпы уақытты бөлу</p>
5.7	<p>ДК қарастыруы тиіс ағымдағы (операциялық) сипаттағы сұрақтарды азайту мен стратегиялық мәселелерді қарастыруға ДК назарын аударуды қамтамасыз ету;</p> <p>ДК толық, дұрыс және сапалы ақпарат негізінде шешімдер қабылдауы керек.</p> <p>ДК отырыстарын дайындау мен өткізу оның қызметінің максималды нәтижелілігіне әсер етуі керек.</p> <p>Өз міндеттерін орындау үшін ДК мүшелері толық, өзекті және дер кезінде берілген ақпаратқа қол жеткізе алатын болуы керек. ДК отырыстарына арналған материалдар алдын ала–егер басқада жағдай Жарғыда белгіленбеген болса, жеті күнтізбелік күннен кешіктірілмей, Компания Жарғысында анықталған анағұрлым маңызды сұрақтар бойынша, – он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей, жіберіледі.</p> <p>ДК отырысының күн тәртібіне мерзімдері өтіп кеткен материалдары бар мәселелер кіргізілмейді. Мерзімдері бұзылған сұрақтарды күн тәртібіне қосқан жағдайда, ДК төрағасына осы қажеттіліктің сөзсіз негіздемесі беріледі.</p>	<p>Талқылаулар мен қабылданған шешімдердің толықтығы мен жан-жақты мәліметтеріне қатысты ДК отырыстарының хаттамаларына қойылатын талаптарды әзірлеу мен бекіту, әсіресе ДК қарастыруға Кодекске сәйкес ерекше назар бөлуі қажет мәселелер бойынша.</p> <p>Корпоративті хатшының ДК отырысына арналған материалдардың сапасы мен уақытылылығы бойынша Компания ДК барлық мүшелерінен қағаз жүзіндегі пікірді алуы.</p> <p>Осы пікірлер негізінде материалдар сапасының объективті бағалауын өткізу, және Басқарма мен Корпоративті хатшы үшін оларды жақсарту бойынша іс –шаралар жоспарын әзірлеу.</p> <p>ДК отырыстарына арналған минималды талаптарды бекіту, барлық мүшелермен талқылау негізіндегі құрылымда қоса алғанда (қысқаша шолу, мәселелерді егжей-тегжейлі сипаттау, Басқарма ұсыныстары мен талдау формасы немесе тиесілі комитет және т.б.).</p> <p>Отырыстар өткізетін ұйымдар мен ДК материалдары үшін планшеттер мен басқа да ұялы құрылғыларды пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру. Уақыт пен қағаз ресурстарын айтарлықтай үнемдей, ДК алдыңғы отырыстарының материалдары үшін бірыңғай дереккөздің болуы, Компания мен ДК мүшелері арасындағы тиімді коммуникация және құжаттар кітапханасын пайдалану мүмкіндігі оң әсер болып табылады. Алайда, ұялы құрылғыларды пайдалану үшін ДК мүшелері қатаң құпиясөз саясаты, деректерді толық кодтау және ұрлық немесе жоғалту жағдайында деректерді жою мүмкіндігі секілді ИТ қауіпсіздігінің тиесілі процедураларын бекітуі және сақтауы керек.</p> <p>ДК отырысына берілген материалдар сапасын және уақытылылығын бағалау тәжірибесін енгізу. Басқармаға және ДК отырыстарына материалдар енгізетін басқа да тұлғаларға осындай бағалау нәтижелері бойынша кері байланыс орнату.</p>
		<p>«ДК отырыстарына арналған материалдар сапасы» критерийін Корпоративті хатшы мен Басқарма мүшелерінің тиімділігін бағалауына қосу.</p>

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
Директорлар кеңесінің тиімділігі	
Сақталады	Компания директорлар кеңесінің шешімімен (Протокол № 10 от 14.12.2016 г.) Компания директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгертулер енгізілді, алдын ала қарастырылды, мұнда ДК Төрағасының ДК отырыстарын жоспарлау мен өткізуге қатысты функциялары кеңейтілген.
Сақталады	Корпоративті хатшы ДК материалдарының сапасын бағалау бойынша ДК мүшелеріне анкеталау сұрақтарын жүргізді, одан бөлек Компанияның ДК тағайындаулары мен сыйақы дайындаулары жөніндегі комитет шешімімен (02.09.2016 ж. № 5 хаттама) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің 2017 жылға арналған материалдарының сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.
Сақталады	Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен (14.12.2016 ж. №10 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгертулер алдын ала қарастырылып, енгізілді, ДК хаттамаларына, сонымен бірге ДК қарастыруына енгізілетін материалдарға минимал талаптар бекітілді.
Сақталады	(14.12.2016 ж. №10 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгертулер алдын ала қарастырылып, енгізілді, ДК хаттамаларына, сонымен бірге ДК қарастыруына енгізілетін материалдарға минимал талаптар бекітілді.
Сақталады	Корпоративті хатшы ДК материалдарының сапасын бағалау бойынша ДК мүшелерінің анкеталық сауалнама жүргізді. Оған қоса, ДК тағайындаулары мен сыйақылар дайындау жөніндегі Комитетінің шешімімен (02.09.2016 ж. № 5 хаттама) Компанияда 2017 жылға арналған директорлар кеңесінің материалдарының сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді
Сақталмайды	Оған қоса, ДК тағайындаулары мен сыйақылар дайындау жөніндегі Комитетінің шешімімен (02.09.2016 ж. № 5 хаттама) Компанияда 2017 жылға арналған директорлар кеңесінің материалдарының сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
5.8	<p>Кодекске сәйкес ДК ұйымды басқару мен атқарушы орган қызметін бақылау үшін жеткілікті құзіреттіліктер берілуі керек. Сонымен қатар ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы ДК жауапкершілігіне қызығушылық бар келісімшарттарды жасауды қарастыру мен бекітуге жатқызады. ОЭСР басшылығы «Мемлекеттік кәсіпорындардың 2015 жылғы корпоративті басқару қағидалары» мүдделер шиелінісі орын алуы мүмкін айтарлықтай келісімдер жасауды жатқызады. Кодекске сәйкес тәуелсіз директорлар қызығушылық бар келісімшарттар жасауды қоса алғанда, мүдделер шиеленісі мүмкін болатын мәселелерді талқылауға белсенді қатысулары керек.</p>	<p>Жасалуына қызығушылық бар келісімшарттардың айтарлықтай немесе мардымсыз ретінде жіктелетін болатын белгілі бір сапалы сипаттамалары мен сандық бастапқы мәндерін орнату. Сандық бастапқы мән Компанияның таза пайдасы, табысы немесе активтерінің пайызы ретінде анықтала алады. Белгілі бір сапалы сипаттамалары бар немесе бастапқы мәннен асатын келісімдерді Компания ДК қарастыру және бекіту қажет. Мардымсыз сипаттағы келісімдерді қарастыру мен бекіту Басқарма құзіреттілігіне жатқызылуы мүмкін.</p> <hr/> <p>«Қор тобына кіретін ұйымдар арасында келісімшарттар жасау ережелеріне» тиесілі өзгертулер енгізу мүмкіндігі туралы Қорға ұсыныстар (бар болса) енгізу</p>
5.9	<p>Компания Басқармасы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ҚБК жүйесі болып табылады. Қор ДК өз өкілдері арқылы Компанияға ҚБК бойынша өз күткендерін береді. Компания ҚБК тізімі мен мақсатты мәндері Компанияның ДК бекітіледі. Компания ҚБК жету мақсатында тиесілі даму жоспарлары әзірленеді. Жыл сайынғы негізде бекітілген даму жоспарымен салыстырғанда Компания ҚБК жетуді бағалау жүзеге асырылады. Бұл бағалау Басқарма мүшелері мен жетекші сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде назарға алынады, сонымен қатар оларды атқарып отырған лауазымдарынан мерзімінен бұрын алып тастау үшін негіздеме бола алады. Басқарма мүшелері мен жетекшісі ДК бағаланады. Бағалаудың негізгі критерийі алға қойылған ҚБК жету болып табылады. Басқарма мүшелері мен жетекшілердің ынталандыратын ҚБК ДК бекітіледі. Басқарма мүшелерінің ынталандыратын ҚБК бөлігіндегі ұсыныстарды ДК қарастыруына Басқарма жетекшісі енгізеді. Бағалау нәтижелері сыйақы дайындау, марапаттау, қайта сайлау (белгілеу) немесе құзіреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді. Стратегиялық мақсаттарға жетуді бағалау ұзақ мерзімді ҚБК арқылы анықталады.</p>	<p>Басқарма мүшелерінің ҚБК қарастыру және бекіту процедураларына шолу жасау және қажет болған жағдайда оларды Компания ДК бекітуін қамтамасыз ететін өзгертулер енгізу</p>

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
Сақталады	Компания Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды 2016 жылдың 08 тамызындағы «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасы шешімі бекітті (№29/16 хат-тама). Талқылау кезінде келісімдерді қарастыру мен бекітудегі маңыздылық бастапқы сатысын анықтау қажеттілігі жоқ екені анықталды.
Сақталады	«Самрұқ - Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында келісімдер жасау ережелеріне» тиесілі өзгертулер енгізу мүмкіндігі туралы «Самрұқ-Қазына» АҚ ұсыныстар «Самрұқ-Қазына» АҚ 2016 жылдың 15 желтоқсанындағы №1847-И хатымен жіберілді.
Сақталады	Компания директорлар кеңесі жыл сайын ҚБК бекіту кезінде есеп беру кезеңінде Компания Басқарма мүшелері ҚБК аналитикалық шолуы жүргізіледі



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
5.10	<p>Холдингтік компанияның ДК оның тобына кіретін барлық заңды тұлғаларда тұрақты даму, ұзақ мерзімді құнының өсімі, басқару тиімділігін қамтамасыз ету керек.</p> <p>Холдингтік компания тобындағы тиімді басқару нәтижелері операциялық тиімділікті арттыру, есептілік сапасын жақсарту, корпоративті мәдениет пен этиканың жақсартылған стандарттары, үлкен ашықтық мен мөлдірлік, тәуекелдерді төмендету, ішкі бақылаудың тиесілі жүйесі болуы керек. Холдингтік компаниялар өз тобындағы басқару жүйелерін тұрақты жақсарту және жұмыс істейтін жағдайда енгізу, қолдаулары керек</p>	<p>Компания ДК бекітілген кестеге сәйкес профильді емес активтерді сату немесе тарату, қайта құру процесін аяқтау</p>
5.11	<p>ДК ДК жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу Бағдарламасын жәе ДК әрбір мүшесі үшін кәсіптік даму Бағдарламасын бекітеді. Корпоративті хатшы осы бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.</p> <p>Алғаш рет сайланған ДК мүшелері өзінің тағайындалуынан кейін лауазымға енгізу Бағдарламасын өтеді. Лауазымға енгізу процесінде ДК мүшелері өздерінің құқықтары мен міндеттерімен, қызметінің басты аспектілерімен және Қор мен ұйымның құжаттарымен, соның ішінде ең үлкен тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысады</p>	<p>Қабылданған халықаралық тәжірибені есепке алумен ДК жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізудің қолданыстағы Бағдарламасын өзектендіру (мысалы, директорлардың жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бойынша Әкімшілер (ICSA) мен Дипломды хатшыларының жетекшілігі), және қажет болған жағдайда оны Кодекс талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қайта қарау.</p> <p>ДК жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасын орындаудың мониторинг процедурасын әзірлеу және бекіту, яғни ДК барлық жаңадан сайланған мүшелерінің лауазымға кіріспе бағдарламасын іс жүзінде өтулері. Мониторинг нәтижелері және ДК жаңадан сайланған мүшелерінен бағдарлама туралы пікірлер Корпоративті хатшы қызметін бағалау кезінде есепке алынуы керек</p>

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
Жартылай сақталады	Компания директорлар кеңесінің 14.12.2016 жылғы шешімімен (№10 хаттама) Компания активтерін қайта құрудың 2017 жылғы жоспары мақұлданды, сонымен қатар 2016 жылға Компания активтерін қайта құру Жоспарын орындау туралы, және Компания активтерін жүзеге асыру бөлігінде Кешенді жекешелендіру жоспарын жүзеге асыру туралы ақпарат назарға алынды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр
Сақталады	Компания директорлар кеңесінің шешімімен (16.09.16 ж. № 8 хаттама) ICSA басшылығы мен корпоративті басқару Кодексінің талаптарына сәйкес Компания директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға кіріспе бағдарламасын іске қосу бекітілді. Осыған сәйкес Корпоративтік хатшы ДК жаңадан сайланған мүшелерінің лауазымға кіріспені өтуі үшін жауапты болады, және директорлар кеңесінің алдында ДК жаңадан сайланған мүшелерінің бағдарламаны өтуі туралы есеп береді. Сенімді басқарушының 04.05.2016 жылғы № 216 бұйрығына сәйкес ДК жаңа құрамда сайланды, осыған байланысты корпоративті хатшы қызметі ДК жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға кіріспе бойынша процедуралары басталды



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
ДК тиімділігін бағалау процесін және нәтижелердің кейінгі талдауын жетілдіру		
5.12	<p>ДК бекітілген құрылымдық процесс аясында жыл сайынғы негізде ДК мүшелері мен комитеті бағалануы тиіс.</p> <p>Тәуелсіз кәсіби ұйымдарды тарту бойынша бағалау кемінде үш жылда бір реттен өткізіліп отырады.</p> <p>Бағалау ДК үлесін анықтауды және Компанияның тұрақты даму және оның мүшелерінің ұзақ мерзімді құнының артуын,сонымен қатаржақсату бойынша ұсыныстар мен бағыттар табуды ойластыру керек.</p> <p>Дк мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тақтатылуы немесе бағалау әтижелері бойынша қайта сайлану,</p>	<p>ДК нақты бағалау критерилерін ойластыру бойынша ұсыныстар Қорға бағытталған және Компанияның талаптарымен ағымдағы қажеттіліктерін көрсетуі тиіс, сонымен қатар, оның стратегиялық мақсаттарын көрсетуі тиіс.</p> <p>Үш жыл сайын ДК мүшелері және Комитеттерінің,ДК тәуелсіз бағалау және өзін-өзі бағалау бойынша нақты прроцесін құлу үшін ұсыныстар Қорға бағытталады.,</p>
Корпоративті хатшы		
5.13	<p>Өз міндеттерін кәсіптік деңгейде атқару үшін Корпоративті хатшы білімді, тәжірибелі және білікті болуы керек және іскерлік абыройы биік және акционерлер мен ДК сенімінен шығуы керек.</p> <p>Корпоративті хатшы лауазымына жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі бар, және корпоративті құқық пен корпоративті басқару саласында практикалық білімі бар тұлға тағайындалуы керек.</p> <p>Корпоративті хатшыны іздеу мен тағайындау ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген ашық және мөлдік процедуралар негізінде жүзеге асырылуы керек.</p> <p>Корпоративті хатшының негізгі міндеті жалпы акционерлер жиналысы мен ДК тарапынан корпоративті шешімдерді уақыты және сапалы қабылдауды қамтамасыз ету (жалғыз акционер), ДК, атқарушы органның акционерлермен (жалғыз акционермен) тиімді өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету болып табылады. Оған қоса, Корпоративті хатшы функциялары корпоративті басқару тиесілі тәжірибесін қадағалауды қамтиды.</p> <p>ДК отырыстарын өткізу мен дайындау тиімділігін арттыру мақсатында директорлар кеңесі мүшелеріне берілген материалдардың толықтығы мен пайдалылығын әлсін-әлсін талқылау ұсынылады. Бұл талқылаулар нәтижелері Корпоративті хатшы қызметінің тиімділігін бағалау үшін негіздеме ретінде қызмет етеді.</p>	<p>Кодекске сәйкес (5 тарау, 15 тармақ) Корпоративті хатшыға кәсіби біліктілік талаптарын қайта қарау. Осы талдау аясында, егер Компания үшін қажетті болса, Лондон қор биржасында танылатын FTSE250 индексінен компаниялардың корпоративті хатшылары иелік ететін кәсіптік біліктіліктер мен Дипломды Хатшылар мен Әкімшілер (ICSA) институты ұсынған кәсіби біліктілік талаптарын қарастыру және бекіту</p> <p>Жоғарыда аталған талаптарға сәйкес қолда бар Корпоративті хатшы тәжірибесі мен кәсіби дағдыларын егжей-тегжейлі бағалауды жүргізу. Жетілдіру үшін салаларды анықтау мен даму бойынша жоспар дайындау</p> <p>3-4 жылға арналған CharteredSecretariesQualifyingScheme (2016-2019 жж.) секілді халықаралық деңгейде танылған біліктілікті алу үшін Корпоративті хатшыға мақсаттар қою.</p> <p>Осы міндетке жету үшін оқыту жоспары мен басшылық жасау. Бұдан әрі жетілдіру үшін сауалнама жүргізу барысында анықталған облыстар негізінде 2016 жылғы Корпоративті хатшы ҚБК әзірлеу мен бекіту</p> <p>Корпоративті хатшы позициясына үміткерлерді іріктеудің мөлдір процесін бекіту және оны Компанияның ішкі құжаттарында бекіту.</p> <p>Корпоративті хатшы туралы ережелерді оның міндеттерін Кодекс талаптарына сәйкестікке келтіру үшін қайта қарау (15 тарау, 15 тармақ), сонымен қатар Корпоративті хатшылардың есептілік желілері мен міндеттері бойынша Әкімшілер мен дипломды хатшылар институтының (ICSA) ұсыныстарын қайта қарау.</p> <p>ДК мүшелері арасында 2016 жылы сауалнама жүргізу арқылы Корпоративті хатшы жұмысының тиімділігін бағалауды жүргізу. Мұндай бағалау бірінші рет жүргізіліп отырғанын есепке ала отырып, оны тәуелсіз тарап тарту арқылы, мысалы, тәуелсіз консультант және/немесе Қор өкілін тартумен жүргізу ұсынылады.</p> <p>2016 жылдан бастап Кодекс талаптарын сақтау бойынша есептерді әзірлеудегі Корпоративті хатшының жетекші рөлін беру бойынша жоспарды келістіру.</p>

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
ДК тиімділігін бағалау процесін және нәтижелердің кейінгі талдауын жетілдіру	
Сақталмайды	<p>Директорлар кеңесі мүшелерінің бағалау салдарынан 2016 жылы Директорлар кеңесі екі рет өзгертілді, бұл шын мәнінде мүмкін емес. Директорлар бағалау кеңесінің жаңадан өзгертуге Басқарма мүшелерінің енгізу рәсімдеріне байланысты жеткілікті уақыт болған жоқ.</p> <p>2017 жылы Директорлар кеңесінің тиімділігін Қордың және де басқада ұйымдардың қатысуымен өзгерту жоспарланып отыр.</p>
Корпоративті хатшы	
Сақталады	<p>14.12.2016 ж. директорлар кеңесінің шешімімен, (№ 10 хаттама) Корпоративті басқару кодексінің талаптарына сәйкес жаңа редакцияда Корпоративті хатшы туралы ереже бекітілді, бұған сәйкес корпоративті хатшыға қойылатын біліктілік талаптары қайта қаралды, сонымен қатар ашық конкурс өткізу арқылы Корпоративті хатшы лауазымына үміткерлерді іріктеудің мөлдір процесі бекітілді. Одан бөлек ДК мүшелері анкета жүргізу арқылы қолданыстағы Корпоративті хатшының кәсіби біліктіліктерін анықтау және жетілдіру үшін салаларды анықтау үшін сауалнама жүргізілді, осының негізінде Компанияның ДК тағайындаулары мен сыйақылары жөніндегі Комитет шешімімен (02.09.2016 ж. № 5 хаттама) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және 2017-2019 жж. Арналған оның аппаратының менеджері Корпоративті хатшысын дамыту жоспары бекітілді.</p>
Сақталады	



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3

6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ІШКІ БАҚЫЛАУ МЕН АУДИТ

Тәуекелдерді басқару

6.1.	<p>Компаниядағы ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдық құрылымы құрылымдық бөлімшелер анықтаған тәуекелдердің күрделі толықтығын қоса алғанда, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау процестерінің, және оларға реакция беру бойынша іс-шараларды жалпы үйлестірілуі міндетіне жатқызылатын тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау мәселелері үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің болуын қарастыруы керек. Компания Басқармасына тәуекелдерді басқару процедуралары мен реттеуді орындайтын жұмыскерлердің кәсіби дағдылары мен тәжірибесіне көз жеткізген жөн.</p>	<p>Қорнағыстық салада ұқсас халықаралық тік-кіріктірілген компаниялар талаптарымен Компания тәуекелдерін басқару бойынша құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері үшін біліктілік талаптарына салыстырмалы талдау жасау.</p> <p>Салыстырмалы талдау нәтижелерін біліктілік талаптарын, Компанияның және оның еншілес ұйымдарының тәуекелдерді басқару бойынша компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басты қызметкерлерінің тәжірибелерін жетілдіру үшін пайдалану. Сонымен бірге 2014 жылдың 30 желтоқсанында бекітілген «Самрұқ-Қазына» АҚ компаниялар тобы үшін «Тәуекелдерді басқару» кәсіби стандартын пайдалану ұсынылады.</p> <p>Тәуекелдерді басқару бойынша функциялар жетекшісі үшін басты талаптар кем дегенде қорғаныстық салада айтарлықтай тәжірибе, керемет коммуникациялық дағдылар мен корпоративті басқару мен бухгалтерлік есеп саласындағы кәсіптік дипломдармен халықаралық деңгейде басымдылықпен расталып, танылған қаржылар бойынша терең білімдерді қамтуы керек.</p>
6.2	<p>Компания ДК осы жүйенің міндеттеріне сүйене отырып және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы Қор әдіснамасы мен жұмыс тәжірибелерін ескерумен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға тәсілдер мен қағидаларын анықтауы керек.</p> <p>ДК тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейі және басты тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейлері бекітілуі керек. ДК тізілім және тәуекелдер картасын қарастыру кезінде стратегиялық міндеттерді орындауға әсер ете алатын тәуекелдерді қамти алатындығына көз жеткізу керек, тәуекелдерге реакция беру бойынша іс-шаралар жоспарын қарастырған кезде іс-шараның пайдалы екеніне көз жеткізу керек.</p>	<p>Компанияның басты тәуекелдерін және солар бойынша іс-шараларды егжей-тегжейлі талқылау ДК өзінің отырыстарынан айырмашылығы стратегия және инвестициялар жөніндегі Комитет және аудит жөніндегі комитет отырыстарының хаттамаларында бейнеленді. ДК отырыстарының хаттамалары ДК отырыстарда басты тәуекелдерге шолу мен талқылауға және тиесілі төмендететін әрекеттердің қолданбалылығына айтарлықтай көп уақыт бөлетіні туралы факті бейнеленуі керек</p>

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
6.ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ІШКІ БАҚЫЛАУ МЕН АУДИТ	
Тәуекелдерді басқару	
Сақталады	<p>ККомпания тәуекелдерін басқару бойынша құрылымдық бөлімшелер қызметкерлеріне арналған біліктілік талаптарына талдауды қорғаныстық саладағы халықаралық тігінен кіріктірілген компаниялардың ұқсас талаптарымен жүргізу мүмкін емес, себебі мұндай компаниялар тәуекелдерді басқару бойынша құрылымдық бөлімшелер қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары және сандық құрамы, болуы бойынша ақпаратты орналастырады.</p> <p>Осымен бірге, Компания Басқармасының 2016 жылдың 28 желтоқсанындағы шешімімен (№45/16 хаттама) Компания тәуекелдерін басқару бойынша бөлімше қызметкеріне біліктілік тааптарын қосу бөлігінде «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ әкімшілік лауазымдарына конкурстық іріктеу ережелеріне толықтырулар енгізілді, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қорғаныстық салада жұмыс өтілі 2 жылдан кем емес; - коммуникациялық қабілеттері; - корпоративті қаржы, корпоративті басқару саласында халықаралық сертификаттардың болуы.
Сақталмайады	<p>2016 жылға арналған бюджетті қалыптастырған кезде тәуекелдер бойынша құрылымдық бөлімше тәуекелдерді басқарудың корпоративті жүйесін бағалау бойынша консультациялық қызметтерді сатып алуға өтінім берді. Компанияның 2016 жылға бекітілген бюджетіне аталған шығындар қосылмады. Сәйкесінше 2016 жылы тәуекелдерді корпоративті басқару жүйесін бағалау үшін тәуелсіз консультанттар тарту жүргізілмеді.</p> <p>2017 жылдың бюджетінде тәуекелдерді корпоративті басқару жүйесін бағалау бойынша консультациялық қызметтерді сатып алуға кететін шығындар қарастырылған. Конкурстық процедураларды өткізгеннен кейін «КПМГ: Такс энд Эдвайзори» ЖШС-мен 2017 жылдың 07 сәуірінде тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша консультациялық қызметтерді сатып алу туралы Келісімшарт жасалды</p>
Сақталады	<p>Есептілікті басқару формаларына тиесілі тәуекелдерді басқару бойынша деректерді жинауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін есептер енген. Осыған қосамша, бұл функционал Компания мен ДО 2017 жылы 1С:ERP жүйесін енгізумен жетілдірілген болады. Тәуекелдер бойынша комитеттер отырыстарында тұрақты түрде кросс-функционалды</p>



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3

6.1 ТӘУЕЛДІЛІКТІ БАСҚАРУ, ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

Тәуелділікті басқару

6.3	<p>Қор мен ұйымдардың ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекел-менеджментінің жоғары мәдениетін негізделуі керек. Тәуекел-менеджментінің мәдениетін Басқарма жасауы керек және оған барлық қолданыстағы тәуекелдерді бірегейлендіру, бағалау мен мониторинг асау процедуралары кіруі керек, сонымен қатар Компанияның операциялық міндеттері мен репутациясын жүзеге асыру, стратегиялық мақсаттарға жетуге теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша қазіргі заманғы және дұрыс шараларды қолдану</p>	<p>Тәуекелдер бойынша есептерлі тиесілі тәуекелдерді басқару және ҚБК жетістіктері арасындағы өзара байланысты жеделдету үшін ай сайынғы басқарушылық ақпаратқа қосу</p>
		<p>Тәуекелдерді басқару бойынша құрылымдық бөлімшенің тоқсан сайынғы кросс-функционалдық кездесулерді коммерциялық, өндірістік, әкімшілік және өзге де Компания бөлімшелері үшін өткізу, бұл сондай-ақ Қордың тәуекелдерді басқару бойынша ағымдағы саясаты тарапынан да талап етіледі</p>
		<p>Сыртқы және ішкі нарықтың конъюнктурасындағы өзгерістерге, форс-мажорлық жағдайларды ерте анықтау мен уақытылы реакция жасау жүйесін енгізу.</p> <p>Сыртқы нарық пен бәсекелі ортадағы өзгертулер кезінде тәуекел-тәбетіне оның сәйкестігі мен тәуекелдер картасын жылдам бағалауды қамтамасыз ету.</p> <p>Стратегияны жүзеге асыру туралы ДК мерзімді отырыстарында сыртқы және ішкі нарық конъюнктурасындағы өзгерістер туралы қысқаша есептілікті енгізу</p>
		<p>Ұйым ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару саласында қағидалар мен тәсілдерді түсінулері тиіс, осы салада қабылданған үздік тәжірибе туралы түсініктері болуы тиіс лауазымды тұлғалар мен барлық жұмыскерлерге еркін қол жетімділікте.</p> <p>Қор мен Ұйым жұмыскерлері жыл сайын, сонымен қатар жұмысқа қабылдаған кезде ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың қабылданған жүйесімен танысу үшін кіріспе нұсқаулығын/оқуды өтулері керек. Мұндай оқыту нәтижелері бойынша білімдерін тексеру өткізілуі керек</p>

Ішкі аудит

6.4	<p>Өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін басқа құзіреттілікпен және дағдылар, ішкі аудиторлар білімге қабілетті болуы тиіс, алдын ала болжайтын, ішкі аудиторлар біліктілігіне IAK стандартты талаптарды қатаң сақтауы тиіс.</p>	<p>Компанияның халықаралық қорғаныс салаларыда компанияның халықаралық кәсіби квалификациясы мен құзіреттілік ұқсастықтарын салыстыру, Компанияның KIA кешенді талдауын өткізу. Компанияның KIA қызметкерлерінің негізгі тәжірибесі және біліктілігі, талапқа кәсіби квалификациясы, қарастыруға бойынша талдауға нәтижелерді кешенді қолдану.</p> <p>Бұл есеп, салыстырмалы талдаудың нәтижесіне қарастырылған талаптар қолданылады, ағымдағы KIA құзіреті және кешенділігін бағалау жүргізілді. Қажет болған жағдайда, қызметкерлерді қосымша жинау немесе алмастыру бойынша кеңестер немесе KIA ағымдағы қызметкерлер дәрежесін жоғарлату және оқыту үшін іс-шара жоспарын дайындау және құзіреттіліктің жетіспеушіліктерін анықтау.</p> <p>Компанияның KIA үшін орнатылған ДТК өзектендіру, ішкі аудиторлар Иситутында Жаһанды аудиторлық ақпараттық жүйесі (GAIN) орнатылып қорғаныс секторы бойынша Компанияның нәтижелерді салыстыру зерттеулері жүргізілді. (IIA)</p>
-----	--	---

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5

6.1 ТӘУЕЛДІЛІКТІ БАСҚАРУ, ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

Тәуелділікті басқару

Сақталады	<p>Есептілікті басқару формаларына тиесілі тәуекелдерді басқару бойынша деректерді жинауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін есептер енген. Осыған қосымша, бұл функционал Компания мен ДО 2017 жылы 1С:ERP жүйесін енгізумен жетілдірілген болады. Тәуекелдер бойынша комитеттер отырыстарында тұрақты түрде кросс-функционалды тәуекелдердің егжей-тегжейлі талқылауы жүреді. Жекелей алсақ, 2016 жылдың 4 тоқсанында:</p> <p>1) 2016 жылдың 06 қазанындағы отырыста 2016 жылға арналған ГОЗ келісім-шарттарының шарттарын орындау тәуекелдерінің мәселелері және Компания қазынаышылғы операцияларына мониторинг жасау және есепке алу тәуекелдері талқыланды ;</p>
Ішінара сақталады	<p>2) 2016 жылдың 15 қарашасындағы отырыста «С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ алдындағы міндеттемелерін орындамау тәуекелдері талқыланды, «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ «Рособоронэкспорт» АҚ келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамау тәуекелі, риск невозврата задолженности АО «Семей инжиниринг» АҚ Компания алдындағы қарызын қайтармау тәуекелі, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарында қатысу үлесін жүзеге асырудың болмау тәуекелі.</p> <p>Компанияның директорлар кеңесінің 2016 жылдың 14 желтоқсанындағы шешімімен (№10 хаттама) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ бірегейлендіру мен бағалау ережелеріне ішкі және сыртқы нарық конъюнктурасын өзгертуге уақытыл реакция беру бөлігінде, форс-мажорлық жағдайлар, тәуекелдер картасын жедел қайта бағалауды қамтамасыз ету және оның бәсекелік орта мен сыртқы нарықтағы өзгерістер кезінде тәуекел-тәбетіне сәйкестігі және сыртқы және ішкі нарықтағы конъюнктурадағы өзгерістер туралы қысқаша есептілікті енгізу бөлігінде қосымшалар бекітілді. Ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша Компанияның жаңа жұмыскерлері үшін семинар 2016 жылдың 27 желтоқсанында өткізілді</p> <p>Семинардың барлық қатысушылары ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың қабылданған жүйесімен танысу парақтарын толтырды.</p>
сақталады	
Сақталады	<p>Директорлар кеңесі аудит жөніндегі Комитетінің 06.12.2016ж. шешімімен (№ 9 хаттама) қорғаныстық саладан ұқсас халықаралық компаниялармен салыстырғанда жинақтылық, құзіреттілік және кәсіби біліктілігіне Компания ІБЖ талдау нәтижелері бойынша есеп бекітілді. Қолданыстағы ІБЖ жинақтылығы мен құзіреттілігін бағалауға қажеттілік 2016 жылдың қыркүйегінде ІБЖ жаңа құрамда қайта тағайындауымен байланысты қажетті үметкерлерді іздеу мен іріктеу кезінде қажетті процедуралар ашық конкурс негізінде өткізілді.</p>
Сақталады	



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
6.1 ТӘУЕЛДІЛІКТІ БАСҚАРУ, ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ		
6.5	<p>ІБЖ туралы ережеде сонымен қатар ІБЖ сыртқы аудитор, сонымен қатар тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративті басқару саласында консультация бойынша қызметтер көрсететін сыртқы аудитор қызметін үйлестіретіні қарастырылған болуы керек.</p>	<p>ДК 2015 жылдық төртінші тоқсанында бекітілген және тәуекелдерді басқару бойынша Комитет командасы дайындаған тәуекелдер бойынша тәуекелдерді бағалау мен өзге де есептерді пайдалана отырып, жылдық аудиторлық жоспарын дайындауды қамтамасыз ету</p> <p>Компания ІБЖ өткізетін деректерді талдау кезінде ақпараттық технологияларды анағұрлым кеңінен қолдануға қатысты «шығындар мен пайдалар» талдауын бизнес әріптестермен және өзге де «қорғаныс желілерімен», тәуекелдерді басқарумен анағұрлым қатты кіріктіру және бизнес туралы терең аналитикалық деректер алу мақсатында жүргізу</p> <p>Компания Басқармасымен және сыртқы аудитормен ішкі бақылауларға негізделген аудитке көшу бойынша үшжылдық (2016-2018 жж.) жоспарды сыртқы аудитормен талқылау және келісу</p>
Бұзушылықтар мен теріс пайдаланушылықтар туралы құпия ақпараттандыру механизмдері		
6.6	<p>Қор болжамды бұзушылықтар туралы хабарландырудың тиімді жүйесі, омбудсмен қызметі, іскерлік этика стандарттарын әзірлейді («құпия ақпараттандыру жүйесі»).</p> <p>Компания ДК осы стандарттарды енгізу мен олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Компания жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалар іскерлік этика Кодексі, омбудсмена рөлін және құпия ақпараттандыру механизмдерінің қол жетімділігін түсінуге бағытталған оқудан жүйелі негізде өтулері керек.</p> <p>Ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің аясында кез-келген лауазымды тұлға, жұмыскердің іскерлік этика Кодексінің ішкі процедураларды, Қазақстан Республикасының заңын бұзушылық фактілері туралы және ІБЖ мен ДК ақпараттандыру (аудит жөніндегі комитет) (құпия ақпараттандыру желісі) қауіпсіз, құпия және сенімді тәсіл ұйымдастырылған болуы керек</p>	<p>Құпия ақпараттандырудың бірыңғай саясатын және оның Компания мен оның еншілес ұйымдарда жүзеге асырылуын бекіту</p> <p>Құпия ақпараттандыру жүйесіне жауапты тұлғаны бекіту</p> <p>Құпия ақпараттандыру жүйесіне жауапты тұлғаны бекіту</p> <p>Шұғыл талдау жасау мен тиесілі шаралар қолдануға мүмкіндік беретін құпия ақпараттандыру механизмдерін енгізу. Компания және оның еншілес ұйымдары хабарламаларды өңдеу үшін бірыңғай тәсілге ие болулары керек.</p> <p>Қатесіз тіркеу, қорғалған дерекқорда хабарламаларды сенімді сақтау (қолмен, электронды және аудио форматтарды қоса алғанда), құпиялылықты сақтау, өңдеу мерзімдерін, жауаптарды мен біртіндеп бақылау процедураларын құжаттандыруды есепке алумен хабарламаларды бірыңғай өңдеу жүйесі мен жиынтық тізілімді әзірлеу.</p> <p>ДК күн тәртібіне жүйелінегізде құпия ақпараттандыру механизмдерінен есептерді қосу. ДК берілетін материалдар алынған хабарламалардың қысқаша мазмұнын, ішкі талқылаулар нәтижелерін, орындалуды бақылау нәтижелерін қамтуы керек және ішкі бақылауларды жетілдіру жолдарын ұсынуы керек.</p> <p>Осындай қарастырулардың жүйелілігі алынған хабарламаның санына және ақпараттың маңыздылығына байланысты өзгеріп отыруы керек. Алайда, аудит жөніндегі Комитет пен ДК есептер беру жеткілікті түрде жиі жүріп отыруы керек. Бұл құпия ақпараттандыру жүйесінің тиімділігін қолдау үшін қажет.</p> <p>Аудит жөніндегі Комитет пен ДК арналған есептер қарастыруға ұсынылған барлық мәселелер бойынша толық ақпаратты, зерттеу барасының ағымдағы жағдайы, және ұсынылған түзету шараларын қамтуы керек</p> <p>Еншілес ұйымдардағы құпия ақпараттандыру механизмі туралы ақпараттық бағдарлама жүргізу, корпоративті веб-сайтта ақпараттандыру желілері туралы ақпаратты жариялау; қызметкерлер мен кәсіподақтарға электронды пошта/мекен-жайын, телефон нөмірін тарату. Толық жарияланымдар аноним ақпараттандыру саясатының мазмұнын қысқаша түсіндіруі керек.</p> <p>ДК, ДК комитеттері үшін, Басқарма, бөлім басшылары, Компания және оның еншілес ұйымдарының өзге де қызметкерлері, сонымен бірге үшінші тараптар үшін жемқорлық пен алаяқтықпен күрес шаралары бойынша тренингтер өткізу. Бұл ұйымның қолданыстағы құпия ақпараттандыру механизмдері туралы хабардарлығын арттырады.</p> <p>Оқыту қатысушылар қызығушылықтарына бағытталған және нақты бір лауазымдық міндеттемелермен байланысты тәуекелдерді қамтуы керек.</p>

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
6.1 ТӘУЕЛДІЛІКТІ БАСҚАРУ, ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ	
Сақталады	<p>2016 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспар тәуекелдер бойынша бекітілген есептер және тәуекелдер картасының Компаниясымен директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген. Сонымен қатар 06.12.2016ж. директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің шешімімен (№ 9 хаттама)</p> <p>ІАЖ өткізетін деректерді талдау кезінде ақпараттық технологияларды анағұрлым кеңінен қолдануға қатысы шығындар мен табыстарды талдау нәтижесі бойынша есеп бекітілді.</p>
Бұзушылықтар мен теріс пайдаланушылықтар туралы құпия ақпараттандыру механизмдері	
Сақталады	<p>Компанияның директорлар кеңесінің 2016 жылдың 14 желтоқсанындағы шешімімен (№10 хаттама) Құпия ақпараттандыру саясаты бекітілді. Сонымен қатар 14.12.2016 жылғы «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің шешімдерін орындау бойынша шаралар туралы» бұйрымен (№10 хаттама) уәкілетті тұлғаның қызметін қамтамасыз ету бөлігінде жауапты тұлғалар бекітілді және Басқарма Төрағасының 30.12.2016 ж. №74 бұйрығына қол қойылды.</p> <p>Сонымен қатар Компанияның директорлар кеңесінің 2016 жылдың 14 желтоқсанындағы шешімімен бекітілген Құпия ақпараттандыру саясатының 6 бабымен шұғыл талдау мен тиесілі шаралар қолдануға мүмкіндік беретін 3 деңгейлі құпия ақпараттандыру болды. Саясаттың 6 бабында хабарламаларды рәсімдеу, тіркеу мен еркін тізілімін жүргізу тәртібі қарастырылған, сонымен қатар құпия ақпараттандырудың дерекқорына заңсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ету талаптары да қамтылған; Компанияның директорлар кеңесінің 2016 жылдың 14 желтоқсанындағы шешімімен (№10 хаттама) Құпия ақпараттандыру саясатының 6 бабында хабарламаларды, қабылданған шешімдерді, аудит жөніндегі комитетке жазбаша есептерді беру, қарастырылған хабарламалар, олар қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты жүйелі негізде қосу, Саясаттың тиімділігін бағалау мақсатында директорлар кеңесінің күн тәртібіне саясатты жүзеге асыру барысы, қарастырылған хабарламалар туралы ақпаратты жүйелі түрде қосу, ішкі бақылауларды жетілдіру жолдары, ақпаратты Компанияның жылдық есебіне қосуды уәкілетті тұлғалардың қарастыру тәртібі қарастырылған;</p> <p>Компанияның директорлар кеңесінің 2016 жылдың 14 желтоқсанындағы шешімімен (№10 хаттама) Құпия ақпараттандыру саясатының 6 бабында хабарламаларды, қабылданған шешімдерді, аудит жөніндегі комитетке жазбаша есептерді беру, қарастырылған хабарламалар, олар қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты жүйелі негізде қосу, Саясаттың тиімділігін бағалау мақсатында директорлар кеңесінің күн тәртібіне саясатты жүзеге асыру барысы, қарастырылған хабарламалар туралы ақпаратты жүйелі түрде қосу, ішкі бақылауларды жетілдіру жолдары, ақпаратты Компанияның жылдық есебіне қосуды уәкілетті тұлғалардың қарастыру тәртібі қарастырылған.</p>



№	Кодекс ережелері	Іс-шаралар атауы
1	2	3
7. АШЫҚТЫҚ		
7.1	Акциялары немесе облигациялары қор биржасында саудаланатын қор, компания және ұйым өз ғаламтор-ресурсында ХҚЕС сәйкес дайындалған аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті, сонымен қатар есеп беру кезеңінің алғашқы тоғыз айы үшін және жартыжылдық, бірінші тоқсанның ХҚЕС сәйкес дайындалған қаржылық есептілікті уақытылы орналастыруы керек.	Ұйымның директорлар кеңесінің аудит жөніндегі Комитеті аудиторлық процесс аясында сыртқы аудиторлармен жүйелі түрде кездесіп отыруы керек
Компания, Қор және мемлекеттік орган арасындағы хат алмасу		
7.2	Ақпаратты ашу бойынша талаптар ұйымға артық әкімшілік ауртпалық немесе ақталмаған шығындар жүктемеуі керек.	ҚР Үкіметімен және Компаниядағы (GR) мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік бойынша функциялар мен процесстерді жасау. GR аясында Компания акционер ретіндегі мемлекеттен корреспонденция, реттегіштен мемлекеттен корреспонденция, Компания құзіретінен тыс корреспонденция секілді критерийлер бойынша мемлекеттік органдар мен Үкіметтен түсетін корреспонденция есебін жүргізуі керек. Компанияның осы есебінің негізінде стейкхолдерлермен қатынастар орнату мен хат алмасуды оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында талдау жамсау қажет.
	Жылдық есеп әзірленуі керек Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізгенге дейін ғаламтор-ресурсында орналастырылуы керек. Жылдық есепті бекітуді ДК жүзеге асырады.	Жалғыз акционермен, Сенімді басқарушымен және мемлекеттік органдармен ақпарат ағынының КС есебін жүргізу және ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Жарғы, сенімді басқару Келісімшарты, Кодекс ережелеріне сәйкес Компания акционерінің құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.
		Жылдық есептің стандартты шаблонын дайындау

Сақталады /Сақталмайды /	Сақтау/сақтамау туралы түсініктеме
4	5
7. АШЫҚТЫҚ	
Сақталады	<p>Аудит жөніндегі Комитет 2016 жыл ішінде сыртқы аудиторлармен, соның ішінде қаржылық есептіліктің аудитін жоспарлаудың ерте сатысында бірнеше кездесулер өткізді.</p>
Компания, Қор және мемлекеттік орган арасындағы хат алмасу	
Сақталады	<p>Ағымдағы жылдың 10 қарашасында 17.00-де Рахметова Н.К. қатысуымен семинар-жиналыс өтті.</p> <p>Ағымдағы жылдың 06 желтоқсанында «Самрұқ-Қазына» АҚ GR-Департаментінің басқарушы директоры Рахметова Н.К.атына №1801 хаты жіберілді.</p> <p>Ағымдағы жылдың 08-09 желтоқсанында Қор GR-Кеңес және GR-менеджері мүшесінің оқуы жүргізілді.</p> <p>Сонымен қатар Компанияның құрылымдық бөлімшесі Жалғыз акционер, Сенімді басқарушы және мемлекеттік органдармен ақпарат ағынының есебі жүргізіледі. Кіріс /шығыс ақпарат 1С жүйесінде тіркеледі және оны Компанияның Корпоративті хатшысы тігеді.</p>
Сақталады	<p>«Самрұқ-Қазына» АҚ 2016 жылдың 16 маусымындағы Басқарма шешімімен бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ 2015 жылға арналған жылдық есебі (№ 24/16 хаттама) корпоративті басқару Кодексі талаптарына сәйкес акциялардың (қатысу үлесі) елі пайызынан астамы ұйымдарда әзірленген</p>



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2016 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
шоғырландырылған қаржылық есептілігі
АО «Самрук-Қазына» от 9 июня 2016 года (протокол №17/17)

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ
31 ЖЕЛТОҚСАН 2016 ЖЫЛЫ АЯҚТАЛҒАН
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП;

Қаржылық ережелердің шоғырландырылған есебі
Кіріс пен шығыс және басқада табыстардың шоғырландырылған есебі
Ақшалық айналымның шоғырландырылған есебі
Капитал өзгерісінің шоғырландырылған есебі

Шоғырландырылған
Примечания к консолидированной финансовой отчетности



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Акционері мен Директорлар кеңесіне:

Пікір

Біз қоса беріліп отырған 2016 ж. 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепті және сол күні аяқталған жыл іші пайда мен залалдар және өзге де жиынтық табыс, капиталдың өзгеруі және ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары мен басқа түсініктеме ақпараттан тұратын ескертулерді қамтыған «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде Топтың 2016 жылдың 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен бірге Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелері және шоғырландырылған ақшалай қаражаттарының қозғалысын шынайы көрсетеді.

Пікірді білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Топқа қатысты бухгалтерлердің халықаралық этика стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлер этика Кодексі («Кодекс») және Қазақстан Республикасында қолданылатын біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке этикалық талаптарға сәйкес біз тәуелсізбіз. Бізбен өзге де этикалық міндеттемелер Кодекс пен осы талаптарға сәйкес орындалған. Біздің ойымызша, өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алдық.

Маңызды жағдайлар

Қаржылық есептіліктің 22 Ескертуіне сәйкес, 2016 ж. 31 желтоқсанына Топтың 92% пайдасы байланысты тараптардан алынған. Бұл біздің пікірдің өзгеруіне әкелген жоқ.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындауға және нақты ұсынылуына, сондай-ақ басшылық нашар істелген әрекеттер мен қателер салдарынан елеулі бұрмалауларсыз шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп есептелінетін ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде, басшылық Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру мүмкіндігі үшін, үздіксіз қызметіне қатысты ақпараттарды ашу сәйкестігіне, және үздіксіз қызметі негізінде жіберулеріне сәйкес есептілік жасау, басшылық Топты жоюға ниеттенсе, оның қызметін тоқтатуға немесе басшылықтың жою үшін практикалық баламасы болмаған жағдайда немесе Топтың қызметін тоқтату жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауында бақылау үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателіктер салдарынан болған елеулі бұрмалаулардан еркін екендігіне ақылға жеткілікті сенімділік алу және біздің пікірімізден тұратын аудиторлық тұжырым шығарудан тұрады. Ақылға жеткілікті сенім – бұл сенімнің жоғары дәрежесі, ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалауларды әрқашан анықтап табуына кепілдік бермейді. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттер мен қателіктер салдарынан болады, және егер оларды жеке немесе қоса алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал ете алатын болса, онда олар елеулі болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит барысында, біз кәсіби пайымдауды және кәсіби скептицизмді аудит жүргізу аралығында сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:

- выявляем и оцениваем риски существенного искажения консолидированной финансовой от
- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателіктер салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың болу тәуекелін бағалаймыз және анықтаймыз; осы тәуекелге қатысты аудиторлық рәсімдер жүргіземіз және әзірлейміз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер салдарынан болатын елеулі бұрмалаулардың анықталмау тәуекелі, қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалаулардың анықталмау тәуекеліне қарағанда жоғары, себебі жосықсыз іс-әрекеттер келесі әрекеттерді қамтиді сөз байласу, жалғандық жасау, әдейі рұқсаттама, бұрмаланған ақпаратты ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналуға іс-әрекеттер.



- Аудитке маңызды ішкі бақылауларды, аудиттік рәсімдерді әзірлеу үшін, түсінігін аламыз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- Басшылықпен дайындалған тиісті сипатта қолданылатын есептік саясат пен бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және тиісті ақпаратты ашуын бағалаймыз;
- Басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамдарын қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде - нәтижесінде елеулі белгісіздікке байланысты оқиғалармен немесе жағдайлардың болуын, Топтың үздіксіз қызметін жалғастыруына елеулі күмән туындауы мүмкіндігі. Егер біз елеулі белгісіздік қорытындысына келсек, біз қаржылық есептілікте тиісті ақпаратты ашуға назар аударуға тиістіміз немесе, тиісінше орындамаған жағдайда пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің пікіріміз аудиторлық қорытынды алынған күнге дейін аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Бірақ, болашақтағы оқиғалар немесе жағдайлар Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін жоғалту мүмкіндігіне соқтыруы мүмкін;
- ақпаратты ашу, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар жайында оның мазмұны мен құрылымына, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жалпы бағалау жүргіземіз.
- шоғырландырылған қаржылық есептілікке жеткілікті және тиісті пікірді білдіру үшін, Топтың және оның қызметіне тиісті шоғырландырылған қаржылық ақпаратқа аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Біз Топтың аудиті, басшылығы және бақылауына жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікірімізге толықтай жауап береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларды жоспарланған мерзім және аудит мерзімін, сонымен қатар, аудит уақытында болған елеулі проблемалар, сонымен қатар ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктерін хабарлаймыз.

Deloitte.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ
2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңгемен)

	Примечания	31 декабря 2016 г.	31 декабря 2015 г.
АКТИВТЕР			
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	6	23,255,690	19,756,556
Материалдық емес активтер		450,821	448,042
Бірлескен және тәуелді кәсіпорындарға инвестициялар	8	5,802,533	6,363,709
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	9	1,809,983	2,110,275
Кейінге қалдырылған салық активтері	27	<u>3,103,823</u>	<u>2,880,589</u>
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		<u>34,422,850</u>	<u>31,559,171</u>
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Тауарлық-материалдық қорлар	10	20,455,825	18,321,723
Сауда дебиторлық берешек	11	4,255,911	3,025,943
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,608,078	1,017,776
Өтеуге арналған басқа да салықтар		543,930	429,428
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаттары		46,557	263,822
Берілген аванстар	12	11,138,580	8,743,152
Басқа да ағымдағы активтер		469,244	435,703
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	13	937,196	30,503,718
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	14	<u>9,585,854</u>	<u>19,186,014</u>
		49,041,175	81,927,279
Сатуға арналған активтер		<u>435,263</u>	<u>592,755</u>
Ағымдағы активтер жиыны		<u>49,476,438</u>	<u>82,520,034</u>
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		<u>83,899,288</u>	<u>114,079,205</u>
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	15	21,476,802	21,476,802
Қосымша төленген капитал	16	841,018	841,018
(Жинақталған шығын)/бөлінбеген пайда		<u>(1,140,057)</u>	<u>1,673,170</u>
Бас ұйымға тиісті капитал		21,177,763	23,990,990
Бақыланбайтын үлестер	17	<u>667,814</u>	<u>656,018</u>
Капитал жиыны		<u>21,845,577</u>	<u>24,647,008</u>



ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:

Қарыздар	18	4,932,492	-
Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер		492,782	623,235
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		32,480	37,393
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		51,316	176,630
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	27	645,058	960,755
Артықшылықты акциялардың борыштық компоненті		<u>229,885</u>	<u>229,885</u>
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		6,384,013	2,027,898

Ескер-тулер

**2016 ж.
31 желтоқсан**

**2015 ж.
31 желтоқсан**

АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:

Қарыздар	18	25,079,205	750,000
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі	18	-	68,036,056
Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі		129,029	127,038
Сауда кредиторлық берешек	19	8,449,026	3,248,977
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		7,409	11,582
Табыс салығы бойынша берешек		171,599	318,425
Салықтар бойынша берешек	20	2,649,655	2,350,304
Байланысты тараптардан алынған аванстар	31	15,142,306	9,771,916
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	21	<u>4,041,469</u>	<u>2,790,001</u>
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		55,669,698	87,404,299
Міндеттемелер жиыны		<u>62,053,711</u>	<u>89,432,197</u>
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		<u>83,899,288</u>	<u>114,079,205</u>

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ**

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңгемен)

	Ескер-тулер	2016 ж.	2015 ж.
ТАБЫСТАР	22	71,331,233	63,516,498
ӨЗІНДІК ҚҰН	23	(65,071,209)	(57,694,297)
ЖАЛПЫ ПАЙДА		6,260,024	5,822,201
Әкімшілік шығыстар	24	(6,369,488)	(4,539,744)
Өткізу бойынша шығыстар		(779,321)	(854,918)
Өзге де табыстар		(414,796)	553,236
Бағам айырмашылығынан болған (залал)/пайда		1,068,008	(13,811,348)
Бірлескен және тәуелді кәсіпорындардың шығынындағы үлесі	8	(1,074,868)	(276,995)
Қаржылық табыстар	25	2,908,946	6,093,250
Қаржылық шығыстар	26	(4,588,565)	(2,782,339)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ШЫҒЫН		(2,990,060)	(9,796,657)
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМ	27	238,255	1,530,239
ЖЫЛ ІШІ ШЫҒЫН ЖӘНЕ ЖЫЛ ІШІ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН		(2,751,805)	(8,266,418)
Жыл іші шығын және жыл іші жиынтық шығын келесілерге қатысты:			
Бас компанияның акционеріне		(2,813,227)	(8,337,487)
Бақыланбайтын үлестерге	17	61,422	71,069
		(2,751,805)	(8,266,418)



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫҢДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫР-ЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(в тыс.тенге)

	Ескер-тулер	2016 ж.	2015 ж.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Салық салуға дейінгі шығын		(2,990,060)	(9,796,657)
Келесілерге түзетулер:			
Амортизация және тозу		1,195,403	1,135,361
Күмәнді борыштар бойынша резерв		217,431	113,094
Тауарлы-материалдық қорларды таза құнына өткізу	10	551,269	-
Өтімсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервті есептеу	10	492,046	114,718
Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдық және материалдық емес активтердің шығуынан залал/(пайда)		(46,176)	10,152
Бағам айырмашылығынан залал/(пайда)		(1,068,008)	13,811,348
Бірлескен және тәуелді кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	8	1,074,868	276,995
Кепілдік міндеттемелер бойынша резервтер	21	138,747	258,412
Өзге де сыйақылар мен пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	21	1,051,696	931,632
Өзге де резервтер		14,602	5,776
Қаржылық табыстар	25	(2,908,946)	(6,093,250)
Қаржылық шығыстар	26	<u>4,588,565</u>	<u>2,782,339</u>
Ақша қаражаттарының айналым капиталдағы өзгерістеріне дейінгі операциялық қызметтен болған қозғалысы		2,311,437	3,549,920
Айналым капиталдағы баптардың өзгерісі:			
Тауарлы-материалдық қорлардың өзгерісі		(2,673,901)	(5,311,868)
Сауда дебиторлық берешектің өзгерісі		(1,444,507)	1,240,536
Қосымша қосылған құн мен өтеуге арналған өзге де салықтардың өзгерісі		(471,171)	(756,136)
Өзге де активтердің өзгерісі		(1,105,500)	(4,090,948)
Сауда кредиторлық берешектің өзгерісі		5,171,323	(128,598)
Салық бойынша берешектің өзгерісі		299,351	1,238,465
Байланысты тараптардан алынған аванстар және өзге де міндеттемелердің өзгерісі		<u>5,337,214</u>	<u>8,513,437</u>
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары			
Төленген пайыздар		(3,272,006)	(2,845,382)
Төленген табыс салығы		<u>(681,135)</u>	<u>(619,388)</u>
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары		<u>3,471,105</u>	<u>790,038</u>

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:

Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабыдықты сатып алу		(3,986,743)	(4,736,838)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(11,483)	(2,171)
Өзге де ұзақ мерзімді активтерге берілген аванстар		(150,000)	(6,670,200)
Берілген қарыздар			
Берілген қарыздардың өтелуі		-	11,418,703
Алынған дивидендтер		25,372	81,783
Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабыдықты сатудан түскен түсім		83,402	21,880
Өзге ұзақ мерзімді активтерді өткізу		61,380	-
Бірлескен және тәуелді кәсіпорындардағы инвестицияны өткізу		114,569	-
Еншілес кәсіпорын сатып алу кезіндегі таза ақша қаражаттарының істен шығуы		-	(771)
Бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталына жарна	8	(500,000)	-
Алынған пайыздар		2,066,183	1,411,688
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар салымы		(67,408,207)	(46,313,457)
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар алу		<u>96,111,571</u>	<u>62,433,524</u>
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары		<u>26,406,044</u>	<u>17,644,141</u>

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:

Бағалы қағаздарды өтеу	18	(67,138,000)	(10,384,000)
Қарыздарды алу		29,612,679	845,641
Қарыздарды өтеу		(1,646,761)	(95,641)
Қаржылық жалгерлікті өтеу		(128,230)	(128,230)
Төленген дивидендтер		<u>(73,799)</u>	<u>(217,815)</u>
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		<u>(39,374,111)</u>	<u>(9,980,045)</u>
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ӨЗГЕРІСІ		(9,496,962)	8,454,134
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, кезеңнің басына	14	<u>19,186,014</u>	<u>10,451,088</u>
Шетел валютасының бағамы өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражаттарының қалдықтарына ықпал етуі		<u>(103,198)</u>	<u>280,792</u>
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, кезеңнің аяғына	14	<u>9,585,854</u>	<u>19,186,014</u>



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

(мың теңгемен)

	Ескер-ту-лер	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбеген пайда/ (Жинақталған шығын)	Бас ұйымның Акционері-не қатысты капитал	Бақыла-май-тын үлестер	Капитал жиыны
На 1 января 2015 г.		<u>21,476,802</u>	<u>841,018</u>	<u>10,159,253</u>	<u>32,477,073</u>	<u>691,530</u>	<u>33,168,603</u>
Итого совокупный (убыток)/доход за год		-	-	(8,337,487)	(8,337,487)	71,069	(8,266,418)
Оценка долгового компонента привилегированных акций		-	-	(8,260)	(8,260)	-	(8,260)
Дивиденды	17	-	-	<u>(140,336)</u>	<u>(140,336)</u>	<u>(106,581)</u>	<u>(246,917)</u>
На 31 декабря 2015 г.		<u>21,476,802</u>	<u>841,018</u>	<u>1,673,170</u>	<u>23,990,990</u>	<u>656,018</u>	<u>24,647,008</u>
Итого совокупный (убыток)/доход за год		-	-	<u>(2,813,227)</u>	<u>(2,813,227)</u>	61,422	(2,751,805)
Дивиденды	17	-	-	-	-	<u>(49,626)</u>	<u>(49,626)</u>
На 31 декабря 2016 г.		<u>21,476,802</u>	<u>841,018</u>	<u>(1,140,057)</u>	<u>21,177,763</u>	<u>667,814</u>	<u>21,845,577</u>

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2016 ж. 31 желтоқсанында АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(мың теңгемен)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қазақстан инжиниринг» немесе «Компания») Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп индустриясының басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 ж. 13 наурыздағы № 244 қаулысына сәйкес құрылды. Компания 2003 ж. 16 сәуірде Астана қаласының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді (тіркеу нөмірі №13659-1901-АО). 2005 ж. 20 мамырда Астана қаласының Әділет департаментінде заңды тұлға ретінде қайта тіркеуден өтті (тіркеу нөмірі №13659-1901-АО).

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталатын) қаржылық есептіліктерін қамтиды. Топтың құрылымы туралы ақпарат 7 Ескертуде берілген.

2015-2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта бірлескен және тәуелді ұйымдар бар (8 Ескерту).

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Акционер») Компанияның жалғыз акционері болып табылады. 2010 ж. 15 маусымда Компанияның 100% акциялар пакеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне сенімгерлік басқаруға берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 23 желтоқсандағы қаулысының негізінде Компанияның 100% акциялар пакеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің сенімгерлік басқаруына берілді. Бұл ретте, акцияларды сенімгерлік басқаруға беру, Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бақылауына және меншік құқығын беруге әкелген жоқ.

Мемлекет, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ атынан Компанияның жалғыз акционері болып табылады.

Компанияның және оның еншілес кәсіпорындары қызметтерінің негізгі түрлері:

- екі жақты және азаматтық мақсаттағы қорғаныс тауарлары мен жабдықтарды дамыту, өндіру, жүзеге асыру және жою бойынша мемлекеттік саясатты орындауға қатысу;
- ішкі қажеттілік пен экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныс және екі жақты мақсаттағы өнімдерді дамыту және өндіру ағымдағы және ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;
- Қазақстан Республикасының қарулы күштері мен басқа да әскери құрылымдарға қорғаныс техникасы мен екі жақты мақсаттағы өнімдерді өндіру және импорттау, сондай-ақ оларды экспорттау;
- конверсия бағдарламалары мен қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға; жұмылдырушы резервтерді қалыптастыру мен



сақтау бойынша жоспарлар құруға және жүзеге асыруға қатысу;

- мұнай-газ, теміржол, авиация, ауыл шаруашылығы, кеме жасайтын жабдықтарды өндіру, азаматтық мақсаттағы тауарларды өндіру болып табылады.

2015 ж. мамыр айында Компания Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныс тапсырысының бірыңғай операторы болып анықталды.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев к-сі., 10

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қызметкерлерінің саны 4,997 адамды құрады (2015 ж. 31 желтоқсанда: 5,509 адам).

Операциялық орта

Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары анағұрлым дамыған нарықтардың тәуекелінен ерекше экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге ұшыраған. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі мүмкін, оларға еркін түсінік беру мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақтағы даму бағыты көбіне мемлекеттің салық және несиелік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне тәуелді.

Қазақстан көп көлемде мұнай және газ өндіретініне және экспорттауына байланысты Қазақстанның экономикасы көбіне мұнай мен газға әлемдік бағалардың өзгеруіне сезімтал. 2014-2015 жж. ішінде, сонымен қатар 2016 ж. бірінші тоқсанында энергия ресурстарына бағаның едәуір төмендеуі орын алды, елеклі экспорттық табыстың азаюына келтірді. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және Үкімет теңгенің еркін жүзу бағамына негізделген жаңа ақша-несие саясатына көшіп, валюталық дәлізді тоқтатты. 2015 ж., сонымен қатар 2016 ж. бірінші тоқсанында теңге шет елдік валюталарға қарағанда едәуір құнсызданды.

Топ бизнесінің болашақта өсуі және тұрақтылыққа қажетті шараларды Топтың Басшылығы экономикалық жағдайдағы өзгерістерді бақылауда және шаралар қолдануда. Бірақ, бағаның одан әрі өзгеруін және олардың Топтың қаржылық жағдайына тигізуі мүмкін ықпалын дұрыс бағалай алмайды.

2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер

Төменде көрсетілген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер осы жылы бірінші рет қолданылды :

- ХҚЕС (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) 12 және ХҚЕС (IAS) 28 «Инвестициялық кәсіпорындар: Шоғырландыру талаптарыннан алып тастаулар»;

- ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен ұйымдардың бөлігін сатып алудың есебі»;

- ХҚЕС (IAS) 1 «Ақпаратты ашудағы бастама»;

- ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 «Амортизацияның кейбір әдістерін қолданудағы түсіндірмелер»;

- Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдіру, 2012-2014 жж.

Жаңа және қайта қаралаған стандарттар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізген жоқ.

Шығарылған жаңа және қайта қаралған, бірақ күшіне еңбеген ХҚЕС

Топ келесі күшіне еңбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбады:

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» 2;
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша табыс» (және ХҚЕС (IFRS) 15 түзетулер) 2;
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу» 3;
- ХҚЕС (IFRS) 2 түзетулер «Акциялар негізіндегі операцияларға баға беру және жіктелуі» 2;
- ХҚЕС (IFRS) 10 түзетулер және ХҚЕС (IFRS) 28 «Инвестор және оның тәуелді немесе бірлескен ұйымына активтер қосу немесе сату» 4;
- ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер «Ақпаратты ашу саласында бастама» 1;
- ХҚЕС (IFRS) 12 түзетулер «Кейінге қалдырылған салық активтеріне қатысты іске асырылмаған шығындар» 1;
- ХҚЕС (IFRS) 4 түзетулер «ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолдану» 2;
- ХҚЕС (IFRS) 22 «Шет елдік валютадағы операциялар және алдын ала өтеу» 2;
- ХҚЕС (IAS) 40 «Объектілерді инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру» 2;
- Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдіру, 2012-2014 жж.

1 2017 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді, алдын ала қолдану мүмкіндігімен.

2 2018 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді, алдын ала қолдану мүмкіндігімен.

3 2019 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді, алдын ала қолдану мүмкіндігімен.

4 Күшіне ену күні кейінірақ анықталады, алдын ала қолдану мүмкіндігімен.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

2009 ж. қарашада шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 қаржы активтерін сыныптау және бағалау бойынша жаңа талаптар енгізді. 2010 ж. қазанда ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулер енгізілді және қаржы міндеттемелерін сыныптау және бағалау, сондай-ақ қаржы құралдарын тануды тоқтату бойынша жаңа талаптар қосылды, ал 2013 ж. қарашада хеджирлеуді есепке алуға жаңа талаптар шығарылды. 2014 ж. шілдеде ХҚЕС (IFRS) жөніндегі кеңес ХҚЕС (IFRS) 9 соңғы нұсқасын шығарды, онда қаржы активтерін құнсыздандыруды есепке алу бойынша талаптар, сонымен қатар қаржы активтерін сыныптау және бағалауға қатысты талаптарының кейбір өзгерістері енгізіледі.

Топ Басшылығы ХҚЕС (IFRS) 9 болашақта қаржылық активтер мен қаржылық міндеттер сомасына елеулі әсер тигізеді деп күтуде. Алайда ХҚЕС (IFRS) 9 егжей-тегжейлі талдауға дейін әсерін бағалау мүмкін емес.



ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша табыс»

2014 ж. мамырда клиенттермен жасалған шарттар бойынша табысты есепке алудың бірегей кешенді үлгісін белгілейтін ХҚЕС (IFRS) 15 шығарылды. ХҚЕС (IFRS) 15 табысты тану бойынша ХҚЕС (IAS) 18 «Табыс» және ХҚЕС (IAS) 11 «Құрылыс жұмыстарына жасалған келісімшарттар» қоса осы сәтте қолданыстағы барлық стандарттар мен тиісті түсіндірулерді алмастырады.

ХҚЕС (IFRS) 15 түйінді қағидаты ұйымның кәсіпорын тауарлар мен қызметтерге алмастыру құқығын иеленеді деп күтетін сыйлықақыға сәйкес келетін сомада уәде еткен тауарлар немесе қызметтерді клиенттерге табыстау сәтінде немесе табыстаған сайын табысты тануы тиіс екендігінде. Сонымен қатар, стандарт клиенттермен жасалған шарттардың бәріне бес кезеңнен тұратын бірегей үлгіні қолдануды ұсынады.

Үлгінің бес кезеңіне келесілер кіреді:

- 1) Клиентпен жасалған шартты анықтау;
- 2) Келісім-шарт бойынша орындайтын міндеттерді анықтау;
- 3) Мәміле бағасын белгілеу;
- 4) Мәміленің бағасын орындалатын міндеттерге бөлу;
- 5) Ұйым келісім-шарт бойынша орындайтын міндеттерін орындаған кезде / (шамада) табысты тану.

ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес ұйым орындаушының міндеттемесі орындалған кезде немесе орындалған сайын, яғни орындаушының міндеттемесін құрайтын тауарлар мен қызметтерге бақылау жасау клиентке ауысқан кезде табысты таниды. Стандарт табыста тану сәті, ауыспалы сыйлықақыны есепке алу, шарттарды жасасу және орындаумен байланысты шығындар және т.б. сияқты есепке алудың мәселелері бойынша аса анық нұсқаулар енгізеді. Бұдан басқа, ақпаратты ашып көрсету бойынша жаңа талаптар енгізіледі.

2016 ж. сәуір айында ХҚЕС жөніндегі Одақ ХҚЕС (IFRS) 15 міндеттемелер идентификациясын орындауға қатысты, «принципал-агент» қатынасындағы талдау, сонымен қатар лицензиялауға басшылыққа қатысты түзетулер шығарды.

Қазіргі уақытта Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ХҚЕС (IFRS) 15 толық әсерін бағалауда, сондықтан толық талдау жасамағанша ХҚЕС (IFRS) 15 қолданудың әсерін бағалау мүмкін емес. Басшылық стандартты алдын-ала қолдануды жоспарламайды және стандартты бастапқы қолдануда ретроспективті әдісін қолдануды жоспарлауда.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ХҚЕС сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Құнды белгілеуге арналған база

Шоғырландырылған қаржылық есептілігі кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, бастапқы құн қағидатының негізінде дайындалған.

Тарихи құн әдетте тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге айырбасқа берілген сыйақының әділ құны негізінде белгіленеді.

Әділ құн осы құнның тікелей бақыланатындығына немесе оның өзге әдістемемен анықталатынына қарамастан, бағалау күні нарық қатысушылары арасындағы еркін мәміле шеңберінде активті сату кезінде алынған немесе міндеттемені беру кезінде төленген сома ретінде белгіленеді. Әділ құн бойынша активті немесе міндеттемені бағалау кезінде Топ, егер нарық қатысушылары оларды назарға алған болса, активтің немесе міндеттеменің сипаттамасын назарға алады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағалау және ашу үшін әділ құн, ХҚЕС (IAS) 17 реттелетін жалға алу келісімдерін, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ оған тең емес бағаларды (мысалы, ХҚЕС (IAS) 2 бойынша қорларды бағалау кезінде таза ықтимал өткізу бағасы немесе ХҚЕС (IAS) 36 бойынша құнсыздандуды бағалау кезінде пайдалану құндылығы) қоспағанда, жоғарыда көрсетілген тәсілмен белгіленеді.

Бұдан бөлек, есептілікті жасау кезінде әділ құн бойынша баға шығыс деректерінің бақыланымдылығын бағалау үшін олардың маңыздылығына байланысты 1, 2 және 3 деңгейлер бойынша жіктеледі:

- 1-деңгей – бағалау күні кәсіпорын бақылауы мүмкін белсенді нарықтарда осындай активтер мен міндеттемелерге белгіленетін баға (түзетулерсіз);
- 2-деңгей – 1-деңгейге сәйкес келмейтін, бірақ актив үшін немесе міндеттеме үшін тікелей не жанама түрде бақыланатын шығыс деректері;
- 3-деңгей – актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын шығыс деректері.

Атқарымдық валюта және ұсыну валютасы

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Топтың атқарымдық валютасы және осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілген. Теңгемен берілген барлық сандық көрсеткіштер (ең жақын) мыңға дейін дөңгелектелген.

Шетелдік валютадағы операциялар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындаған кезде атқарымдық валютадан өзгеше валютамен (шетел валютасымен) жасалған мәмілелер жасалған күннің бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген ақша баптары шоғырландырылған қаржылық есеп жасалған күнгі тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада ескерілген және әділ құнмен бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды анықтау күні қолданыста болған айырбас бағамдары бойынша қайта есептеуге жатады. Шетелдік валютада көрсетілген тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Валюта бағамының өзгеруі нәтижесінде туындайтын ақша баптары бойынша бағамдағы айырма олар туындаған кезеңдегі пайда мен шығындарда көрсетіледі, мыналарды қоспағанда:

- өндірістік мақсатта болашақта пайдалануға арналған құрылысы аяқталмаған объектілерге жататын шетелдік валютадағы қарыздар бойынша бағамдық айырмашылық осындай активтердің құнына шетелдік валютадағы қарыздар бойынша пайыздық шығыстарды түзету ретінде қосылады;
- жеке валюталық тәуекелдерді хеджирлеу мәмілелері бойынша бағамдық айырмашылық;
- өтеу жоспарланбаған және екіталай (мұндай баптар таза инвестициялардың бір бөлігін білдіреді), бұрыннан өзге жиынтық табыста көрсетілетін және берешекті өтеу кезінде пайдаға және залалға қайта жіктелетін Топтың шетелде қызмет жасайтын бөлімшелермен өзара есеп айырысу баптары бойынша



бағамдық айырмашылық.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Топтың үздіксіз қызмет қағидатын ұстанатыны туралы болжамды негізге ала отырып, ХҚЕС сәйкес дайындалды, яғни бұл жақын болашақтағы оның дағдылы шаруашылық қызметінің барысында активтерін өткізуді және міндеттемелерін өтеуді болжайды. Басшылық операциялық қызмет барысында Топ өз активтерін өткізе алады және өз міндеттемелерін орындай алады деп есептейді. Топ жақын болашақта өз қызметін жалғастыратын болады деп санайды.

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдайына Топтың «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдында 2017 ж. тамыз айында қарызын өтеуіне қажеттілігіне байланысты ағымдағы міндеттемелері ағымдағы активтерден 6,193,260 мың теңгеге асып түсті (2015 ж. 31 желтоқсанында: 4,884,265 мың теңге). 2016 ж. таза шығын 2,751,805 мың теңгені құрады (2015 ж.: 8,266,418 мың теңге).

Топтың Басшылығының санауы бойынша, Топ болашақта өзінің қызметін төмендегіге байланыста жалғастырады:

- Топ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныс тапсырысына қызмет көрсету үшін өнім және қызмет көрсету саласындағы ірі машина құрастыру зауыттарынан құралады. 2017 ж. Қазақстанда мемлекеттік қорғаныс тапсырысының мемлекеттік бюджетінің ұлғаюы күтілуде;
- Топ жекешелендіру жоспарына сәйкес сатуға арналған активтерден ақшалай қаражаттардың түсуін және Топ ұйымдарының тиімділігін жоғарылату мақсатында стратегиялық серіктестер тартуды күтілуде;
- Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдындағы қарызды негізгі қызметі есебінен, сонымен қатар жоғарыдағы көрсетілген активтерді сатудан түскен ақша қаражаттарынан өтеуді күтуде;
- Топ 2017 ж. бойында қосымша қаржыландыруға қаржылық институттарымен келіссөздер жүргізуде.

Шоғырландыру қағидаттары

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және Компания бақылайтын кәсіпорындардың (арнайы мақсаттағы кәсіпорындарды қоса алғанда) және еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігін қамтиды. Кәсіпорын Компаниямен бақыланады деп есептеледі, егер:

- инвестиция объектісіне қатысты өкілеттіктері болса;
- инвестиция объектісіне қатысудан ауыспалы табысқа байланысты тәуекелдерге тап болса немесе осындай табысты алуға құқығы болса;
- өз өкілеттіктерін инвестор табысының мөлшеріне ықпал ету мақсатында инвестиция объектісіне қатысты пайдалану мүмкіндігі болса.

Компания егер фактілер мен мән-жайлар бақылаудың жоғарыда көрсетілген үш элементінің біреуінде немесе бірнешеуінде өзгерістерге меңзеген жағдайда оның инвестиция объектісін бақылай алатынын немесе алмайтынын қайта бағалайды.

Егер инвестордың іс жүзінде бір жақты тәртіпте маңызды қызметті басқару мүмкіндігі болса, бақылау пакетімен дауыс беру құқығы жоқ инвестордың оған өкілеттік беру үшін жеткілікті дәрежеде құқығы бар. Инвесторға өкілеттік беруге дауыс беру құқығының жеткілікті екенін бағалау кезінде Компания барлық деректермен мән-жайларды қарастырады сонымен қатар:

- басқа дауыс беру құқықтары пакеттерін ұстаушылардың мөлшері мен шоғырлану дәрежесіне қатысы бойынша инвесторға тиесілі дауыс беру құқықтары пакетінің мөлшерін;
- Компания ие болып табылатын әлеуетті дауыс беру құқықтарын, басқа дауыс беру құқықтарының иелерін немесе басқа тараптарды;
- басқа шарттық келісімдерде көзделген құқықтарды;
- акционерлердің бұдан бұрынғы жиналыстарындағы дауыстарды бөлу сипатын қоса алғанда, шешім қабыдануға тиіс сәтке маңызды қызметті басқару мүмкіндігіне Компанияның ие екендігін немесе ие еместігін көрсететін кез келген қосымша деректер мен мән-жайларды қоса алғанда барлық деректер мен мән-жайларды қарайды.

Инвестиция объектісін шоғырландыру Компания инвестиция объектісіне бақылауды алған сәттен басталады және Компания инвестиция объектісіне бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатылады. Атап айтқанда, жыл ішінде сатып алынған немесе сатылған еншілес кәсіпорындардың табыстары мен шығыстары олар нақты сатып алынған немесе тиісінше нақты сату күніне дейінгі сәттен бастап жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

Таза пайда және жиынтық табыс Компанияның акционерлеріне және бақыланбайтын үлеске жатады. Еншілес кәсіпорындардың жалпы жиынтық табысы Компанияның акционерлеріне және бақыланбайтын үлеске, егер тіпті бақыланбайтын үлес бойынша жағымсыз қалдықтың туындауына әкелсе де, қатысты болады. Еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігіне қажет болған жағдайда Топтың есеп саясатының қағидаттарын өздері қолданатын есеп саясаттың қағидаттарына сәйкестікке келтіру үшін түзетулер енгізіледі.

Топ кәсіпорындарының арасындағы барлық мәмілелер, есептесудегі тиісті қалдықтар және Топ ішінде жасалған мәмілелерден жүзеге аспаған пайдалар мен залалдар шоғырландырылған кезде есепке алынбайды.

Жұмыс істеп тұрған еншілес кәсіпорындардағы Топтың иелену үлесінің өзгеруі

Топтың еншілес кәсіпорындардың үстінен жүргізетін бақылауды жоғалтуға әкелмейтін еншілес кәсіпорындардағы Топтың иелену үлесіндегі өзгерістер капиталда есептеледі. Еншілес кәсіпорындағы Топ үлесінің және бақыланбайтын үлестің баланстық құны осы үлестердің ара қатынастарының өзгеруін ескере отырып түзетіледі. Бақыланбайтын үлес түзетілетін сома мен төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырмашылық бас ұйым акционерлерінің капиталында көрсетіледі.



Тәуелді және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Инвестиция объектісінің қаржылық және операциялық саясатына бақылау немесе бірлескен бақылау емес, осындай саясат бойынша шешім қабылдауға қатысу құзіреттілігі.

Бірлескен қызмет қызметке бірлескен бақылауға ие тараптарда қызметтің таза активтеріне құқықтардың болуын болжайды. Бірлескен бақылау бұл шартқа сәйкес тараптар арасында бөлінген бақылау, бұл ретте бірлескен бақылау тек маңызды қызметке қатысты шешімнің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімімен талап етілген кезде орын алады.

Тәуелді және бірлескен кәсіпорындардың қызметінің нәтижелері, активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке үлестік қатысу әдісі бойынша қосылған. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес инвестицияны бастапқы тану кезінде тәуелді немесе бірлескен кәсіпорында өзіндік құны бойынша танылады, содан соң олардың баланстық құны Топ үлесінің сатып алу күнінен кейін инвестиция объектісінің пайдасына немесе залалына тану есебінен ұлғаяды немесе азаяды. Топ үлесі тәуелді немесе бірлескен кәсіпорынның залалында оның тәуелді немесе бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлесіне тең болған немесе осы үлестен асып кеткен кезде, Топ өз үлесін алдағы залалдарда тануды тоқтатады. Кәсіпорынның қатысу үлесі нөлге дейін азайғаннан кейін қосымша залалдар мен міндеттемелер тек кәсіпорын өзіне қабылдаған заңды міндеттемелер немесе тәуелді немесе бірлескен кәсіпорын атынан жасаған төлем мөлшерінде танылады.

Инвестициялар кәсіпорын тәуелді немесе бірлескен кәсіпорын болған күннен бастап үлестік қатысу әдісі бойынша есептеледі. Инвестицияларды сатып алу кезінде инвестицияның нақты құны мен инвестиция объектісінің сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің таза әділ құнындағы кәсіпорынның үлесі арасындағы кез келген айырмашылық инвестицияның баланстық құнының құрамына кіретін гудвил ретінде есептеледі. Тәуелді кәсіпорынның сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің таза әділ құнындағы Топ үлесінің инвестиция құнынан асып кету сомасы инвестициялар сатып алынған кезең үшін тәуелді немесе бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе залалындағы инвестор үлесін айқындау кезінде табыс ретінде көрсетіледі.

Топ тәуелді немесе бірлескен кәсіпорындағы Топтың қатысу үлесіне қатысты құнсызданудан болған қосымша залалдарды тану қажеттілігін анықтау мақсатында ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» талаптарын да қолданады. Қажет болған кезде инвестицияның жалпы баланстық құны (гудвилді қоса алғанда) ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес олардың өтелетін құнын (екі мәннің үлкенін білдіреді: пайдаланудың құны немесе сатуға кеткен шығыстарды шегергендегі әділ құны) олардың баланстық құнымен салыстыру арқылы бөлек актив ретінде құнсыздануына тексеріледі. Құнсызданудан болған залал инвестицияның баланстық құнының құрамына кіретін гудвилді қоса алғанда, қандай да бір активке жатпайды. Осындай құнсызданудан болған залалды кез келген қалпына келтіру ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес егер нәтижесінде инвестицияның баланстық құны өскен жағдайда танылады.

Топ үлестік қатысу әдісін пайдалануды оның инвестициясы тәуелді немесе бірлескен кәсіпорын болудан қалған не сатуға арналған ретінде жіктелген күннен бастап тоқтатады. Егер бұрынғы тәуелді немесе бірлескен кәсіпорында қалған үлесі қаржы активі болып табылса, кәсіпорын қалған үлесті әділ құны бойынша бағалауға тиіс. Топ кез келген қатысу үлесінің және тәуелді немесе бірлескен кәсіпорынға

инвестицияның бір бөлігін шығарудан болған кез келген табыстардың әділ құны мен инвестицияның әділ құны арасындағы айырманы үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатқан күні пайда немесе залал құрамында таниды. Топ бұрын өзге де жиынтық табыс құрамында танылған барлық сомаларды осы инвестицияларға қатысты егер инвестиция объектісі тікелей тиісті активтермен немесе міндеттемелермен басқарылған жағдайдағы негізде есептейді. Демек, өзге де жиынтық табыс құрамында бұрын инвестиция объектісі болып танылған табыс немесе залал тиісті активтер немесе міндеттемелер шығарылған кезде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелсе, Топ табысты немесе залалды Топ үлестік қатысу әдісін пайдалануды тоқтатқан кезде капитал құрамынан пайда немесе залал құрамына (қайта жіктеу кезінде түзету ретінде) қайта жіктейді.

Егер тәуелді кәсіпорынға инвестиция бірлескен кәсіпорынға инвестиция болса, немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция тәуелді кәсіпорынға инвестиция болса, Топ үлестік қатысу әдісін пайдалануды жалғастырады және қалған үлеске қайта бағалау жүргізбейді.

Егер тәуелді немесе бірлескен кәсіпорындағы Топ иелігінің тікелей үлесі азайса, бірақ Топ үлестік қатысу әдісін пайдалануды жалғастыра берсе, осы табысты немесе залалды тиісті активтер немесе міндеттемелер шығарылған кезде пайда немесе залал құрамында қайта жіктеу талап етілетіндей, аталған азаюға байланысты өзге де жиынтық табыс құрамында бұрын танылған табыстың немесе залалдың белгілі бір үлесін пайда немесе залал құрамына қайта жіктейді.

Топ пен оның тәуелді немесе бірлескен кәсіпорындары арасындағы операциялар нәтижесінде туындайтын табыстар мен залалдар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде тек осы тәуелді немесе бірлескен кәсіпорында олардың Топтың қатысу үлесіне жатпайтын мөлшерде танылады.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

Ұзақ мерзімді активтер мен істен шығатын активтер тобы егер олардың баланстық құны негізінен өндірістік қызметте пайдалану барысында емес, сату кезінде өтелетін болса, сатуға арналған ретінде жіктеледі. Осы жағдай егер актив (істен шығатын активтер тобы) әдетте қабылданған осындай активтерді (топтарды) сату жағдайларына сәйкес ағымдағы жағдайда сатылуы мүмкін болса және сату ықтималдылығы жоғары болса орындалған болып есептеледі. Басшылық актив сатуды оны сатуға арналған ретінде жіктеу сәтінен бастап жыл ішінде аяқтауы тиіс.

Егер Топ еншілес кәсіпорынның бақылау пакетін сату жоспарын қабылдаса, оның барлық активтері мен міндеттемелері Топтың бұрынғы еншілес кәсіпорындағы бақыланбайтын үлесті сатудан кейін сақтауына қарамастан жоғарыда көрсетілген өлшемдерді орындау кезінде сатуға арналған ретінде қайта жіктеледі.

Егер Топ тәуелді немесе бірлескен кәсіпорынға салымды немесе салымның бір бөлігін сатуды болжайтын сату жоспарын ұстанады, сатылатын салым немесе оның бір бөлігі жоғарыда көрсетілген өлшемдерге сәйкес келгенде сатуға арналған ретінде жіктеледі және Топ сатуға арналған ретінде жіктелген салымның бір бөлігі бойынша үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатады. Тәуелді немесе бірлескен кәсіпорында қалған салымның бір бөлігі сатуға арналған ретінде қайта жіктелмейді және үлестік қатысу әдісі бойынша ықпал етуін жалғастырады. Топ істен шығу Топтың тәуелді немесе бірлескен кәсіпорынға елеулі әсерін жоғалтуға алып келген сәтте үлестік қатысу әдісін пайдалануды тоқтатады.



Істен шыққаннан кейін Топ бұрынғы тәуелді немесе бірлескен кәсіпорында қалған қатысу үлесін ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес көрсетеді. Егер кәсіпорын тәуелді немесе бірлескен кәсіпорын болып қалуды жалғастырса, Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастырды.

Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер (істен шығатын активтер тобы) қайта жіктеу кезінде баланстық құннан ең азы және сатуға жұмсалатын шығындарды шегере отырып әділ құн бойынша бағаланады.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың жинақталған амортизация сомасы мен құнсызданудан болған залалдарды шегере отырып, бастапқы құн бойынша көрсетіледі. 2006 ж. 31 желтоқсанға дейін сатып алынған жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтар ХҚЕС ауысу күні бастапқы құны болып табылатын тәуелсіз бағалаушы белгілеген әділ құн бойынша көрсетілген. Нақты құнына тікелей тиісті активті сатып алумен байланысты барлық шығын қосылады.

Өндірістік және әкімшілік мақсатта кейін пайдалану үшін салынып жатқан, құрылысы аяқталмаған объектілер кез келген танылған құнсызданудан келген залалдарды шегере отырып, құрылыс құны бойынша ескеріледі. Құрылыстың құны кәсіби қызметтер құнын, сондай-ақ жіктелетін активтер үшін Топтың есеп саясатына сәйкес капиталдандырылатын қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Осындай жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың объектілерінің құрылысы аяқталу немесе мақсатты пайдалануға дайын болған сәтте жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың тиісті санатына жатады. Осы активтер бойынша амортизацияны есептеу өзге де жылжымайтын объектілер сияқты активтердің жоспарланған пайдалануға дайын кезінен басталады.

Амортизация пайдалы қолданудың күтілген мерзімінің ішінде тарату құнын бірқалыпты шегергенде жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың (жер учаскелері мен құрылысы аяқталмаған объектілерді қоспағанда) нақты құнын есептен шығару үшін есептеледі. Пайдалы қолданудың күтілген мерзімі, баланстық құны және амортизацияны есептеу әдісі әр есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағадағы барлық өзгерістер салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарастырмай шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрініс табады.

Активтер тобы	Пайдалы қызметтің орташа мерзімі
Ғимараттар мен құрылыстар	8 - 100 лет
Машиналар мен жабдықтар	3 - 20 лет
Көлік құралдары	3 - 10 лет
Басқа да активтер	3 - 20 лет

Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша алынған активтер пайдалы қолданудың күтілген мерзімі ішінде Топтың меншігіндегі активтердің тәртібінде амортизацияланады. Бірақ жалгерлік мерзімінің соңында меншік құқығы жалға алушыға өтеді деген дәйекті сенім болмаған жағдайда актив екі мерзімнің ең қысқасы ішінде: жалдау мерзімінде және пайдалы қызмет мерзімінде толық амортизациялануы керек.

Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың объектісі сатылған жағдайда немесе жалғасып отырған активті пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген кезде есептен шығарылады. Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың объектілерінің сатудан не істен шығуынан болған табыс немесе залал сату бағасы мен осы объектілердің баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және табыстар мен залалдарда мойындалады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалдарды шегергендегі бастапқы құны бойынша есептеледі. Амортизация 10-20% мөлшерлемесі бойынша осы активтердің пайдалы қызмет көрсетудің болжалды мерзімі ішінде тікелей әдіспен есептеледі. Пайдалы қызметтің болжалды мезгілі және амортизация есебінің әдісі, келешегі бар негізде есепке алынатын бағаның кез келген өзгерісін ескере отырып, әр есептік кезеңнің соңында қайта қаралады.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар және материалдық емес активтердің құнсыздануы

Топ материалдық және материалдық емес активтердің әрбір есептік күнге баланстық құнының құнсыздану көрсеткіштерінің болуына тексеріс жүргізеді. Осындай белгілер болған жағдайда, құнсызданудан болатын шығынның көлемін анықтау мақсатында (егер болған жағдайда) тиісті активтің өтелетін құны есептеледі. Өтелетін құн екі мәннің ең үлкені ретінде белгіленеді: өткізу мен пайдалану құндылығына байланысты шығыстарды шегергендегі активтің әділ құны. Пайдалану құндылығын бағалаған кезде ақша қаражатының күтілетін болашақ ағымы осы активке тән тәуекелдер мен уақыт ішіндегі ақша құнының ағымдағы нарық бағасын көрсететін салық салуға дейін дисконттау коэффициентін пайдалана отырып ағымдағы құнға дейін дисконтталады, болашақ ақша ағымына қатысты баға түзетілген жоқ.

Егер активтің (немесе туындататын бірліктің) өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болса, осы активтің (немесе туындатушы бірліктің) баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Құнсызданудан болған залалдар пайда мен залалда көрсетіледі. Құнсызданудан болған залалдар кейін қалпына келтірілген жағдайларда, активтің (немесе туындатушы бірліктің) баланстық құны өтелетін құнның жаңа бағалау нәтижесінде алынған сомаға дейін, осы актив бойынша өткен жылдардағы құнсызданудан болған залалдар көрсетілмесе және соған байланысты анықталған баланстық құны жаңа баланстық құннан аспаса, ұлғайтылады.

Тауарлық-материалдық қорлар

Босалқылар өзіндік құнның және өткізудің таза құнының ең аз мәні бойынша көрсетіледі. Өткізудің таза құны аяқтау және іске асыру бойынша барлық болжанған шығындарды шегере отырып босалқыларды өткізудің ықтимал құнына негізделген.



Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны орташа өлшемді әдісті пайдалана отырып есептеледі және материалдар бойынша тікелей шығындарды және еңбекке ақы төлеу бойынша тікелей шығындарды және босалқыларды олардың ағымдағы жағдайына жеткізу мен қазіргі орналасқан жеріне жеткізу кезінде шеккен қосымша шығыстарды қамтиды.

Қаржы құралдарын тану

Топ қаржы активтері мынадай санаттарға жіктеледі: пайда мен залал арқылы әділ құн бойынша міндеттемелерді өзінің қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінде құрал бойынша тиісті шарттың қатысушысы болғанда ғана таниды. Қаржы активтері мен міндеттемелер операция жасалған күнгі есепке алу қағидатын пайдалана отырып көрсетіледі.

Қаржы активтері мен міндеттемелері алғашында мәміле жасаумен байланысты шығындарды қоса алғанда немесе шегергенде және кейін әділ құн немесе амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін алынған немесе төленген сыйақының әділ құнын білдіретін өзіндік құн бойынша көрсетіледі.

Әділ құн әдетте ресми нарықтық баға белгіленімдеріне сілтемемен анықталады. Егер нарықтық баға белгіленімдері қолжетімді болмаған жағдайда әділ құн нарықтық деректерге негізделетін дисконтталған болашақ ақша ағындары сияқты баға бойынша көпшілік мақұлдаған әдістерді пайдалана отырып анықталады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі борыштық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және тиісті кезеңде пайыздық табысты бөлу үшін пайдаланылады. Амортизациялық құн тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл күтілетін болашақ ақша түсімдерін (пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілелерді рәсімдеу бойынша шығындар және басқа да сыйлықақылар мен дисконттар) борыштық құралды өтегенге дейінгі күтілетін мерзімге (егер қолдануға болса) немесе борыштық құралды есепке қабылдау сәтіне баланстық құнға дейін неғұрлым қысқа мерзімге дисконттау мөлшерлемесі.

Қаржы активтері

Қаржы активтері мынадай санаттарға жіктеледі: пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері, өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларға және «қарыздар мен дебиторлық берешек». Жіктеу қаржы құралдарының сипаты мен мақсатына байланысты және бастапқы танылу сәтінде анықталады.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары және олардың баламалары банк шоттарындағы қаражаттарды, жолдағы ақшаны, кассадағы қолма-қол ақшаны және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары

Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары бастапқы өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейінгі қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

Сауда дебиторлық берешек

Сауда дебиторлық берешек күмәнді берешек бойынша резервті шегергенде, ұсынылған төлеуге берілген шоттардың сомалары бойынша танылады және бухгалтерлік есепте көрсетіледі. Күмәнді берешек бойынша резерв Топ дебиторлық берешекті шарттарда белгіленген мерзімдерде өтемеген кезде есепке жатқызылады. Күмәнді берешек бойынша резерв кезең сайын қайта қаралады және егер түзетулерде қажеттілік туындаса тиісті сома осындай қажеттілік анықталған есепті кезеңнің жиынтық табысы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Үмітсіз берешек бұрын құрылған резерв есебінен оның айқындалуына қарай есептен шығарылады.

Қарыздар және басқа да дебиторлық берешек

Қарыздар және басқа да дебиторлық берешектер тіркелген немесе белсенді нарықта баға белгіленбейтін төлемдермен анықталатын туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Қарыздар мен дебиторлық берешек құнсыздануды алып тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

Пайыздық табысы шамалы болған қысқа мерзімді берешекті қоспағанда, пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы танылады.

Өзге де қаржы активтері

Өзге де қаржы активтері тіркелген немесе белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін төлемдермен анықталатын банктердегі депозиттер сияқты туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Мұндай активтер кез келген құнсыздануды алып тастағанда тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Пайда мен залалдар арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын активтерден басқа қаржы активтері, әрбір есепті күні құнсыздану көрсеткіштері үшін бағаланады.

Қаржы активтері қаржы активін бастапқы танығаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғаның нәтижесінде объективті куәлік болса бағаланады, мысалы: инвестиция бойынша ақша қаражаттары қозғалысының болжамды болашақтағы елеулі өзгерісі, эмитент немесе борышкер шегетін едәуір қаржылық қиындықтар, шарт талаптарының бұзылуы, қарыз алушының қаржылық қиындықтарға байланысты кредитордың жеңілдік шарттарын ұсынуы, қарыз алушының банкроттық немесе қаржылық қайта жасақталу ықтималдығы, осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жойылуы. Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтері үшін құнсыздану сомасы активтің баланстық құны мен бастапқы қолданыстағы пайыздық мөлшерлемеге дисконтталған болжалды болашақ ақша қаражаттары қозғалысының ағымдағы құны арасындағы айырмашылықты білдіреді.

Қаржы активінің баланстық құны баланстық құны күмәнді қарыз бойынша резервті пайдалану арқылы азаятын сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, тікелей барлық қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалға азаяды.



Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болған залал сомасы азайса және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін болған оқиғаларға объективті түрде байланысты болуы мүмкін, онда бұрын танылған құнсызданудан болған залал сомасы пайдада немесе шығында құнсыздануды түзету күнгі инвестицияның баланстық құны егер құнсыздану танылмаған болса амортизацияланған құнды құрауы мүмкін сомалардан аспайтын шамада түзетіледі.

Қаржы міндеттемелері және үлестік құралдар

Топтың кәсіпорындары шығарған борыштық және үлестік қаржы құралдары тиісті шарттың мәніне, сондай-ақ қаржы міндеттемесі мен үлестік құрал анықтамасын негізге ала отырып, қаржылық міндеттемелер немесе капитал ретінде жіктеледі.

Үлестік құрал – бұл барлық міндеттемелерді алып тастағаннан кейін кәсіпорын активтерінің үлесіне құқығын растайтын кез келген шарт. Топ шығарған үлестік құралдар шығаруға тура шығындарды алып тастағанда түсім көлемінде көрсетіледі.

Топтың меншікті үлестік құралдарды сатып алуы капиталдан тікелей шегеріледі. Компанияның меншікті үлестік құралдарды сатып алу, сату, шығару немесе жою нәтижесінде пайда болған табыстар және шығындар пайда мен залалда көрсетілмейді.

Артықшылық берілген акциялар – дивиденттердің тіркелген сомасымен артықшылық берілген акциялар шарттық келісімнің мәніне сәйкес құрамдастырылған қаржылық құрал болып табылады. Осыған сүйене отырып, міндеттемелер мен капиталдың компоненттері қаржылық жағдай туралы шоғырандырылған есепте жеке берілген. Бастапқы тану кезінде, капиталдың компонентіне бүтіндей әділ құн құралының бастапқы баланстық құнын алып тастағаннан кейін соманың қалдығы беріледі. Бастапқы тану кезіндегі міндеттеме компонентінің әділ құны осыған ұқсас борыштық құралдан пайыздың нарықтық мөлшерлемесі бойынша күтілетін ақша ағымын азайту жолымен есептеледі. Келешекте, міндеттеме компоненті дәрежеленген борыш қағидаты бойынша, ал меншікті капиталдың компоненті – жарғылық капиталдың қағидаты бойынша өлшенеді.

Қаржы міндеттемелері шарттар бойынша міндеттемелер туындайтын шарттық келісімдерде берілген.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек алғашқыда әділ құн бойынша бағаланады, кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша қайта бағаланады.

Қарыздар мен тартылған қаражаттар

Барлық қарыздар мен тартылған қаражат бастапқыда қарыздық қаражат тартумен байланысты шығыстарды ескере отырып алынған ақша қаражатының әділ құнын білдіретін құн бойынша есептеледі.

Бастапқы танылғаннан кейін пайыздық қарыздар мен тартылған қаражат тиімді қарыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша есептеледі.

Капиталдандыруға жататын қарыздар бойынша шығыстарды қоспағанда, табыстар мен шығыстар (мысалы, үшінші тараптардың кепілдіктері бойынша комиссиялар) міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ амортизацияны есепке алған кезде жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуы мүмкін және таза сома танылған сомаларды өзара есепке алуды жүргізуге заңды құқығы болғанда және Топта не өзара есепке алуды жүргізу немесе активті сату және бір мезгілде міндеттемені өтеу ниеті болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері

Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері (1) қысқа мерзім ішінде басты мақсаты сату арқылы алынған, (2) басқару бірлескен түрде жүзеге асырылатын және құрылымы қысқа мерзімді келешекте пайда алу ниетін нақты куәландыратын сәйкестендірілген қаржы құралдары портфелінің бір бөлігі болып табылатын немесе (3) бастапқыда Топ пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері ретінде көрсеткен туынды құралдарды немесе бағалы қағаздарды білдіреді. Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бастапқыда және кейіннен әділ құны бойынша бағаланады. Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын түзету жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Топ осы қаржы құралдарын иелену кезеңінде қаржы құралдарын осы санатқа немесе осы санаттан қайта жіктеуді жүргізбейді.

Кірікпе туынды қаржы құралдары

Басқа қаржы құралдарына немесе негізгі шарттарға кірікпе туынды қаржы құралдары олардың сипаттамалары мен тәуекелдері негізгі шарттың сипаттамаларымен және тәуекелдерімен тығыз байланыста болмаса және негізгі шарттар пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбаса, жеке туынды қаржы құралдары ретінде қаралады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активін (немесе тиімді болғанда қаржы активінің бір бөлігін немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігін) тану мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- Активтен ақша қаражаты ағындарын алу құқығы аяқталғанда;
- Топ активтен ақша қаражаты ағындарын алу құқығын сақтаған, бірақ табыстама келісімге сәйкес оларды үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз толығымен төлеуге міндеттеме қабылдаған және негізінен осы актив бойынша барлық тәуекел мен пайданы; немесе
- Топ активтен ақша қаражаты ағындарын алуға өз құқығын берген және немесе (а) актив бойынша барлық тәуекел мен пайданы негізінен берген немесе (б) актив бойынша ешқандай тәуекел мен пайданы бермеген де, ұстап қалмаған бірақ активке бақылауды берген жағдайда.



Егер Топ активтен ақша қаражаты ағындарын алуға өз құқығын берсе және актив бойынша ешқандай тәуекел мен пайданы бермесе және ұстап қалмаса, және активке бақылауды бермесе, онда актив Топ активке қатысуды жалғастыратын дәрежеде танылады. Берілген актив бойынша кепілгерлік нысан қабылдаған қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құны мәнінің ең төменгісі және Топтан өтем ретінде талап етілуі мүмкін ең жоғары өтелетін сома бойынша бағаланады.

Қаржы міндеттемелері

Қаржы міндеттемесін (немесе қаржы міндеттемесінің бір бөлігін) тану ол өтелген болса, яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалған, жойылған немесе оның қолданылу мерзімі аяқталғанда тоқтатылады.

Табысты тану

Табыстар Топтың белгілі бір экономикалық пайда алу ықтималдығы бар деңгейде танылады және табыстар жеткілікті дәрежеде дәл есептелуі немесе бағалануы мүмкін.

Тауарларды сату

Тауарларды сатудан түскен табыс тауарды жеткізу және меншік құқығының ауысу фактісі бойынша танылады.

Қызмет көрсету

Қызмет көрсету шарттары бойынша табыс аяқталу дәрежесін негізге ала отырып танылады. Аяқталу дәрежесі келісім шарттың жалпы сомасынан есепті күнге дейін шығыстың үлесі арқылы анықталады, егер шығыстар аяқталу дәрежесін көрсеткен жағдайда. Егер келісім-шарттың қаржы нәтижесі сенімді анықталынбаса, табыс тек шығындардың келісім-шарт бойынша өтелуі күтілген сомасында анықталады. Келісім-шарт шығыстары олар туындаған кезеңде шығыс ретінде табылады.

Құрылысқа арналған шарттар

Егер құрылысқа арналған шарттардың қаржы нәтижесі сенімді есептелсе, табыс және шығыстар есепті күні шарт бойынша жұмыстардың аяқталу дәрежесіне барабар танылады. Аяқталу дәрежесі есепті күнге дейін жұмыстарды орындауға кеткен шығындар үлесі ретінде, бұл үлес жұмыстардың аяқталу дәрежесін көрсетпейтін жағдайларды қоспағанда, шарт бойынша шығындардың жалпы есепті сомасында анықталады. Орындалған жұмыстардың көлемдері, кінәрат-талаптар және көтермелеу төлемдері бойынша ауытқулар олар сенімді бағалана алатын және оларды алу мүмкіндігі жоғары деп есептелетін дәрежеде ескеріледі.

Егер құрылысқа арналған шарттардың қаржы нәтижесі сенімді есептелмесе, шарт бойынша табыс тек өтелуі ықтимал шарт бойынша шеккен шығын сомасында танылады. Шарт бойынша шығындар тартылған кезеңнің шығыстары ретінде танылады.

Егер шарт бойынша жиынтық шығындар шарт бойынша жиынтық табыстан асып кетсе, күтілетін залал тез арада шығыс ретінде танылуы мүмкін.

Егер шегілген шығындар қосымша танылған залалдарды шегергенде танылған пайда аралық шоттардың сомасынан асып түссе, асып түсу сомасы шарт бойынша жұмыстар үшін тапсырыс берушіге тиесілі ретінде ашылады. Ол бойынша аралық шоттар сомасы шеккен шығындар қосымша танылған шығындар шегерілген танылған пайдадан асып кететін шарттар бойынша асып кету сомасы шарт бойынша жұмыстар үшін тапсырыс берушіге тиесілі ретінде ашылады. Шарт бойынша жұмыстар орындалғанға дейін тапсырыс берушіден алынған сома қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндеттеме, алынған аванстар ретінде ашылады. Орындалған, бірақ төленбеген жұмыс үшін ұсынылған шоттардың сомалары қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте дебиторлық және өзге берешек ретінде ашылады.

Қарыздар бойынша шығындар

Активтерді сатып алумен, жасаумен немесе құрумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар, оларды жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін едәуір уақыт қажет, жоспарланған пайдалану мен сатуға дайын болғанға дейін осындай активтердің құнына қосылады.

Жіктелетін активтерді сатып алуға жұмсаған сәтке дейін алынған қарыз қаражатты уақытша инвестициялау нәтижесінде алынған табыс қарыз қаражатын тартуға жұмсалған шығыстардан алып тасталады.

Қарыздар бойынша барлық басқа шығындар пайда болуына қарай пайда мен залалда көрсетіледі.

Зейнетақы міндеттемелері

Топ зейнетақы қорына аударымдар ретінде қызметкерлердің жалақысынан 10% көлемінде төлем жасайды, бірақ айына 171,443 теңгеден көп емес (2015 ж.: 160,230 теңгеден көп емес). Зейнетақы қорына төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталады және жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептегі жалақы және аударым бойынша жалпы шығыстарға қосылады.

Салық салу

Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салық сомасын білдіреді.

Ағымдағы салық

Ағымдағы салықтың сомасы бір жыл ішіндегі салық салынатын пайданың мөлшеріне сүйене отырып белгіленеді. Салық салынатын пайда жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген пайдадан, салық салуға немесе басқа жылдары салық салу мақсатында шегеруге жататын табыс немесе шығыс баптарына байланысты ерекшеленеді, сондай-ақ жалпы салық салу мақсаты үшін салық салуға немесе шегеруге жатпайтын баптарды жояды. Пайдаға ағымдағы салық бойынша міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген салық салу мөлшерлемесін пайдалана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын салық есебінің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмаға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық



міндеттемелері, әдетте, барлық салық салынатын уақытша айырмаларды есепке ала отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері барлық азайтылатын уақытша айырмашылықтарды есепке ала отырып осы уақытша айырмашылықтарды пайдалану үшін болашақта салық салынатын баланстық табыс болуының жоғары ықтималдығы жағдайында көрсетіледі. Салықтық активтер мен міндеттемелер егер уақытша айырмашылықтар гудвилмен байланысты болса немесе басқа активтер мен міндеттемелерді салық салынатын да, бухгалтерлік те пайдаға әсер етпейтін мәмілелер (бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерден басқа) шеңберінде алғашқы мойындау нәтижесінде пайда болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері Топтың уақытша айырмаларды қалпына келтіру мерзімін бақылай алатын мүмкіндігі болған және көз жетерлік болашақта осы айырма қайтарылмайды деген жоғары мүмкіндігі болған жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, тәуелді кәсіпорындарға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысты салық салынатын уақытша айырмаларды ескере отырып көрсетіледі. Еншілес кәсіпорындар, тәуелді кәсіпорындар және бірлескен қызметтер бойынша кейінге қалдырылған салық активтері шегеріліп тасталатын уақытша айырмаларды пайдалануға жеткілікті салық салынатын пайданы болашақта алуға мүмкіндік жоғары болған жағдайда және көз жетерлік болашақта олардың пайдаланылуын күту кезінде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және болашақта салық салынатын пайданың осы активтерді толық немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті болуы ықтималдығы тым жоғары болып табылмаса азайтылады.

Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген салық салу мөлшерлемесін (сондай-ақ салық заңнамасының ережесін) пайдалана отырып есептеледі және болжалғандай салық активін іске асыру немесе міндеттеменің өтелу мерзімінде қолданылатын болады. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін бағалау Топтың (есепті күннің жағдайы бойынша) активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының орнын толтыру немесе өтеу тәсілдеріне қатысты салық салдарын көрсетеді.

Жыл іші ағымдағы және кейінге қалдырылған салық

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар, оның басқа да жиынтық табыс немесе меншікті капиталының құрамына тікелей қатысты баптарға жататын жағдайлардан басқа, есепке алмағанда, пайдалар мен залалдарда мойындалады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар басқа да жиынтық табыста немесе тиісінше тікелей капиталда мойындалады. Ағымдағы немесе кейінге қалдырылған салықтар бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелерді бастапқы есепке алу нәтижесінде пайда болған жағдайда, салықтық әсері осы мәмілелерді есепке алу кезінде көрініс табады.

Резервтер

Болашақ шығыстардың резервтері Топта өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған міндеттемелер (заңды немесе іскерлік айналым нормаларымен байланысты) және бұл міндеттемелерді Топтың өтеуінің жоғары мүмкіндігі болса және мұндай міндеттемелердің көлемі бағаланса есепте көрсетіледі.

Есепте көрсетілетін алдағы шығыстар резервінің көлемі осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып, міндеттерді өтеуге қажетті, есепті күнге белгіленген соманы ең жақсы бағалауды білдіреді. Егер алдағы шығыстардың резервінің көлемі міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағымының негізінде есептелсе, онда алдағы шығыстардың резерві осындай ақша ағымының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт ішінде ақша құнының әсері маңызды болса).

Егер міндеттемелерді өтеуге қажетті төлемді үшінші тарап толық немесе ішінара төлесе, өтелім алынатын және осы дебиторлық берешектің сомасын сенімді бағалау үшін мүмкіндік барына толық сенімділік болған жағдайда тиісті дебиторлық берешек актив ретінде көрсетіледі.

4. МАҢЫЗДЫ ЖОРАМАЛДАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ КӨЗДЕРІ

ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау активтер мен міндеттемелердің есептелген сомасына әсер ететін және шоғырландырылған қаржылық есептілікке қол қойған күніне әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты ашу және есепті мерзім ішінде табыстар мен шығыстардың есептелген сомасы, Топ басшылығының пікір дайындауын және субъективті бағалау мен жорамалдарды пайдалануды көздейді. Бұл бағалар тарихи білімге және басқа да елеулі факторларға негізделетініне қарамастан, оқиғалар немесе іс-әрекеттер нақты нәтижелері бағалаудан ерекшеленетіндей түрде қалыптасуы мүмкін.

Келесі қаржы жылында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын материалдық түзетуде елеулі тәуекелдер болатын есепті күнге белгісіздікті бағалаудың болашақтағы және басқа да негізгі дереккөздер бойынша негізгі жорамалдар төменде талқыланады:

«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС бірлескен кәсіпорындар ретінде жіктеу

«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС бірлескен қызметті оның қатысушыларынан бөлуді болжайтын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болып табылады. Бірлескен қызмет қатысушыларының активтерге құқықтары бар екендігін және бірлескен қызмет міндеттемелері бойынша міндетті болатынын көрсететін өзге деректер мен мән-жайлар белгіленбеген. Демек, бұл бірлескен іс-шараларға инвестициялар бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар ретінде жіктелген (8 Ескерту).

Белгісіздікті бағалаудың шешуші көздері

Төменде болашаққа қатысты және басқа негізгі белгісіздіктің көздерін есепті кезеңнің соңында бағалаудағы негізгі жорамалар көрсетілген, бұлардың келесі қаржы жыл ішінде активтермен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетулерге алып келуі неғұрлым ықтимал.

Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімдері

Топ жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімін әр жылдық есептік кезеңнің соңында қарастырады. Активтің пайдалы қолдану мерзімін бағалау мынадай факторларға байланысты: экономикалық пайдалану, жөндеу мен қызмет көрсету бағдарламалары, технологиялық жақсарту мен басқа да іскерлік жағдайлар. Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін басшылықтың бағалауы осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі күні бар тиісті ақпаратты көрсетеді.



Активтердің құнсыздануы

2016 ж. 31 желтоқсанына Компания ХҚЕС 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес барлық ұзақ мерзімді активтерге құнсыздану индикаторына сәйкес бағалау жүргізді, операциялық шығындарға байланысты «Семей инжиниринг» АҚ, «Қазақстан авиациялық индустриясы» ЖШС, «Семей машина құрастыру зауыты» АҚ, «С. М. Киров атындағы машина құрастыру зауыты» АҚ-да құнсыздану индикаторлары орын алды. Құнсыздану индикаторының талдауының негізінде Топпен Басшылықтың үздік бағалауы жүргізілген құнсыздануға тексеру жүргізілді. Жүргізілген тексерудің нәтижесінде құнсыздану анықталған жоқ.

Салық салу

Түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым анық жазылмайды және оларды түсіндіру жергілікті салық инспекторлары мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пікіріне байланысты. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасында пікір алшақтығы жағдайлары сирек кездеспейді. Қазақстандық заңдарды, қаулылар мен стандарттарды мәлімделген және анықталған бұзушылықтарға қатысты айыппұлдар мен өсімпұлдар есептеу режимі айтарлықтай қатаң. Бұл ретте, салық органдары қосымша салықты есептеген кезде, бар айыппұл мен өсімпұлдың көлемі айтарлықтай мөлшерде белгіленген; айппұл мөлшері қайта салынған салық сомасынан 50% құрайды және өсімпұлдың мөлшері уақытында төленбеген салық сомасынан 13.75% құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар қайта саналған салықтың сомасынан асып түсуі мүмкін.

Топ басшылығы, топ барлық қолданылатын салықтарды төледі немесе есептеді деп санайды. Белгісіз жағдайда Топ салық міндеттемелерін басшылықтың негізділенген бағалауы негізінде есептеді. Топ саясаты резервті есепті кезең ішінде, шығындардың пайда болуы ықтималдығы орын алғанда, олардың сомасын жеткілікті дәрежеде дәлділікпен анықтауға болғанда, қалыптастыруды болжайды.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән екіұштылыққа байланысты салықтардың, айыппұл санкциясының және өсімпұлдың әлеуетті сомасы, қазіргі кезеңдегі шығыстарға жатқызылған және 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Іс жүзінде егер осындайлар орын алса, немесе кез келген жағымсыз нәтиженің мүмкіндігі пайда болатын қойылмаған талаптардың сомасын анықтау мүмкін емес.

5. СЕГМЕНТТІ АҚПАРАТ

Сегменттер бойынша ресурстарды бөлу және нәтижелерді бағалау мақсатында операциялық қызмет бойынша шешім қабылдауға жауапты Топ басшылығына ұсынылатын ақпарат арнайы өніммен және қосарлас мақсаттағы өніммен, азаматтық мақсаттағы өніммен операцияларға және сервистік қызметтерге (инжиниринг) қатысты сатылатын тауарлар мен көрсетілетін қызмет түрлеріне қатысты. Топтың есепті сегменттерін алу үшін сандық шектен жеке аспайтын өзге өнімдер мен қызметтерді қоспағанда, оның ешқандай операциялық сегменттерінен біріктірілген жоқ.

Атап айтқанда, Топтың есепті сегменттері былайша ұсынылды:

- Мамандандырылған өнім және қосарлас мақсаттағы өнім;
- Азаматтық мақсаттағы өнім;
- Сервистік қызметтер (инжиниринг).

Есепті сегменттердің есеп саясатының қағидаттары 3 Ескертуде сипатталған және Топтың есеп саясатының қағидаттарынан ерекшеленбейді. Топ басшылығы сегменттер бойынша тек тауарлар мен қызметтерді өткізуден түскен табыстарды талдайды. Бұл көрсеткіш сегменттер бойынша ресурстарды бөлу және нәтижелерді бағалау мақсатында операциялық қызмет бойынша шешім қабылдауға жауапты басшылыққа ұсынылады.

Сегменттер бойынша жалғасушы қызмет туралы Топ табыстарын талдау былайша ұсынылған:

	2016 ж.	2015 ж.
Мамандандырылған өнім және екіұшты мақсаттағы өнім	37,733,536	44,948,653
Сервистік қызметтер (инжиниринг)	26,667,843	10,376,654
Азаматтық мақсаттағы өнім	<u>6,929,854</u>	<u>8,191,191</u>
	<u>71,331,233</u>	<u>63,516,498</u>



Топ қызметін Қазақстанда жүргізеді.

Ішкі – сегменттік табыс 2016 ж. 13,010,973 мың теңге (2015 ж.: 10,680,605 мың теңге) құрады.

Өнім мен көрсетілетін қызметтің негізгі түрлері бойынша жалғасушы қызмет туралы Топ табыстарын талдау былайша ұсынылған:

	2016 ж.	2015 ж.
Мамандандырылған өнім және қосарлас мақсаттағы өнім	37,733,536	44,948,653
Сервистік қызметтер (инжиниринг)	26,667,843	10,376,654
Азаматтық мақсаттағы өнім:		
- Мұнай-газ жабдығы	4,577,992	5,417,822
- Теміржол жабдығы	368,545	825,325
- Өзге де тауарлар	<u>1,983,317</u>	<u>1,948,044</u>
	<u>71,331,233</u>	<u>63,516,498</u>

Мамандандырылған өнім және қосарлас мақсаттағы өнім негізінен кемелермен, теңіз және өзен кемелерімен, ұшақтарға арналған қосалқы бөлшектермен және жабдықтармен, тікұшақтармен және оларға қосалқы бөлшектермен және өзге де жабдықтармен ұсынылған.

Сервистік қызметтер (инжиниринг) негізінен кемелерді, машиналар мен жабдықтарды және мамандандырылған техниканы күрделі жөндеумен, техникалық қызмет көрсетумен және жаңғыртумен ұсынылған.

Өзге де тауарлар негізінен сандық және хабар тарату жабдығымен, компьютерлік техникамен, ауыл шаруашылығы техникаларына арналған қосалқы бөлшектермен және халық қолданатын өзге де тауарлармен ұсынылған.

2016 ж. мамандандырылған өнім негізінен сервистік қызметтерді қоса алғанда, 59,105,312 мың теңгеде министрліктер мен ведомстволарға сатылды (2015 ж.: 51,498,039 мың теңге); мұнай-газ жабдығы негізінен 2,769,177 мың теңге сомасында «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-қа сатылды (2015 ж.: 3,609,752 мың теңге); теміржол жабдығы негізінен 1,301,906 мың теңге сомасында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-қа сатылды (2015 ж.: 1,633,259 мың теңге) (31 Ескерту).

Елдер бойынша сыртқы сатып алушыларға сату бойынша жалғасушы қызмет туралы Топ табыстары төменде келтірілген:

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Қазақстан	31 желтоқсан	61,419,946
ТМД елдері	3,809,107	2,096,552
	<u>71,331,233</u>	<u>63,516,498</u>

6. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машина-лар, жабдықтар мен көлік құралдары	Өзге де активтер	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Алғашқы немесе бастапқы құны:						
2015 ж. 1 қаңтарына	198,192	8,217,160	9,500,788	1,031,240	2,099,604	21,046,984
Түсімдер	323,128	131,577	257,664	67,861	4,821,586	5,601,816
Ішкі орын ауыстырулар	202	235,705	463,997	36,687	(736,591)	-
Істен шығу	<u>(1,727)</u>	<u>(8,842)</u>	<u>(102,448)</u>	<u>(11,065)</u>	-	<u>(124,082)</u>
2015 ж. 31 желтоқсанына	519,795	8,575,600	10,120,001	1,124,723	6,184,599	26,524,718
Түсімдер	-	36,044	173,140	32,031	4,102,331	4,343,546
Тауарлы-материалдық қорларға аударым	(38,649)	7,763,211	1,805,328	204,590	(9,734,480)	-
Тауарлы-материалдық қордан аударым	-	-	(286)	(220)	(7,290)	(7,796)
Материалдық емес активтерге аударым	-	231	57,714	2,432	<u>346,183</u>	406,560
Ішкі орын ауыстырулар	-	-	-	-	(44,732)	(44,732)
Істен шығу	-	<u>(58,607)</u>	<u>(71,009)</u>	<u>(7,623)</u>	-	<u>(137,239)</u>
2015 ж. 31 желтоқсанына	481,146	16,316,479	12,084,888	1,355,933	846,611	31,085,057
Жинақталған тозу және құнсыздану:						
2015 ж. 1 қаңтарына	-	(1,407,035)	(3,940,058)	(423,280)	-	(5,770,373)
Жыл іші есептелген тозу	-	(218,477)	(728,790)	(128,897)	-	(1,076,164)
Істен шығу	-	<u>4,384</u>	<u>63,765</u>	<u>10,226</u>	-	<u>78,375</u>
2015 ж. 31 желтоқсанына	-	(1,621,128)	(4,605,083)	(541,951)	-	(6,768,162)
Жыл іші есептелген тозу	-	(250,876)	(764,675)	(126,921)	-	(1,142,472)
Істен шығу	-	<u>11,336</u>	<u>63,258</u>	<u>6,673</u>	-	<u>81,267</u>
2016 жылғы 31 желтоқсанына	-	<u>(1,860,668)</u>	<u>(5,306,500)</u>	<u>(662,199)</u>	-	<u>(7,829,367)</u>
Баланстық құн:						
2016 ж. 31 желтоқсанына	<u>481,146</u>	<u>14,455,811</u>	<u>6,778,388</u>	<u>693,734</u>	<u>846,611</u>	<u>23,255,690</u>
2015 ж. 31 желтоқсанына	<u>519,795</u>	<u>6,954,472</u>	<u>5,514,918</u>	<u>582,772</u>	<u>6,184,599</u>	<u>19,756,556</u>



2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс еншілес ұйым «Семей машина құрастыру зауыты» АҚ МАЗ құрама өндірістік автотехникасын жасау 633,273 мың теңге (2015 ж. 31 желтоқсан: 556,964 мың теңге) құрады.

«Астана қ. Авиатехникалық орталық» жобасы 2016 ж. 15 қыркүйегінде пайдалануға 8,750,651 мың теңгеге енді, оның ішінде:

- Ғимараттар мен құрылыстар 7,430,929 мың теңге;
- Машиналар мен жабдықтар 1,116,108 мың теңге;
- Басқа да активтер 203,614 мың теңге;

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 194,849 мың теңге жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтар қаржылық жалгерлік және банктік кепілдігін қамтамасыз ету ретінде кепілде болды (2015 ж. 31 желтоқсанда: 477,809 мың теңге).

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалгерлік бойынша алынған жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың баланстық құны 992,679 мың теңгені құрады (2015 ж. 31 желтоқсанда: 1,142,756 мың теңге). Бұл жабдықтар қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелерді кепілдік қамтамасыз ету ретінде болады.

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық тозған жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың құны тиісінше 1,223,946 мың теңгені және 1,032,866 мың теңгені құрады.

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша уақытша тұрып қалған жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтардың баланстық құны 269,484 мың теңгені құрады (2015 ж. 31 желтоқсанда: 315,348 мың теңге).

7. ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР

Атауы	Қызмет сипаты	Елі	Дауыс акцияларының пайызы	
			2016 ж. 31 жел-тоқсан	2015 ж. 31 жел-тоқсан
«811 КИ авто жөндеу зауыты» АҚ	Қорғаныс-өнеркәсіп кешені («ҚӨК») техникаларына, күш беретін тораптары мен агрегаттарына жөндеу жұмыстарын жүргізу, жабдықтарды жаңғырту	Қазақстан	100%	100%
«832 КИ авто жөндеу зауыты» АҚ	Автомобиль техникасына жөндеу жұмыстарын жүргізу	Қазақстан	100%	100%
«Киров атындағы зауыт» АҚ	Теміржол кешеніне арналған навигациялық жүйелер, радиостанциялар, басқару пульттері; мұнай-газ кешеніне арналған басқару блоктары мен автоматтандырылған құрылғылар	Қазақстан	100%	100%
«Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	Теңіз суасты қаруы және теңіз кемелері үшін жану гидравликасы мен автоматикасы бұйымдары; өндіруші өнеркәсіпке арналған пневмоперфораторлар; теміржол кешеніне қосалқы бөлшектер	Қазақстан	98%	98%
«Мұнаймаш» АҚ	Мұнай-газ секторына ұңғыма штангалы сорғылар, ХТТ	Қазақстан	52%	52%
«Гидроаспап ФЗИ» АҚ	Конструкторлық және зерттеу жұмыстары, сондай-ақ теңіз, өзен катерлерін, корабльдерін, кемелерін және басқа да жүзу құралдары мен суасты аппараттарын, жер үсті және әуе роботтарын және катерлерді, суастын зерттеуге арналған жабдықтарды, құбыржолдарын, бұрғылау мұнараларын, суасты объектілерін жөндеу	Қазақстан	90%	90%
«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ	«Таза су» су тазалау құрылғысы; темір жолға арналған бөлшектер мен тораптар; цифрлық АТС және құрамдас бөліктері, телефон аппараттары; ХТТ	Қазақстан	99%	99%
«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	Мұнай кәсіптері үшін арнайы техника, қысыммен істейтін ыдыстар, темір жолдарды жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған құралдар, жылжымалы құрам бөлшектері, ҚӨК өнімін өндіру және өткізу, мамандандырылған техниканың осы заманғы үлгілерін жасау және жаңғырту	Қазақстан	100%	100%
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	Шынжыр табанды транспортерлер-тартқыштар, жүк вагондар үшін люк қақпақтары, инженерлік техникаларды жөндеу	Қазақстан	100%	100%
«Тыныс» АҚ	Мед. техника, газсығымдағыш арматура, авиа. бұйымдар, ПЕТ құбырлары, өрт сөндіру құралдары	Қазақстан	99%	99%
«Зенит» Орал зауыты» АҚ	ҚР ӘТК арналған катерлер мен корабльдер; мұнай-газ кешені үшін болат конструкцияларды, қосалқы бөлшектерді жобалау және жасау	Қазақстан	99%	99%
АО «Уральский завод Зенит»	Катера и корабли для ВМС РК; проектирование и изготовление стальных конструкций, запчастей для нефтегазового комплекса	Қазақстан	95%	95%
«ҚазИнж Электроникс» АҚ	Радиоэлектроника саласында ғылыми зерттеулер мен жұмыстар, автоматтандырылған басқару жүйелерін құру, бағдарламалар мен технологияларды әзірлеу және енгізу	Қазақстан	100%	100%
«R&D center Казахстан Инжиниринг» ЖШС (бұрынғы АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС)	ҚӨК кәсіпорындары үшін жаңа мамандандырылған өнім түрлерін әзірлеу және игеру	Қазақстан	100%	100%
«Қазақстандық авиация индустриясы» ЖШС	Авиациялық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету	Қазақстан	100%	100%
«СП «Қорғау Инжиниринг» ЖШС	Адам денесіне тыныс алуға жеке қорғану құралдарын өндіру және жеткізу	Қазақстан	100%	100%



«Мұнаймаш» АҚ елеулі бақыланбайтын иелену үлесі бар еншілес кәсіпорын болып табылады. Қалған еншілес кәсіпорындардағы бақыланбайтын иелену үлестері артықшылық берілген акциялармен ұсынылған.

Елеулі бақыланбайтын үлестері бар толық емес меншіктегі еншілес кәсіпорындар төмендегі кестеде көрсетілген:

Еншілес ұйым	Бақыланбайтын үлестердің қатысу үлестері		Бақыланбайтын үлеске жатқызылған пайда		Бақыланбайтын үлестердің баланстық құны	
	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
«Мұнаймаш» АҚ	48%	48%	61,422	71,069	510,302	498,349

Топ басшылығы жеке біржақты тәртіпте «Мұнаймаш» АҚ-ның маңызды қызметін практикалық басқару мүмкіндігі болу негізінде Топта бақылаудың барын бағалады. Пайымдау жасау кезінде, басшылық Топтың «Мұнаймаш» АҚ-дағы абсолюттік үлесін, сондай-ақ салыстырмалы үлесін және басқа акционерлер арасында акцияларды бөлу есепке алынды. Бағалау нәтижелері бойынша, Басшылық Топтың дауыс беретін акцияларының пайыздық үлесі басқа акционерлерден астам және «Мұнаймаш» АҚ маңызды қызметтің басқаруға мүмкіндік береді деген қорытындыға келді, сондықтан, Топ «Мұнаймаш» АҚ-ын бақылайды.

Елеулі бақыланбайтын үлестері бар «Мұнаймаш» АҚ қатысты қорытынды қаржы ақпараты төменде көрсетілген. Қорытынды ақпарат Топ ішінде мәмілелер жойылғанға дейін ұсынылған.

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Ағымдағы активтер	1,435,520	1,130,586
Ұзақ мерзімді активтер	1,003,043	1,287,790
Ағымдағы міндеттемелер	(769,865)	(735,861)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	<u>(605,568)</u>	<u>(643,856)</u>
Бас ұйымның Акционеріне қатысты меншікті капиталы	552,828	540,3
Бақыланбайтын үлестер	510,302	498,349
	2016 ж.	2015 ж.
Табыстар	2,364,079	2,351,261
Шығыстар	<u>(2,236,011)</u>	<u>(2,203,077)</u>
Жыл іші пайда және жиынтық табыс жиыны	<u>128,068</u>	<u>148,184</u>
Мыналарға жататындары:		
